В дальнейшем, Я.И. Гилинский, П.И. Юнацкевич интерпретировали суицид как социальный феномен и предложили комплекс методов и структурированный алгоритм работы. Данные авторы предлагают использовать ряд опросников нервно-психической устойчивости, патохарактерологический опросник А.Е. Личко, карту риска суицидальности[10].

Н.В. Конончук выделила общие особенности психологического смысла суицида, это:

- отсутствие истинного желания умереть;
- неумение лексически точно сформулировать свои переживания;
- сложная структура суицидального поведения [11].

Х.Т. Шеръязданова и Ш.С. Марданова в своём исследовании приводят результаты проведённого опроса студентов Казахского государственного женского педагогического университета, в котором приняли участие 67 студентов-девушек 1-4 курсов. Респондентам предлагалось ответить на два вопроса:

1. Какие психологические проблемы вы считаете наиболее актуальными для современной молодёжи?

2. С какой психологической проблемой вы сами обратились бы к психологу?

Наиболее значимыми психологическими проблемами молодых людей, по мнению участников опроса, являются следующие:

- проблема суицида – 87,0% респондентов;
- проблема интернет-зависимости – 67,0% респондентов;
- стресс (особенно экзаменационный) – 46% респондентов;
- алкоголизм, наркомания – 31,0% респондентов;

- депрессия – 17,0% респондентов;
- проблема одиночества – 17% респондентов.

Ответы респондентов на второй вопрос представляют собой более пёструю картину. 21,0% респондентов ответили, что не имеют психологических проблем и не нуждаются в психологической помощи. Перечень психологических проблем, с которым бы обратились 79,0% участников опроса к психологу, оказался более разнообразным. Все множество представленных ответов можно выделить в *три группы*: личностные, социально-психологические и семейные проблемы.

1. Личностные проблемы:

- проблема неуверенности;
- низкая самооценка;
- неприятие своего внешнего облика (фигуры, лицо и т.д.);
- недовольство уровнем развития определённых видов способностей;
- неумение организовать своё время;
- неумение справиться с собственной агрессивностью, злостью, раздражительностью;
- проблема профессионального самоопределения (разочарование в выбранной профессии).

2. Социально-психологические проблемы:

- проблема взаимоотношений с однокурсниками и друзьями;
- страх публичных выступлений;
- неумение разрешать конфликтные ситуации;
- разрыв отношений с любимым человеком;
- потеря любимого человека;
- отсутствие взаимоотношения с противоположным полом;
- неумение общаться с взрослыми людьми;
- проблема одиночества;
- проблема взаимоотношений с преподавателями.

2. Семейные проблемы:

- переживание по поводу конфликтов родителей;
  - недовольство взаимоотношениями с родителями;
  - конфликтные и конкурентные взаимоотношения с братьями и сёстрами
- недовольство взаимоотношениями с близкими людьми (тётями и дядями и др.), с которыми студенты проживают в период учёбы [12].

В данном материале нас заинтересовал большой процент суицидов (87,0%) у респондентов. По результатам данного

исследования, проведённого со старшими подростками (начало юности – студенты 1-2 курсов) показали, что чувствуют себя настолько несчастными, плачут и хотят бросить всех и вся. Большинство считают, что люди смотрят на них, говорят о них, смеются над ними, многим приходит в голову идеи о самоубийстве. Школьные фобии проявляются в изменённой форме. Девушки становятся застенчивыми, придают большее значение недостаткам своей внешности и поведения, что приводит к нежеланию встречаться с некоторыми людьми, тревожность парализует социальную жизнь настолько, что девушки отказываются от большинства форм групповой активности. Понятно, что выделенные три группы проблем, выявленных в опросе Ш.С. Мардановой, достаточно условно, и одна проблема может быть тесно связана с другой или с другими. Все эти проблемы связаны с изменением ценностно-смысловой самореализации поведения, которое Э. Эриксон обозначил кризисом идентичности

Таким образом, психологический анализ суицида подводит к выводу, что в основе проблемы суицида лежит внутриличностный конфликт, причинность которого кроется в различных факторах социально-психологического характера. Исследования указывают на субъективное восприятие психотравмирующей ситуации, выделяют личностные особенности суицидентов, свидетельствующие о тенденции возникновения депрессивного поведения, ведущей при острых аффективных и патохарактерологических реакциях к психопатии.

#### Список литературы

- 1 Предотвращение самоубийств (SUPRE) [Электронный ресурс]: [http://www.who.int/mental\\_health/prevention/suicide/suicideprevent/ru](http://www.who.int/mental_health/prevention/suicide/suicideprevent/ru).
- 2 Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков [Текст] / Акад. пед. наук РСФСР; Под ред. Д. Б. Эльконина и Т. В. Драгуновой. - Москва: Просвещение, 1967. - 360 с.
- 3 З.Фрейд. Введение в психоанализ. Лекции 1-15.СПб., Алетейя СПб, 1999. -340 с.
- 4 Берн Э. Игры, в которые играют люди. Люди, которые играют в игры. Москва: Прогресс, 1988.- 280 с.
- 5 Берн Э. Идентичность: юность и кризис ./пер. с англ.;общ.ред и предисл. А.В. Толстых.-М.: Прогресс,1996. - 344с.
- 6 Дюргейм Э. *Самоубийство: Социологический этюд*/Пер, с фр. с сокр.; Под ред. В. А. Базарова. - М.: Мысль, 1994.- 399 с.
- 7 Роджерс К. Консультирование и психотерапия. Новейшие подходы в психологической практике. Издательство Института психотерапии, 2006. - 512 с.
- 8 Шнейдеман С.Э. Душа самоубийцы. М.: Смысл.2001. - 300с.
- 9 Амбрумова А.Г. *Предупреждение самоубийства.* - М.: Просвещение, 1980. – 137 с.

10 Гилинский Я.И, Румянцева Г. Основные тенденции динамики самоубийств в России: опубликована на сайте Нарком.ру по адресу: <http://www.narcom.ru/ideas/socio/28.html#3>

11 Конончук Н.В. О психологическом смысле суицидов // Психологический журнал. – 1989. - том 10. - №5 – С. 37-48.

12 Шеръязданова Х.Т, Марданова Ш.С.Актуальные психологические проблемы студенческой молодежи. Вестник интегративной психологии Ярославль, 2017. - С. 94-98

### Түйін

Макалада жастар арасындағы өз-өзіне кол жұмсау қауіп-катель факторының алдын алу қағидаларын әзірлеуге негіз болатын, жеткіншектік және жасөспірімдік кезеңдегі суидцидтік мінезд-құлықтың қалыптасу зандалықтарына талдау жасалынған.

### Resume

The article is devoted to the analysis of the study of laws of the formation of suicidal behavior in the specifics adolescent and youth ages , where the identification of the major risk factors allows to develop the principles of prevention of suicide among young people.

**КОНФЛИКТОЛОГИЯ КАК НАУКА В ПРАКТИКЕ  
ПОДГОТОВКИ МЕДИАТОРОВ КАК СПЕЦИАЛИСТОВ  
ВЫСШЕГО ЗВЕНА**

**А.К. БАЙЗДРАХМАНОВА**

кандидат психологических наук

**Т.Е. БЕРСУГИРОВА**

магистр психологии,

Казахский государственный

женский педагогический университет

**Аннотация**

В статье рассматриваются проблемы конфликтологического знания в подготовке психологов – медиаторов в сфере образования.

*Ключевые слова:* конфликт, медиация, конфликтологическое образование, эффективность образовательной программы, способы разрешения конфликта, методы разрешения конфликтных ситуаций в современном образовательном пространстве.

Проблема содержания профессиональной подготовки современного специалиста всегда носила актуальный характер, так как стремительное развитие общества выдвигает новые требования к работникам, к их профессиональной подготовке. Необходимость развития подготовки кадров, адаптированных к глобальной конкуренции в сфере знания, выдвинута в программной статье Президента Казахстана «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [1].

Профессиональная подготовка специалиста рассматривается как процесс, который характеризуется целостностью, дифференциированностью, логичностью. Цели подготовки определяются квалификационными характеристиками, в которых выделены требования к профессиональным качествам. В современном мире фокус подготовки смещается в сторону персональных способов адаптации, развития способности самостоятельного приобретения знаний, поэтому вариативная часть профессиональной подготовки должна основываться отбором содержания, логичностью учебного процесса, методическим обеспечением.

На современном этапе развития и модернизации высшего педагогического образования следует обратить внимание на

эффективность конфликтологии в образовании. В широком смысле эффективность понимается как результат какого-либо действия или деятельности. Результатом внедрения такой дисциплины как «Конфликтология» стали не только знания и умения в теоретическом применении, но оказание помощи и поддержки, от чего зависит социальное благополучие населения. Эффективность можно рассматривать с точки зрения фактически достигнутых результатов и как соотношение между достигнутыми результатами и затратами, связанными с обеспечением этих результатов. Эффективность учебных дисциплин рассматривается как максимально возможное в данных условиях достижение целей по удовлетворению потребностей при оптимальных затратах.

Выделяют различные виды эффективности:

- экономическая эффективность (подразумевает сопоставление результатов и затрат в денежном выражении);
- организационная эффективность (включает оценку управления персоналом, финансами, материальными ресурсами);
- социальная эффективность (имеет не только количественную, но более весомую качественную составляющую, характеризующую степень приближения полученного результата к заданной цели развития) [2].

В отличие от экономической эффективности (которая калькулируемая), социальная эффективность подчеркивает субъективную составляющую. В расчете этого вида эффективности лежит социальный эффект, который представляет собой поддающая оценке конкретное социальное благо, адресованное определенной личности, социальной группе. В качестве целей работы с отдельным клиентом могут быть такие цели, как усиление степени самостоятельности клиента; активизация его внутренних ресурсов; адаптация в социуме; различные формы реабилитации и коррекции поведения; удовлетворение базовых социальных потребностей и др. [3].

Значимость конфликтологии в разрешении межэтнических конфликтов в Республике Казахстан показана событиями, прошедшими в разные годы:

- «Целиноградские события 1979 года».
- Декабрьские события в Алма-Ате 1986.
- Антиавказский конфликт в Новом Узене 1989. Летом 1989 г.
- Столкновения в Усть-Каменогорске (1992).
- 20 августа 2006 г. произошли антиавказские выступления казахского населения в прикаспийском городе Актау.

- В октябре 2006 г. произошел межэтнический конфликт на месторождении «Тенгиз».
- Казахско-уйгурский конфликт в Чилике (2006).
- В марте 2007 г. произошел казахско-чеченский конфликт в Алматинской области.
- В октябре-ноябре 2007 г. произошел антикурдский конфликт в Южно-Казахстанской области.

Поэтому проблемы конфликтологии должны быть рассмотрены в тематике учебных дисциплин, так как современная конфликтология:

- учит распознавать природу конфликтов, их причины и мотивы;
- учит определять формы конфликтов и выбор путей их разрешения;
- учит управлять конфликтами;
- учит разрешать конфликты; [2].

В учебные программы образовательной подготовки по специальностям 5B050300-Психология и 5B010300-Педагогика и психология как самостоятельная учебная дисциплина «Конфликтология» была внедрена 2002 году. В настоящее время тематика конфликтологических тем нашла воплощение в структуре учебных дисциплин как «Психология общения», «Семейная психотерапия», «Основы психотерапевтических техник», «Социальная психология», «Девиантология», «Психологическая служба в закрытых учреждениях». [2].

В учебных дисциплинах «Психология общения», «Семейная психотерапия», «Основы психотерапевтических техник» мы целенаправленно обращаем внимание на стадии социального конфликта. Стадии социального конфликта:

- предконфликтная: осознание существующего напряжения, желание его преодолеть, выяснить причины конфликта, оценить свои возможности, выбрать способ воздействия на противника
- активная стадия: недоверие и отсутствие уважения к противнику, согласие невозможно. Открытые и скрытые действия соперников, направленных на изменение поведения
- разрешение конфликта: завершение инцидента, устранение причин конфликта
- постконфликтная стадия: интеграция или дезинтеграция [3].

Важное значение курса конфликтологии имеет место в разрешении семейных конфликтов. Проблема семьи в целом как никогда раньше приобретает особую актуальность и значимость

вследствие общей нестабильности в обществе и в мире. Только опираясь на психологически благополучную семью, можно решить серьезные проблемы, такие как воспитание будущего поколения, передача культурного и духовного наследия. Семья, являясь психологической системой, выступает как подсистема «общество», была и остается главным источником социального и экономического благополучия общества, ибо она воспроизводит главное богатство – человека [5].

В единой психологической системе «общество-семья-личность» семья предстает как посредник между обществом и человеком как личностью, выполняя важнейшие функции по формированию общественно значимых ценностей, морально-нравственных норм поведения. Работа с семьями проводится как форма «терапии», которая предусматривает диагностику семей, при выявлении дисфункциональности семей проводят социально-психологическое консультирование для устранения взаимного непонимания и выработки доброжелательных отношений. Конфликтность снижается методами разрешения семейных конфликтов [6].

Во всем мире медиация является одной из самых популярных форм урегулирования конфликтов и споров. Как модель решения конфликта медиация имеет богатую историческую традицию. Подобную практику имели древние иудеи, известна она была и в Африке, Японии и Китае, США, Греции. В Казахстане в качестве посредников, разрешающих конфликты, выступал Суд Биев. Следует отметить, что процесс медиации как способ разрешения споров и урегулирования конфликтов, разрабатывался в 60-е и 70-е годы в США.

Медиация от лат. *mediatio* – посредничество. Медиация – это процесс, в котором нейтральная третья сторона, медиатор, помогает разрешить конфликт, способствуя выработке добровольного соглашения между конфликтующими сторонами. Закон «О медиации» в Республике Казахстан был принят 28 января 2011 года № 401-IV, и 5 августа 2011 года вступил в законную силу. [3].

В Казахстане насчитывается более 50 Центров Медиации и наряду с профессиональной медиацией развивается и институт непрофессиональных медиаторов. С этой целью в подготовке психологов была открыта специализация на базе Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Таким образом, знания конфликтологии позволяют:

- ✓ избегать конфликты,
- ✓ правильно относится к конфликту,

- ✓ управлять конфликтом,
- ✓ эффективно разрешать конфликт.

Менталитет граждан Казахстана, воспитанных в традициях восточного права, пока не позволяет им воспринимать всерьез медиацию, а многие до 50% не знают или просто не слышали о том, что же такое медиация. Итак, психологическое посредничество сочетает в себе различные формы работы с конфликтами, используя опыт психологов и конфликтологов.

Известный конфликтолог Н.В. Гришина утверждает, что эта одна из технологий альтернативного урегулирования споров с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в данном конфликте стороны - медиатора, который помогает сторонам выработать определенное соглашение по спору, при этом стороны полностью контролируют процесс принятия решения по урегулированию спора и условия его разрешения. Мы согласны с позицией О.В. Аллахвердовской, которая считает, что медиация как процесс переговоров с участием третьей нейтральной стороны представляет собой особый социально-психологический процесс, ведущую роль в котором играет посредник-медиатор.

Колтунов И. говорил, что медиация не может состояться и быть успешной без наличия и выполнения ряда принципов. К ним относятся: добровольность, беспристрастность и независимость медиатора, сотрудничество и равноправие сторон, конфиденциальность.

По общему правилу в основе медиации выделяют следующие этапы: 1)введение в процесс медиации (вступительное слово медиатора);

2) позиции отдельных сторон или презентация сторон (представление сторонами сути их спора, разногласий, конфликта);

3) дискуссия (определение тем для обсуждения и переговоров);

4) коучинг (индивидуальная работа медиатора с каждой из сторон);

5) дискуссия (выработка возможных предложений для урегулирования конфликта);

6) договоренность или подготовка проекта медиативного соглашения (заключение соглашения);

7) выход из медиации (завершение процесса).

Медиатор – конфликтолог Н.В. Гришина говорил, что до начала процесса медиации необходимо подписать соглашение о медиации.

Анализ причин низкой популярности метода медиации показывает, что их можно разделить на две группы: общекультурные и психолого значимые. В соответствии с этим для их устранения можно предложить две группы мер:

Первое – повышение общей культуры казахстанского населения, расширение и укрепление правовой базы, принятие пакета законов о защите посредников и их клиентов.

Второе – комплекс практических мер, включающих создание необходимых центров и учреждений, подготовку специалистов, проведение PR-мероприятий, публикаций не только в специализированных социологических и психологических изданиях, но и в журналах и газетах «семейного» или «домашнего» типа.

В заключение напомним, что конфиденциальность является одной из ключевых ценностей медиации, составляет одно из ее преимуществ по сравнению с государственным правосудием.

#### Список литературы

- 1 Назарбаев Н.А «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», 2018.- 8с.  
[http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya).
- 2 Закон Республики Казахстан «О медиации» от 28 января 2011 года № 401-IV.
- 3 Государственная программа развития образования РК на 2011–2020 гг. О процедурах медиации в Республике Казахстан. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О медиации» от 28 января 2011 года № 401-IV ЗРК. - С. 69.
- 4 Государственная программа развития образования РК на 2011–2020 гг. [Электронный ресурс] [http://www.akorda.kz/en/category/programmi\\_razvitiya](http://www.akorda.kz/en/category/programmi_razvitiya).
- 5 Аллахвердова О.Б., Медиация. Пособие для посредников, - СПб, 1999. - С.79-64
- 6 Гришина Н.В. Психология конфликта – СПб.: Питер, 2000. - С. 375.
- 7 Шеръязданова Х.Т., Дусманбетов Г.А. Казахстанский подросток: движение в зону риска. Алматы. Вестник университета «КАЙНАР». - №3. - 2001. – С. 16.

#### Түйін

Макалада білім беру аумағындағы медиатор-психологтарды даярлаудағы конфликтологиялық білімнің мәселелері қарастырылады.

#### Resume

The authors of the article considered the problems of conflictological knowledge in training of psychologists – practitioners in the field of education.

## ФИЛОЛОГИЯ

**ӘОЖ 81-2-26**

### **БАТЫРЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ТІЛДІК- БЕЙНЕЛІЛІК ҚӨРІНІСІ**

**Ж.Ә. АЙМУХАМБЕТ**

филология ғылымдарының докторы, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
**Қ.Қ. САРЕКЕНОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

#### **Аннотация**

Мақалада батырлық ертегілердің жанрлық табиғаты, сюжеттік құрылымы, мотивтері қарастырылады. Ертегілердің мифтен бастау алғатындығы, даму процесі ғылыми тұжырымдармен дәйектеліп, тілдік-бейнелілік ерекшеліктері мысалдар негізінде зерттеледі. Мифтік мотивтердің ертегілерде көркемдік қызметке ауысып, ертегі жанрына тән сипатты туыннатуы да жүйелі түрде көрсетіледі. Фольклортанушылардың енбектеріндегі батырлық ертегі, оның ертегі құрылымы, тілдік сипаты, ұлттық болмыстың салт-ғұрыптың танытуы туралы ойлары мақаладағы талдауларға негіз болады. Ертегідегі уақыт пен кеңістік, қаһарман бейнесі, оқиға өтетін орындар туралы жасалған талдаулар ұлттық код ретінде көркемдік танымда сақталып келе жатқаны туралы ой қорытылады.

*Түйін сөздер:* фольклор, миф, батырлық ертегі, сюжет, мотив, формула, ғажайып туу.

Қазақ фольклорының, оның ішінде фольклорлық прозаның ішінде өзіндік ерекше орны бар жанрдың бірі – ертегілер.

Ертегілердің әу бастағы функциясы танымдық сипаттағы мифтерде жатыр. Қоңе дүние, адамдарының «киелі әңгімелері» саналып, бойына құпия касиет жинаған мифтік баян уақыт өте келе өзінің сюжеттерін, мотивтерін ертегілерге сіңірді. «Мифтің ертегіге айналу процесі жылдам болған жоқ, ол ұзақ әрі күрделі жол, бірнеше кезенден өткен»[1, 193], – деген С. Қасқабасов тұжырымы миф пен ертегі арасындағы эволюциялық

сабактастықты айқындай түседі. Татар зерттеушісі М. Бакиров те: «Ертегілер мифологиялық ойлау мен дүниетанымның бірте-бірте әлсіреуі және жоғалған кезеңінде туындағы», – деп жазады [2, 126]. Яғни, ертегінің тұп тамыры миф екені анық. Мифті жанрлық аспектіде қарар болсақ, ол адамзат тарихының ең алғашқы дәүірінде туып, қалыптасқаны белгілі. Ал, ертегі болса қоғамдық дамудың кейінгі кезеңінде көркемдік сипат иеленген сөз өнері ретінде туындаған. Миф кейде тікелей хикаяға айналды. Онда ой, таным көркемдік сипатқа енбей, дәл сол мифтегідей ақиқат шындық түрінде айтылады. Ертегідегі «мифтік оқиға» немесе «мифтік желі» тек киял сипатында көрініп, көркемдік тұргыда түсіндіріледі. Сондықтан да ертегі тілінде мифтік ұғымға тән тіркестер поэтикалық тұрғыда түрленіп, көркемдік-бейнелілік қолданысымен ерекшеленеді.

Ертегі құрылымын, сондай-ақ қиял-ғажайып ертегілердің тарихи тамырларын зерттеген ғалым В.Я. Пропп өз зерттеуіне нысан етіп Аарне – Томпсон көрсеткішіндегі № 300-749 аралығындағы ертегілердің сюжетаралық салыстырылуын алғанын атап өтеді [3,23 ].

Батырлық ертегілердегі уақыттың өту жылдамдығы қиял-ғажайып ертегілерді еске түсіреді. «Қиял-ғажайып ертегілердің құрылымы бұл ертегілердің өзара тығыз туыстығын көрсетеді. Бұл туыстықтың тығыздығы сонша, бір сюжетті басқа сюжеттен айырмашылығын нақты көрсетуге болмайды. Бұл ары қарайғы аса маңызды бағытқа бастайды. Біріншіден: қиял-ғажайып ертегінің бірде бір сюжетті басқа сюжетсіз игерілмейді, екіншіден: бірде бір мотив оның тұтас болмысының түсініксіз болады», – деп тұжырымдайды В. Пропп [4, 6]. Бұл тұжырымды батырлық ертегілерге де қолдануға болады. Өзінің табиғаты жағынан қиял ғажайып ертегілермен және тағы бір жанр – көне эпостармен барынша жақын болып келетін батырлық ертегілерде де сюжет, мотив сияқты құрылымдық бөлшектер бір-бірінсіз қарастырылмайды. Батырлық ертегілер даму кезеңі жағынан қиял-ғажайып ертегілер мен қаһармандық эпостар аралығындағы жанр болғандықтан, қиял-ғажайып ертегілер құрылымымен барынша үндес.

Батырлық ертегі термині, С. Қасқабасовтың көрсетуінше, фольклортану ғылымында төрт түрлі ұғымды қамтиды. В. Жирмунский, Е.Н. Мелетинский, А.М. Астакова сияқты ғалымдардың тұжырымдарын негізге ала отырып, қазақ фольклорындағы батырлық ертегі ғалымдар талдаған төрт мағынаны да қамтитынын ескерте отырып, «эпосқа дейінгі жырдың ертегіге айналған түрі» деп түсінік береді [1, 218]. Алғаш қазақ фольклорына қатысты бұл терминді қолданған В. Радлов. Ол

өз еңбегінде «батырлық ертегі» деген атаумен «Қан Шентей, «Еркем Айдар» ертегілерін ұсынады [5,253-279]

Біз бұл мақаламызда зерттеу нысанына батырлық ертегілерден «Ер Тестік», «Керкұла атты Кендебай», «Құн астындағы Құнікей қызы», «Алтын сақа» ертегілерін, ғибраттық ертегілерден «Аяз би» ертегісін және сықақ ертегілерден Қожанасыр мен Алдар көсө туралы ертегілерді алдық.

Ертегілердегі басты ерекшелік – уақыт пен кеңістіктің, яғни хронотоптың (мекеншақ) суреттелуінде. Уақыт – «ерте, ерте, ертеде», «баяғы өткен заманда», «баяғыда» деп, ертегі кіріспесінде айқындалса, кеңістік «Қарататудың ойында, қара судың бойында», т.б. ерекше белгілермен сипатталады. Тағы бір назар аударатын нәрсе – уақыттың өту жылдамдығы, өткен шақ пен келер шақтың ертегіде баяндалып отырған «осы шаққа» тәуелді байланысы. Ертегі кейіпкері ғажайып күштердің көмегімен, тылсым жағдайда өткенге де, болашаққа да бара алады, сондай-ақ кеңістік те ол үшін өзгермелі.

Ертегідегі уақыт ерекше «жылдам» болып келеді. Оқиға ұзақ уақытқа, мәселен отыз яки одан да көп жылға тән болуы мүмкін, алайда ол әп-сәтте, бір-ақ құнде өтеді. Қаһармандар үнемі тыныссыз әрекет үстінде болады. Шынайы, нақты уақыт оларға үстемдік ете алмайды, онда оқиға уақыты ғана маңызды. Мұнда оқиғаның баяндалуы айқын. Дәл осы баяндалу ертегінің көркем, шартты уақыты болмак. Фольклортанушығалымдар, сонымен қатар, ертегідегі уақыт тек алға ғана жылжып отыратының, ешқашан кері оралмайтынын атап көрсетеді. Сондықтан да ертегіде статикалық сипаттау болмайды. Қоршаған ортаға, табиғатқа арнайы тоқталу жоқ, табиғат тек қозғалыста, оның ішінде ертегі оқиғасына байланысты ғана қысқа айтылып өтеді.

Ертегідегі уақыт барынша шартты болумен қатар «тұйық» сипатта. Ол ертегі шенберінен шықпайды, сюжетке тұтастай және толығымен бекітілген. Ондағы уақыт тарихи уақыт ағында анықталмаған. Ертегілердің басталуындағы «баяғыда... болыпты», «ерте, ерте, ертеде», «бір ханның үш ұлы болыпты» деген тұрақты формула болмыстың қай кезеңі екенін бұлдыր етіп жібереді. Ал, аяқталуы ертегі уақытының тоқтағанын білдіретіндегі «сөйтіп мұраттарына жетіпті», «ұзақ өмір сүріпті», т.б. формуласармен түйінделеді. Ертегінің бақытты болып аяқталуы – ертегілік уақыттың аяқталуы.

Ертегідегі уақыт градациялы түрде суреттеледі. Мысалы батырлық ертегінің бас қаһарманының өсуі:

«Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті; алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті; алты жылда алып жігіт болыпты» («Керкұла атты Кендебай»);

«Бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болады» («Ер Төстік»);

Ертегілерге тән тұрақты мотив – батырдың ғажайып тууы және өсуі уақыттың өлшеммен дараланады.

Бас қаһармандардың өздері сияқты, мінген аттары да ерекше жаратылған. Олардың өсуі де жылдам:

«Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті, Алты айдың ішінде алты кез ат болыпты» («Керкүла атты Кендебай»);

«Екпініне шаң ілеспей, әйт дегенде, алты қырдан бір-ақ асып, Керкүла ат зымырап келеді» («Керкүла атты Кендебай»);

«Үстіне тоқым салғанда құнан болады. Үстіне ер салғанда дөнен болады. Айылын тартқанда бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді» («Алтын сака»).

Уақыттың бұл жылдамдығы қиял-ғажайып, батырлық ертегілерге ғана тән. Ал ғибраттық ертегіге қатысты «Аяз би» ертегісінде және академик С. Қасқабасовтың жіктеуі бойынша сатиравық ертегілерге жатқызылған Қожанасыр мен Алдар көсе туралы ертегілерде уақыттың етуі ерекше жылдам болмайды.

Батырлық ертегінің басқа кейіпкерлері де мифтік сипаттарымен ерекшеленеді. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі перінің қызы Бекторы, Жалмауыз кемпір, жер астындағы Жылан Бапы хан, Шойынқұлақ, Таусоғар, Көлтаусар, Желаяқ, Сакқұлақ, Қырағы, сондай-ақ алып бәйтеректің басына ұя салған Самұрық құс. «Керкүла атты Кендебай» ертегісіндегі алты аққу, жеті басты дәу, Жалмауыз кемпір.

Батырлық ертегілердегі батырдың негізгі белгісінің бірі – өзіне лайық тұлпарының болуы. Ер Төстіктің Шалқұйрығы, Кендебайдың Керкүласы батырларға лайық, сенімді серік, ердің қанаты боларлық жануарлар. Керек кезінде олар «адамша сөйлеп», иелеріне бағыт-бағдар көрсетеді, жөн сілтейді, алдағы болар уақығадан хабардар етеді, көмектеседі.

Батырлық ертегілерде жер-су аттарына, қонысқа қатысты атауларға ерекше мән беріледі. Түркі халықтарына ортақ Төстік туралы ертегіде (кейде эпос) бас қаһарманның тағдыры болмайтын жерге көшті аялдатуға байланысты қыындейды. «Түркілердің көшпенді тіршілігі қонысқа ерекше мән беруімен ерекшеленеді. Ғұрыпта кездесетін тыйымды, табуды бұзуға болмайды, ол бұзылғанда бір катерге тап болады деген сенім Ерназардың қонуға болмайтын мекен – Сорқұдыққа қонып, Төстікті жалмауыз кемпірге беруге мәжбүр болуынан көрінеді» [6, 229], – деген пікірді

негізге алсақ, дәл осы Сорқұдықтың тұсынан Төстікке пәле жабысады. Сондықтан да Кенжекей:

Сорқұдықтың басына  
Сорға бола қонды атам.

Жалмауызға жалғызын  
Жанынан қорқып берді атам, - деп жырлайды.

Бұл жердегі Сорқұдық атауының өзі ertegidegi функциясына байланысты тұра мағынасында қойылған.

Тағы бір кейіпкер – Кендебайдың дүниеге келген жері де осындай нышандық, символикалық сипатта:

«Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қарататудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты («Керкұла атты Кендебай»).

Бұл жердегі Қаратату мен Қарасу деген сөздердің түбіріндегі қара сөзі ежелгі, көнеден келе жатқан тау мен су дегенді білдіреді. Қазақ ұғымындағы қара орман, қара басты адам, қара шаңырақ, қара үй деген сөздер қатарын Қарасу, Қаратату атаулары толықтырады. Ертегінің көнелі белгілерін осы атаулар да айғақтай тұседі.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі бас қаһарманның ұзак сапары Ер Төстіктікіне ұксас. Салыстырып қарайық:

1. Ер Төстік: Жалмауыз кемпірдегі егеуін алуға барады, ары қарай жер астына түсіп кетіп, бірнеше сынақтан өтеді;

2. Кендебай: Мергенбай батырды құтқармакқа перілер патшасының еліне келеді, ары қарай сапарлап, бірнеше жаудың (мифологиялық құбыжықтар) көзін жояды.

Ер Төстік сапарының ұзактығы мен қындығын алдын ала білген Кенжекей сертке торғын орамал мен Құба інгенді ұстайды (сөз магиясы).

Кендебайдың сапары Төстіктікінен гөрі тез аяқталады. Бұл екі ертегінің айтылу уақытына байланысты. Кендебай елі мен жерін қорғау жорығында жүрген батыр болса, Ер Төстік өз тағдыры жолында құреске түскен батыр.

В.М. Жирмунский батырлық ертегіні «миф пен ақыздан классикалық эпосқа өтер жолдағы көпір» [7, 281] ретінде сипаттайды. Сейтіп батырлық ертегілерге тән белгілерінің эпос құрылымына кірігіп, жаңаша сипат иеленгенін нақты мысалдармен айқындаған. Ертегінің бас кейіпкерінің негізгі мақсаты – үйлену, отбасылық мәселелер болса, эпос қаһарманы елінің қамы үшін ерлік сапарға шығады. Бұл әрекет Кендебайға тән. Кендебай тұтқындағы Мергенбай батырды жау қолынан құтқару үшін перілер еліне барады. Перілер елі ханының тапсырмасымен ары қарай сапар

шегеді. Ал, Төстік болса, сол отбасылық мәселені (сегіз ағасын іздең табу) шешіп, содан кейін барып үйлену сапарына шығады. Кендебайға қарағанда, Ер Төстік бейнесі архаикалық сипатта. Себебі, Төстік Жалмауыз кемпірден қашады. Кендебай болса одан еш тайсалмайды. Бұл «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің стадиялық жағынан «Ер Төстік» ертегісінен кейінгі уақыт туындысы екенін дәлелдейді. Яғни Төстік әйел үстемдігі дәуіріне жақын кейіпкер де, Кендебай ол дәуірден алшақ тұрған кейіпкер.

Батырлық ертегінің кейіпкері миф кейіпкерімен ұқсас дедік. Бұл пікірді белгілі антрополог Д. Кэмбелл былай деп бекіте түседі: «Ертегі кейіпкері өзінің шектеулі кеңістігінде микрокосмостық жеңістерге жетсе, миф қаһарманы макрокосмостық кеңістіктегі бүкіләлемдік-тарихи жеңістердің иесі болады. Бұл уақытта кішкентай әрі сүйкімсіз баладан ерекше қабілет иесіне айналып, өзін жәбірлегендерді құйрете жеңген ертегі батырлары сиякты, миф қаһарманы шытырман оқиғаларының сонында өзінің тұтас қауымын қайта жаңғыртатын құралға қол жеткізеді» [8, 37].

Ертегілердегі жер-су атаулары, кейіпкерлер сипаты ерекше тілдік қолданыстар арқылы айқындалады. Символдық, мистикалық мәндегі бұл атауларға сәйкес оқиға өрбиді. Ер Төстік сорға тап болатын Сорқұдық оқиғасы соған мысал. Сорқұдық мотиві кейіпкерлердің ырымтыйымдарды бұзуынан келген қындықты мегзей отырып, ежелгі дәуір адамдарының наным-сенімдерін айқын аңғартады.

Кендебай батыр Керкұланың жөн сілтеуімен, соның айтуымен жүреді:

«Бір жерлерге келгенде ат тағы да тоқтайды да, Кендебайға: «Анау жалыны аспанға шығып жатқан от дариясы. Сенің баратын жерің сол дарияның ар жағында...» – дейді» («Керкұла атты Кендебай»).

От-дария, От-тау – қазақ ертегілерінде Күнге жақын, жерден барынша алыс, өрге қарай орналасқан нысандар. Күн жүйесіндегі тіршілікті мифтік тұрғыда «қүн астында» деп сипаттап, онда тіршілік кешуші жан иесін «Күнікей» атандыру қазақ тіліндегі ерекше поэтикалық қолданыстарды танытады.

«Қүн астындағы Күнікей қызы От тауының ар жағында тұратын бір ханның қызы екен» (Күн астындағы Күнікей қызы). Мұндағы От тауы – жер әлемінен барынша шалғай жатқан мекен, мифтік танымдағы «Қүн әлемі».

Батырлық ертегілерде халықтың тұрмыс-тіршілігі, кәсібі туралы сол ертегі құрылымындағы тілдік қолданыстар арқылы хабардар боламыз.

Енді сол кәсіпке, қүн көріске байланысты сөздерге келер болсак, олар төмендегідей:

«Қазанқап құс атып күн көреді еken, әйелі ау тоқып, жамау жамайды еken, осылай өз күндерін өздері көріп жүре беріпті» («Керкұла атты Кендебай»). Қазанқаптың кедей тірлігін осы «құс атып, күн көруі», әйелінің «ау тоқып, жамау жамайтыны» танытады. Құс атып күн көру бағзы аңшылық дәүірінің нышаны.

Кендебай жолықканда Мергенбай батырдың баласы байдың қозысын бағып жүреді. Малмен күн көрген көшпелі тірлік осыдан аңғарылады:

«Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін» («Керкұла атты Кендебай»).

Ертегілерде салт-дәстүр де оқиға барысында, болып жатқан әрекеттерде көрінеді. Қонақ құту, табақ тарту – тұрмыстық қалыпқа сіңген салттың көрінісі.

«Төстіктің келген елі ас беріп жатқан ел еken» («Ер Төстік»).

«Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір кезде: «Ерназардың сегізіне тарт, сегізіне тарт», – деп шуылдасып жүр еken» (Ер Төстік).

Қуанышты жайтты сүйіншілеу қазақ тұрмысында ежелден бар салт болса, ол ертегілерден де маңызды орын алады:

«Ерназардың қуанып, есі шығады:

– Кемпір, сүйінші! Керулі тұрган кер биенің төстігі майлы көрінеді, бол, жылдам асып жіберші, – дейді». («Ер Төстік»)

Қуанышты жағдайға той жасау салты да ертегіде ерекше маңызды. Қыз айттыру, баланы үйлендіруге қатысты көне салт Ерназардың әрекетінен көрінеді.

«Балалары аман-есен келген соң, Ерназар ел жиып, той қылады.

Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі».

Ұлды үйлендіруді «аяқтандыру» деген ұғыммен баяндау көне тілдік қолданысқа тән. Бұл жерде «аяқтандыру» сөзі ауыспалы мағынада қолданылады. Құдаласы салты, оған тән көне жоралғылар Ерназардың тоғыз келінді бір үйден іздеуінен көрінеді.

«Сөйтіп, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады».

«Ерназар тоғыз ұлымен Кенжекейдің ауылына барып, көп уақыт жатады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын істетіп, келіндерін алып, еліне қайтпақшы болады».

Бір үйдің тоғыз қызын өзінің тоғыз ұлына алып беруді көксеген Ерназар ол мұратына жетіп, апалы-сіzlілі тоғыз қызды келин етеді. Құдаласу, баланы үйлендіру, қызды ұзату, енші беру сиякты салт-дәстүр бұл ертегіде толығымен баяндау аясына кірген.

«Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп, көп жасаумен ұзатады». («Ер Төстік»)

«Темір хан енді қайтадан той жасап, қызын Жылан Бапы ханға ұзатпақ болады».

«Темір хан Ер Төстіктерге арнап үлкен сарай салдырып, құдаларды сонда кіргізеді.

Ұлттық санамызға әбден сіңіп, тұрақты түсінікке айналған жөн сұрау ғұрпы батырлық ертегі оқиғасының мазмұнында қамтылған:

«Бір уақытта бұлар күн астындағы Күнікей қыздың үйіне жетеді. Хан бұлардан жөн сұрайды».

Ертегілердегі тұрмыстық сөздер мен кәсіби сөздер де көркем деталь түрінде кездеседі. Оған бірнеше ертегіден мысал келтіруге болады:

«Темір ханның ернеуі қырық құлаш үлкен қазаны терең көлге түсіп кеткен еken («Ер Төстік»).

«Жалмауыз кемпір тұлкінің сөзіне сеніп, тағы да кетпенді тұлкіге беріп, өзі үйқыға кіріседі» («Алтын сақа»).

Қазан – күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыс түрі, сондай-ақ бұл атаумен үйдің тұрмыс дәрежесі, ырыс-береке тұспалданады. «Қазан аузы жоғары», «Қазаның ортаймасын», «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», т.б. қазанға қатысты нақыл сөздер, мақал-мәтеддер оның көшпелі тұрмыс кешкен ата-бабаларымыздың рухани танымында береке мен молшылықтың символына айналғандығына мысал. Ал, кетпен, егіншілік кәсібінің де көшпендейділікке жат еместігін аңғартады.

Батырлық ертегілерде жолдың ұзактығы мен ауырлығын литоталық тәсілмен беруде де тұрмыстық сөздер тілге тиек етіледі:

Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді («Ер Төстік»). Темір етік // теңге, темір таяқ //тебен салыстырулары ертегі қаһарманының ауыр да ұзак сапарды атқарудағы төзімі мен жігерін жеткізу үшін де үлкен бейнелілік мәнге ие.

Тұрмыс суреттері, көшпенді тіршілікке тән басқа да көріністер ертегі оқиғасының ұлттық табиғатын танытуға қызмет етеді:

«Қосқа кірсе, асулы мосы, ілулі бақыр тұр. Бақырдың іші піскен етке толы еken. Төстік етке тойып алады да, елге қарай жүреді» («Ер Төстік»).

Қос, мосы, бақыр атаулары ежелгі казақ тұрмысына тән атаулар. Малмен, бақташылықпен күн көрген халық үшін қостың да, мосы мен бақырдың да өзіндік орны бар. Мал бағумен қатар аңшылық кәсіп те ежелгі адамға етene жақын. Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуіне ерекше мән берілетіні осыдан:

«Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар, Төстік онсыз жүре алмайды. Мен соны осы араға тастап кетейін» («Ер Төстік»).

Бұл ертегінің қырғыз нұсқасында (эпос түрінде келетін) егеумен Ер Төстіктің жаны байланыстырылады. «Қырғыз эпосында болат егеу Кенжекейдің сандығының түсінде жатады және осы егеумен Төстіктің жаны байланысты» [6, 228] екендігі «Ер Төстік» ертегісі туралы Ж.Аймұхамбет мақаласында айтылған.

Ертегідегі мотивтің мифтік дәуірдегі анимистік сенімнен туындағанына Н.С. Смирнова өз енбегінде арнайы тоқталады. «Бұндай мотив адам жанының өз денесінде ғана емес қаруда және тағы да басқа заттарда сақталатындығы туралы көне анимистік түсініктен туындаған» [9, 43], - деп көрсетеді ғалым.

Жылқы түлігін күнкөріс негізіне айналдырып, ерекше құрмет тұтқан ата-бабалардың тұрмыс-тіршілігі сол жылқы малына қатысты суреттеулерден көрініс береді:

«Аралда алты құйрықты сегіз құлын, құйрығы жоқ бір құлын алтын науадан су ішіп тұр екен» («Керқұла атты Кендебай»).

«Бала құрығын құлдыратып, жугенін сылдыратып жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады» («Алтын сака»).

Ертегінің бас қаһарманы батыр болғандықтан міндетті түрде оның батырға тән киімі мен қаруы суреттеледі. Сондықтан да қару-жараққа байланысты сөздер молынан ұшырасады:

«Кенжекей сонда: «Ақсырмалды сауытты сұраганым, Ер Төстік Ер еді, сол ер кисін деп едім», – депті. («Ер Төстік»). Ер Төстіктің ерлік сапарына киер сауытын Кенжекей өзінің әкесінен қалап, сұрап алады.

Батыр болып туған Кендебайдың қаруы да ерекше: алты құлаш алмас қылыш, жұз батпан шоқпар. Кендебай қаруының мұндай ерекше әпитеттермен суреттелуі қаһарманның болмысы мен батырлығын айқындау мақсатынан туындаған:

«Кендебай алмас қанжарымен биенің карнын жарып жіберіп, құлынын суырып алыпты» («Керқұла атты Кендебай»).

«Құла атты мініп алып, қару-жаракты іліп алып, сауыт-саймандарды киіп алып» ерлік жолына аттанған Кендебайдың аталған қаруларынан ажал табатын жаулар да ерекше жаратылысты тіршілік иелері – алып дәу, ақырган арыстан:

«Кендебай қолына жұз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі» («Керқұла атты Кендебай»).

«Кендебай алты құлаш алмас қылышиң көлденең ұстай қояды» («Керкұла атты Кендебай»).

Ер Төстік пен Кендебай қаһарман болған батырлық ertegіler ежелгі дәуірден бастау алып, ұлт санасына сіңген құнды ұғымдарды сюжет, мотив сияқты құрылымында сақтап, көркемдік санада жаңғыруымен маңызды.

Қазақ фольклорының ерекше жанры, құнарлы саласы – ertegіler. Ертегілік прозаның ішінде ерекше орын алатын батырлық ertegіler ұлттымыздың құндылықтарын өз мазмұнында сақтаған құнды рухани мұра.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: «Аударма», 2002. – 584 б.
- 2 Бакиров М. Татарский фольклор. – Казань: Ихлас, 2012. – 400 с.
- 3 Пропп В.Я. Морфология сказки. Издание 2-е. М., Главная редакция восточной литературы. Издательство «Наука», 1969. – 168с. («Исследования по фольклору и мифологии Востока»).
- 4 Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. Научная редакция, текстологический комментарий И. В. Пешкова. – М., Издательство «Лабиринт», 2000. – 336с.
- 5 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. СПб., 1870, ч. 3.
- 6 Аймұхамбет Ж.Ә. «Ер Төстік» эпосындағы мифтік мотивтер мен миф кейіпкерлері // Қазақ білім академиясының баяндамалары. Астана. №4/2016. 226-233 бб.
- 7 Жирмунский В.М. Вопросы генезиса и истории эпического сказания об Алпамыше. Об эпосе Алпамыш. – Ташкент: Наука, 1959.
- 8 Кэмбелл Д. Тысячеликий герой. СПб.: ПИтер, 2018. – 352 стр.
- 9 Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. – Алматы: Наука, 1967. – 133 стр.

#### Резюме

В статье рассматриваются жанровая природа, сюжетная структура, мотивы героических сказок.

#### Resume

The article deals with genre peculiarities, plot structure and motives of heroic fairy tales.

## АҚЫН СӘБИТ ДӨНЕНТАЙҰЛЫНЫҢ БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕРІ

С.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ

филология ғылымдарының докторы, профессор  
«Алаш» мәдениет және рухани даму институтының  
қызметкері

### Аннотация

Мақалада XX ғасыр басындағы әдебиет өкілі Сәбит Дөнентайұлы шығармашылығы негізінде әдеби бүркеншік есімдер табиғаты, олардың авторлығын айқындаудағы күрделі сипаттары қарастырылады. Бүркеншік есімдерді зерделеудегі ғылыми-зерттеушілік пікірлер сараланады.

*Tүйін сөздер:* ақын Сәбит Дөнентайұлы, шығармашылығы, әдеби бүркеншік есімдер, түрлері және мақсаты, өзіндік табиғаты, авторлық, полемикалық пікірлер

Әдеби әлемнің өзіндік болмысы қаламгердің бүркеншік ат немесе бүркеншік есім қою, пайдалану дәстүрімен де дараланады. Оның жасалу жолдары сан алуан болса, қазақ ақын-жазушылары да аллоним (туындының авторлығын белгілеуде өз есімінің орнына өмірде бар және болған нақты тұлғаның атын алу), анаграмма (әріптердің теріс қарай жазылуы арқылы жасалатын бүркеншік есім), астронимдер (астеронимдер) (аты-жөні орнына бір немесе бірнеше жүлдізшаны тізіп қол қою), криptonим (адамның аты-жөнінің қыскартылып, құпияланып жазылуы), гетероним (автор тарапынан өз шығармасының басқа шығармасынан белгілі бір сипатына байланысты ерекшеленуіне орай қолданылатын есім) түрлерін қолданған.

Сәбит Дөнентайұлы «Айқап», «Қазақ» басылымдарында жарияланған өлеңдерін «Жетім», «Сәбит», «Шәкірт», «Іс», «Жаналин Сәбит», «Жаналин С.Д.» сияқты бүркеншік аттарымен берген [1, б. 343], [2, б. 454]. Ақынның 1957 жылы басылған шығармалар жинағының шығарушылар алқасынан (Б.Ақмұқанова, М.Базарбаев, Ы.Дүйсенбаев, Е.Ісмайлов, Б.Кенжебаев) берілген шағын түсініктемеде Сәбиттің бірқатар шығармаларын сонымен қатар «Бәйімбет», «Азалы», «Бегіндік», «Еңбекші», «С.Д» деген аттармен жарияланғанын жазады [3, б. 3]. Ақын шығармашылығын арнайы қарастырған Балташ Ысқақов Сәбиттің осы кездегі кейір

өлеңдерін өз есімімен, арғы аталарының атымен (Жаналин, Бейімбет) жариялағанына тоқталады. «Қазақ» газетінде басылған «Ун!», «Шілде» өлеңдерін «Бейімбет» деген атпен, «Айқапта» басылған «Қазактарға қарап», «Заман кімдікі?» деген өлеңдерін «Жаналин» деген фамилиямен жарияланғанына екпін жасап [4, б. 30], Е.Ысмайлов пікірін үстей түседі. К.Шәменов қаламгердің «Бегімбет», «Еңбекшіл», «Жанас» сынды әдеби бүркеншік аттарды қолданғанын айтады [5, б. 449].

Жалпы Сәбит Дөнентайұлының бүркеншік аттарын анықтауда ғылыми жүйеленген бірізділіктің болмауы ақын шығармаларының авторлығын айқындауда қызындықтармен қатар түрлі көзқарас қайшылығын тудыруды. Өсіресе «Бейімбет», «Бәйімбет» деген бүркеншік аттарымен берілген өлең, макалалары «телқоңыр» сипат алуда. Сәбит Дөнентайұлы шығармаларын Бейімбет Майлинге, өз кезегінде Бейімбет Майлин шығармаларын Сәбит Дөнентайұлы туындыларына телу, орынды да орынсыз алмастыру жиі көрініс табуда.

Бейімбет Майлин шығармашылығын зерттеген Теміргали Нұртазин жазушының өзі анықтаған 21 бүркеншік есімін атап, оларды «Шаңқан», «Малай», «М», «Мен», «М-тай», «М-и», «М. Б.», «Мереке», «Мырқымбай», «Б», «Б-т», «Быж», «Балықшы», «Жалшы», «Жолаушы», «Інісі», «Көз», «Тай», «Шон», «Қайдауыл», «Тілші» деп көрсетеді. Автордың атынсыз, редакциялық болып жарияланған еңбектері де көп болғанын ескертеді. Бүркеншік есімдерінің көп болуының екі түрлі себебі барын түсіндіреді. «1) тарихи-саяси жағдайдың түбірлі түрде өзгеруі, сонымен байланысты қаламгердің өзіне басқа мәнді псевдонимді лайықты көруі; 2) жазушы қызмет істейтін газетте өз атымен материалды жиі, кейде бір номерде бірнешеуін қатарынан жариялауды қолайсыз көруі» [6, б.321].

Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов құрастыруымен жарық көрген «Қазақ» газетінде берілген «Бүркеншік есімдер көрсеткішінде» Б.Майлиннің «Бейімбет», «Бимұхамет», «Быж», «Қарабала», «Қараша бала», «Б.Б.Ж.», «Балық», «Жалшы», «Малай», «Көз», «Шаңқан», ал С.Дөнентайұлының «Жетім», «Сәбит», «Шәкірт», «Іс», «Жаналин Сәбит», «Жаналин С.Д.» [7, б.553-554] бүркеншік есімдерін атайды.

Бейімбеттанушы Тоқтар Бейіскұлов Т.Нұртазин бастапқы зерттеуінде бүркеншік есімдер санын жиырма бірге, кейіннен отызға жеткізгенін, өз кезегінде С.Байменше «Бейтаныс Бейімбет» деген кітабында 33 бүркеншік есімге тоқталғанын екшідейді. 1993 жылы басылған «Қанатты қаламгер» атты кітабында 43 бүркеншік

есімін айқындаса, 2000 жылдардан бері қарай зерттей келе, Б.Майлиниң 74 бүркеншік аты бар екенін анықтағанын жазады. Бейімбет Майлиниң барлығы 74 бүркеншік есімдерін атап көрсетеді [8]. Бұл ретте Сәбит Дөнентайұлының жоғарыда Есмағанбет Үсмайылов атап көрсеткен «Бейімбет» бүркеншік есімі Темірғали Нұртазин, Тоқтар Бейіскұлов тараپынан таза аталмаганын байқаймыз.

Т.Нұртазин тараپынан «Бимұхамет», «Бейімбет» деген бүркеншік есімдер көрсетілгенімен, «Бейімбет» атауы аталмайды. «Ол енбектерін революцияға дейін «Айқап», «Қазақ» бетінде «Бимұхамет» немесе «Бимұхамет Майлин» деп өз есімімен жариялад отырған. Кейін туыстары айтатында, «Бейімбет» деп қол қояды да, сол аты – әдеби есім болып тарихқа енеді» [6, б.321].

«Бейімбет» Сәбит Дөнентайұлының арғы атасы болғандықтан, бүркеншік есімінің бірін солай деп алған. Мұны ғалымдар Т.Нұртазин, Е.Үсмайыловтар жіті назарда ұстағаны анық. С.Дөнентайұлының «Бейімбет» бүркеншік есімі тұрғысынан алғанда, осы бүркеншік есіммен берілген әдеби мұра тек қана Сәбитке тиесілі екеніне ойлы көзben қарағанымыз аbzal. Негізінен Н.Мұхаметхановтың «Мұхтар Әуезовтің әдеби бүркеншік есімдері», Б.Байғалиевтің «Аймауытовтың әдеби бүркеншік есімдері», С.Байменшенің «Бүркеншік есім бүккен сыр», К.Есмағанбетовтің «Ұлт зиялышарының бүркеншік есімдері», Қ.Атабаевтың «Деректануға дәйектілік керек «Арғын» - да, «Түрік баласы» - да Міржақып Дулатовтың бүркеншік аттары», Ғ.Әнестің «Бір бүркеншік есім», С.Аккұлыұлының «Гарифолла Әнес және басқаларға ашық хат» мақалаларындағы полемикалық ой-пікірлер, сонымен қатар «Екеу» бүркеншік есіміне қатысты Т.Жұртбай, «Байқаушы» бүркеншік есіміне қатысты Р.Имаханбетова бүркеншік есім астарын ашудағы көзқарас қайшылықтарын танытуымен қатар, оның даулы тұстарының терең қатпарлы екенін айғақтайды.

Жалпы қарастырылып отырған әдеби-шығармашылық мәселе әдебиетші Бейсенбай Кенжебаевтың «Бүркеншік аттар сырьы» проблемалық мақаласында алғаш күн тәртібіне қойылған болатын [9]. Е.Байболов мақаласындағы қазақ библиографиясын түзу, онда қамтылатын авторлардың аты-жөнін анықтауға қатысты пікіріне тоқталған ғалым «библиографиялық көрсеткіштің ғылыми, айқын болып жасалуына сол кездегі баспасөз бетінде жарияланған шығармалардың авторларын, кейбір бүркеншік атпен (псевдониммен) берілген авторлардың аты-жөнін дұрыс анықтау қыындықтар тудыратын жұмыстар» болып табылатынымен ой бөліседі. Бүркеншік есім бүккен сырларға қатысты өз шешуі мен

байламын ортаға салған Б.Кенжебаев бүркеншік аттар қойылуының төрт сипатын атап көрсетеді.

Бейімбеттанушы С.Байменше «Бүркеншік есім бүккен сыр» мақаласында қазақ әдебиеті мен журналистикасының тарихында қаламгерлердің бүркеншік есім ретінде өз аталығын, руын жазуы өте жиі кездесетінін «Агатай Байұлы» (Ғұмар Карапов), «Найманский» (Көлбай Төгісов), «Аргын», «Мадияр» (Міржақып Дулатов), «Матай» (Ілияс Жансұғіров), «Жекей» (Жиенғали Тілепбергенов), «Қаптағай» (Біләл Сүлеев), «Орта жұз» (Отыншы Әлжанов) мысалында көрсетеді. Ал Бейімбет Майліннің «Фалия» медресінде шығарған «Садақ» журналындағы шығармаларын «Қарсак», «Бекет» деген аттарымен жариялағанын атайды. «Професор Т.Кәкішев анықтаған бұл есімдердің мағыналарына ой жүгіртсек, «Қарсак» – аңының аты, жергілікті ру ішінде осындай аталық та бар. «Бекет» – кісі есімі, бұл да рулық-тайпалық ерекшелікті білдіруі әбден мүмкін» [10, б.72]. С.Байменше атап көрсеткен жазушылардың бүркеншік есім ретінде өз ата-бабасының, ру-тегінің атын алуы Б.Майлін, С.Дөнентайұлына тән ортақ сипаттар. Міне, С.Дөнентайұлының «Бейімбет» бүркеншік есімін Бейімбет Майліннің «Бейімбет» бүркеншік есімімен шатастырудан бірнеше шығармалар «телқоңыр» сипат алып жүргенін көреміз. Оған «Тұңғыш құрбан» мақаласы, «Адаспаспызы» өлеңі айқын дәлел. «Абай» журналының 1918 жылғы №3, «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 18 наурызында басылған «Тұңғыш құрбан» атты мақала Бейімбет Майліннің бе әлде Сәбит Дөнентайұлының мұрасы ма деген заңды сұрақ туындаиды. Зерттеушілер Т.Бейіскұлов «Дарын даралығы», С.Байменше «Майліның Бейімбеті» еңбектерінде «Тұңғыш құрбан» мақаласын Б.Майлін мұрасы деп қарастырады.

Қазақ баспасөзін Қазақстан тарихының дереккөзі тұрғысынан зерттеген Қ.Атабаев «Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918)» монографиясында «...«Сарыарқа» мен «Қазақ» газеттері «Алаштың тұңғыш құрбаны» деп атаған Қазиды атып өлтірген, сөйтіп Алаш Орда үкіметіне қарсы соғыс жариялаған актар емес, большевиктер» [11, б.316] деген пікір айта келіп, мақала авторы кім екенін көрсетпейді.

Второй вид творческой работы является наиболее сложным для учащихся, так как он основан на полной самостоятельности и творчестве. Он заключается в стилистическом сравнении двух текстов на одну и ту же тему. Выполнение этой работы включает следующие задания: прочитать два текста и сравнить их, указав сходства и различия; прокомментировать функциональный стиль и языковые средства, при помощи которых написан каждый из текстов, включив описание цели, формы, стиля, целевой аудитории,

различных языковых средств, а также воздействия, которое они оказывают на слушателя (читателя). Написать свой ответ в виде связного текста. Обосновать свои мысли примерами из текстов.

Так, например, можно порекомендовать провести данный вид работы на материале анализа двух текстов: 1) статьи Мартина Рапапорта «Публичная кампания против «алмазов конфликта» (19.01.2007 Мартин Рапапорт, Diamond Net. Raaport News) [3]; 2) статьи «Ковёр в бриллиантах» (*Коммерсант.ru* 05.03.2018) [4].

Первый текст – это статья о выступлении публичной кампании против «алмазов конфликта» в странах Западной Африки, где ухудшается жизнь народов этих государств в результате их эксплуатации во благо обогащения владельцев из Европы и других континентов. Второй текст основан на новостном материале о бриллиантах голливудских звезд, которыми сверкают их изделия во время вручения Премий Оскара.

На материале данных двух текстов предлагается сначала выполнить сравнительный стилистический анализ. В процессе выполнения задания учащиеся черпают новую информацию о том, как, где и кем происходит добыча алмазов, каково влияние владельцев алмазных компаний в мире, почему народы, непосредственно занимающиеся добычей алмазных ископаемых, живут в нищете, какова ценность алмазных изделий в обществе, каковы традиции Оскаровских подиумов во время вручения наград и т.д.

Кроме того, учащиеся сталкиваются с языковой полисемией, которая в контексте распадается.

Заключительным этапом этого вида работы является написание эссе на тему «В чем заключается причина «алмазного конфликта в мире?». Учащиеся должны составить текст в типе речи рассуждения-размышления, в котором задача – сформулировать свои выводы по двум текстам одновременно. Учащимся под силу найти общее и различное как в содержательном плане, так и в оформлении текстов, использовании в них языковых средств.

Выполнение данного задания направлено на формирование навыков письменной речи на основе критического размышления. Так, задание типа «Используя информацию из обоих текстов, напишите эссе (150-180 слов) на тему «В чем заключается причина «алмазного конфликта в мире?» позволит учащимся отразить своё собственное представление и выразить своё мнение по данной проблеме, используя функционально-смысловой тип рассуждения.

Данное задание в себе заключает и воспитательный момент относительно привития молодежи культурных и жизненных

ценностей. Для реализации функций обучения и воспитания следует подбирать содержательные тексты по актуальным проблемам, которые вызовут интерес у подрастающего поколения для их дальнейшего обсуждения.

Как правило, задания должны включать целый комплекс операций по детальному рассмотрению и изучению предложенного текста (текстов).

Примером подбора текста для выполнения второго вида творческой работы можно, например, предложить два текста на тему «Человечество и глобализация». Первый текст выражает положительную оценку глобализации, понимаемой как стирание границ между государствами и объединение в одну. Во втором тексте утверждается вымирание человечества по причине его бурного развития, технологизации и постоянного роста потребностей человечества.

Для сравнения учащиеся, прежде всего, обращают внимание на информацию о потреблении и возобновлении природных ресурсов. Эта тема им известна из дисциплин естественнонаучного цикла, изучаемых в школе. Больший упор в анализе делается на сравнительный аспект речевых единиц. Так, целевая аудитория определяет своеобразие языка и стиля этих текстов. Учащиеся доказывают, что оба текста написаны в публицистическом стиле. Однако, первый текст, скорее, по их мнению, опубликован в социальных сетях интернет ресурсов, в чьем-то блоге, а второй – в журнале или газете, так как обладает большей нормированностью и соблюдением правил литературного языка.

Творческое письмо как особый вид, предназначенный для формирования комплексных навыков письменной речи, используется при обобщении темы, а также при итоговом контроле достижений учащихся. Выполнение этого вида работы представляет собой составление письменного текста, либо текста устной речи на какую-либо тему. Например, в школе используется творческое письмо, которое предполагает выполнение следующих заданий:

1. Напишите рассказ от лица киборга, который очень хотел стать обычным человеком. Выразите отношение к происходящему, чувства и мысли рассказчика. Используйте различные приёмы, чтобы заинтересовать читателя.
2. Напишите отрывок из дневника ученого, занимающегося вопросами клонирования. Опишите один из удачных/неудачных опытов. Передайте ощущения, настроение и чувства, которые испытывал ученый в момент открытия.

3. Напишите рассказ о том, что как Вам чудом удалось понаблюдать за одним из представителей исчезающих животных в дикой природе. В рассказе обратите внимание на повадки животного, на свои мысли и чувства, которые Вы испытывали в этот момент.

4. Опишите памятный вам уголок природы Казахстана, который Вы хотели бы сохранить для будущих поколений. Передайте ощущение его удивительной красоты и впечатление, которое он на Вас производит.

5. Представьте, что Вы провели один день в компании знаменитого человека, встреча с которым была Вашей давней мечтой. Расскажите о событиях этого необыкновенного дня и о том, что сделало вашу встречу незабываемой.

6. Вспомните знакомую Вам сказку или легенду и напишите её на современный лад.

7. Используя информацию из обоих текстов и своё собственное мнение, напишите эссе (150-180 слов) на тему «Как решить проблему бедности в мире?».

Разновидностью творческого письма является составление письма для целевой аудитории. Так, например, для формирования речевых навыков составления письма в публицистическом стиле необходимо учесть многообразие жанров этого стиля и широкий диапазон языковых средств. Написание такого письма объемом 350-400 слов может включать следующие виды заданий, требующих знаний об этих сферах деятельности:

1. Напишите текст интервью для казахстанского экономического форума «Деловой мир» с одним из молодых участников акции «Мы против эксплуатации детского труда!».

2. В школе организуется благотворительная акция в помощь бездомным животным. Напишите обращение в школьную газету. Постарайтесь убедить учащихся принять участие в акции.

3. Вы журналист независимой газеты. Напишите статью, как новые изобретения робототехники будут влиять на человека. Создайте ощущения обеспокоенности о будущем.

4. Туристическая компания проводит среди своих клиентов онлайн-дискуссию на тему «Должны ли туристы соблюдать обычаи стран, который они посещают?». Напишите свой отклик, в котором выразите своё мнение.

5. Ваша школа участвует в проекте «Компьютеры для всех». Вы хотите помочь местным пенсионерам приобрести или улучшить навыки работы с компьютером. Напишите рекламный буклет, в

котором убедите их в пользе такого обучения и пригласите их посетить Ваш школьный компьютерный центр.

6. Представьте, что местный телеканал попросил вас провести репортаж о строительстве нового промышленного предприятия в Вашем районе. Напишите текст своего репортажа, включая вымышленные интервью с представителями этого предприятия, экологами и местными жителями.

7. На основе прослушанных текстов напишите для молодёжного журнала проблемную статью на тему «Почему люди не ходят в театр?».

Предлагаемые образцы заданий – это лишь часть огромного разнообразия заданий, имеющихся в педагогической копилке учителей русского языка и литературы НИШ ФМН г. Астаны. Можно разнообразить содержание заданий по данным матрицам и стандартам.

Таким образом, для формирования творческой личности с креативным мышлением и современным подходом к решению производственных задач, к дальнейшему обучению в вузе или сузе необходимо в школе уделять особое внимание. С этой целью педагогика имеет в своём арсенале комплекс методик и приёмов, использование которых позволит осуществить широкомасштабную и разностороннюю подготовку для постоянного саморазвития речевых навыков у учащихся после окончания школы. Прежде всего, этому содействуют изучаемые в школе языковые предметы. Разнообразие методик и приёмов в работе с текстами по различным актуальным темам политической, научной и экономической сфер жизнедеятельности позволяют подготовить в будущем успешных граждан общества.

#### Список литературы

1. <https://www.youtube.com/watch?v=3KPiKakdas0>
2. [https://www.liveinternet.ru/users/nikita\\_titan/post180987050/](https://www.liveinternet.ru/users/nikita_titan/post180987050/)
3. <http://www.mineral.ru/News/25970.html>
4. <https://www.kommersant.ru/doc/3566406>

#### Түйін

Осы мақалада автор орыс тілін оқыту тәжірибесімен бөлісіп, ауызша сөйлесуді дамыту мақсатында түрлі жұмыстар мен тапсырмаларды таныстырады. Әртүрлі стильдер мен жанrlардың мәтіндерін оку және талдау, әртүрлі стиль бойынша шығармашылық жазуларға ерекше назар аударылады, сондай-ақ публицистикалық стильді және оның жанрлық ерекшеліктерін қамтамасыз ету үшін тапсырмалардың шығармашылық түрлерін қарастырады.

### Resume

In this original article the author shares the experience of teaching Russian in NIS and introduces various types of work and assignments in the Russian language with the goal of developing verbal communication. Special attention is paid to reading and analysis of texts of various styles and genres, creative writing on a variety of subjects and style, and also the creative types of tasks for securing the publicistic style and its genre features.

**МИФТІК БАЯНДАРДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ ЖАРАТЫЛУЫ  
ТУРАЛЫ МОТИВТЕР**

**Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ**

филология ғылымдарының докторы, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Е. ШАЛАБАЙ**

гуманитарлық ғылымдар бакалавры  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада әлемнің хаостан, бейберекет қалыптан жаралуы туралы әлем халықтарының мифтік дүниетанымындағы мотивтер салыстырыла қаралады. Космогониялық мифтердегі әуелгі ретсіз әлем сипаты, оның ретке келіп, табиғи нысандар мен құбылыстарды, тіршілік иелерінің жаралуындағы ортақ сарындар мен айырмашылықтар талданады. Мифтік сюжеттер мен мотивтердегі ұқсастықтарға сүйене отырып, жаратылыс сипаты бірнеше топтарға жіктеледі. Әлемді құраушы компоненттер мен олардың пайда болу түрлері туралы мифтік желілер негізінде талдаулар жүргізіледі. Осы талдаулар түйінделіп, тұжырымдар жасалады.

*Tүйін сөздер:* ғылым, қиял, миф, хаос, мұхит, космос, әлем, архетип, құдайлар, аспан, жер.

Ғылым дәуіріне дейін адамзат таным-түсінігінде табиғи құбылыстар туралы қиял орын алды. Алғашқы танымның нәтижесінде табиғат құбылыстары туралы, әлемнің пайда болуы туралы түсініктер қалыптасып, миф жүйесін түзді. Олар гректің «космос» терминіне негізделіп, «космогониялық» мифтер деп аталды. Байырғы түсініктерден құралған космогониялық миф мифологиялық дәуірдегі дүниенің мекеншақтық (уақыттық және кеңістіктік) параметрлерін баян етіп, әлемнің пайда болу үдерісін диахронды аспектіде қарастырады. Әу бастағы бей-берекет Хаостиң ретті космосқа айналуы көне жасампаздық мифтердің (әлемнің қалай және қайдан жаратылғанын баяндайтын мифтер) негізгі сюжеттік желісі болып табылады. Кез келген мифология космогониядан, яғни әлемнің қалай құрылғаны және ретке келгені туралы әңгімелерден басталатын болса, архаикалық ойлау шенберінде қарастырылған бұл архетип бізге әртүрлі нұсқа мен

сипатта жеткен. Дүниенің жаратылуы туралы мифтерді даму сатысына қарай үш топқа жіктеуге болады: әлемнің пайда болуы, әлемнің орнығуы, адамзаттың жаратылуы. Бұлар космогониялық, этиологиялық және антропогониялық мифтер деп тармақталады.

Мифтердегі лейтмотивтер ортақтығы бойынша әлемнің жаратылу реттілігі келесі сызбаға сәйкес келеді:

хаос->аспан мен жер->күн, ай, жұлдыздар->уақыт->өсімдіктер->жануарлар->адамзат->үй, керекті құралдар және т.с.с...

Жасампаздық мифтердегі дүниенің пайда болуы туралы алғашқы түсініктерде ең жиі кездесетін мотив – әлемнің Хаостан пайда болуы. Алайда, Хаостың өзі ең көне саналатын Мысыр мифтерінің әр нұсқасында түрлі сипатта беріледі. Шығу мерзімі шамамен б.з.б. II мыңжылдықтың екінші жартышылдығына сәйкес келетін Шумерлердің «Энума элиш» деп аталатын әлемнің жаратылуы туралы дастаны мен үнділердің «Ригведасында» Хаос образы сол халықтардың сенімі мен дүниетанымына сай суреттелген.

Жасампаздық миф дегеніміз – бұл әлемді құраушы нысандардың шығу тарихы [1, 195]. Жасампаздық мифтер хаостан космостың пайда болуы, аспан мен жердің бөлінуі, адамзаттың тузы туралы сюжеттерден тұрады.

Хаос көбінесе қараңғылық немесе тұн, ештеңе жоқтық немесе үнірейген тұпсіз тұнғылық, су немесе су мен оттың ұйымдаспаған әрекеттестігі, жұмыртқадағы заттың аморфты қүйі, сонымен қатар жылан-айдаһар, ертедегі дәулер, әуелгі құдайлар сияқты жеке (хтоникалық) тіршілік иелері түрінде айқындалады. Хаостың космосқа айналуы қараңғының – жарыққа, судың – құргаққа, бос кеңістіктің – затқа, қалыңсыздың – қалыптыға, қиратудың жасампаздыққа ауысуы болып табылады. Мысалы, қараңғылық (тұн) образында берілген Хаос Полинезия (батыстан басқа) және кейбір африка тайпаларының, үнді («Ригведа», «Махабхарата») мен грек мифологиясының кей нұсқаларында ұшырасады [2, 8]. Алайда мифтік уақыт бойымен дами тұсіп, бүгінде әр нұсқада жеткен аталмыш мотивтер инварианттылығымен көзге түседі. Әлемнің жаратылуы, тіршіліктің пайда болуы туралы сюжеттер Хаостан басталады. Ал одан кейінгі табиғи нысандардың (аспан мен жер, су, тау, жұлдыздар және т.б.) қалыптасуы мен даму барысында жануарлардың, құстардың немесе құдайлардың қатысуы кездейсоқ емес. Бұлар әртүрлі дереккөздерден тарағандықтан, сюжеттік детальдарда ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар да орын алған.

Бірақ, бізге жеткен барлық мифтік түсініктердегі ортақтық – әуелде Хаостың болғаны.

Пайда болу тарихы ең көне (б.з.б. 3200-2400 ж.ж.) *Мысыр мифтеріндегі* әр аймаққа байланысты әлемнің жаратылуы әртүрлі сюжетке, әр алуан сипатта құрылған. Дүние шексіз мұхит Нуннан, Хаостан, жануар мен жәндік сипатты жаратылыстардан, лотос гүлінен, аспаннан туган алтын торпақтан, жұмыртқадан жаратылған деген мотивтер жиі ұшырасады. Дүниенің жаралуы үдерісінің сан түрлі образы «Пирамида мәтіндері», т.б. көне жазба деректер арқылы жеткен. Мысыр мифологиясы бірнеше номдарға (салаларға) бөлшектенетіні белгілі. Олардың әрбірінің қастерлі саналған жеке құдайлары болған. Орталық патшалық дәүірі басталғанда Мысырда барлығына ортақ мифологиялық жинақ жасала бастады (дегенмен, елдегі басты құдайлар тақта отырған перғауынның қай әулеттен шыққанына байланысты ауысып отырды). Осы себепті Мысыр мифологиясында космогониялық мифтің бірнеше нұсқасы сақталған. Бізге жеткен Гелиополь, Мемфис және Гермополь нұсқалары сюжеті мен бейнелену әдістері жағынан түрленген.

Гелиополь нұсқасы бойынша алғашында қозғалмайтын шексіз-шетсіз мұздай су айдыны Хаос (Нун) болған. Бірде Нуннан әлемдегі алғашқы құдай Атум пайда болады. Ол қатты жер – белес немесе дөң іздейді. Сонда құдай Бен-бен атты белесті жаратады. Белеске көтерілген Атум әрі қарай қандай әрекетке барадын білмей көп ойланады. Атум өз аузына тұқымын шашып, өз-өзін ұрықтандырып, көп ұзамай аузынан жел мен ауа құдайы Шуды, әлемдік реттіліктің құдай-анасы Тефнутты жаратады. Жарық болмағандықтан, Атумның балалары алғашқы мұхитқа ғайып болып кетеді. Не істерін білмеген Атум Шу мен Тефнуттың артынан өзінің көзін іздеуге жібереді. Көз сулы шөлді аралап жүргенше, Атум өзіне жаңа көз шығарып, оған «Галамат» деген атау береді. Бұл уақытта бұрынғы көзі Шу мен Тефнутты тауып алғып, оларды ертіп әкеледі. Атум қуаныштан жылап жібергенде, көз жасы Бен-бен белесіне тамып, тамшылаған жастар адамдарға айналады. Ескі көзі Атумның өзінен басқа жаңа көзі бар екеніне назаланады. Жұбату мақсатында Атум оны маңдайына орнықтырып, оған ұлы міндетін – өзін және өзі жаратқан реттіліктің құдай анасы Тефнут-Маатты қорғауды тапсырады. Ал Шу мен Тефнуттың некесінен тағы бір құдайлар жұбы жер құдайы Геб пен аспан құдай анасы Нут тарайды [3, 58-59]. Осылайша тіршіліктің жаратылыс негізі пайда болғанын алғартады.

Мысырдың тағы бір қаласы Мемфис тұрғындарының әлемнің жаратылуы туралы мифтік түсініктері де алғашқы мұхитпен

байланысты. Әуелде Жер болып саналған Птах өз еркінің күшімен жерден денесін жаратып, құдайға айналады. Қайта жаралған Птах әлемді және басқа да құдайларды жаратамын деп шешеді. Алдымен ол Каны (рух) және өмірдің белгісі «санхты», одан соң болашақ құдайлардың жасампаздық күшін тудырады. Птах басқа материал болмағандықтан, ол бүкіл тіршілікті өзінің денесі саналған жерден жасайды. Осы уақытта құдай түпсіз әрі шексіз Хаостан Атумды жаратады. Ол әкесі Птахқа тіршілік иелерін жарату ісіне көмектеседі. Птах қалалар салып, құдайларды соған сай боліп, әрқайсысын ғибадатханаларға жайғастырады [3, 59]. Бұл нұсқадағы Хаос түпсіз тұңғылық су образында беріледі. Ал дүниенің жаратылуы Птахтың пайда болуымен байланысады. Демек, мұнда судың құрғақ жерге айналуы арқылы жасампаздық процесі басталды. Сонымен қатар кей деректерде Птах әлемді заттарын атауын атап жаратты десе, кейде «сөзі мен жүргегінен» жаратты деген де мәліметтер кездеседі.

Ал Гермополь қаласындағы түсініктер бойынша алғашында қирату күштері – Шекіздік, Ештеңе, Гайыптық және Қараңғылық ұstemдік еткен Хаос болады. Кей деректер бойынша алғашқы «жағымсыз» күштердің қатарына құдайлардың үш жұбы – Тенемуит (Қараңғылық пен Гайыптық), Ниау және Ниаут (Қуыстық және Ештеңе), Герех және Герехт (Жоқтық және Тұн) енеді. Хаостың қиратушы күштеріне қарсы тұрған жасампаз күштер – төрт құдайлар жұбынан тұратын Ұлы сегіздік пен Огдоада. Сегіздіктің ер құдайлары – Хух (Шекіздік), Нун (Су), Кук (Қараңғылық), және Амон («Көрінбейтін», яғни Ая). Бұлардың басы бақа кейпінде болған. Оларға тән Хауҳет, Наунет, Каукет және Амаунет – эйел құдайлардың басы жылан бейнесінде берілген. Ұлы сегіздіктің құдайлары алғашқы мұхитта жүзіп жүрді. Олар жер мен судан Жұмыртқа жасап, оны алғаш пайда болған белеске – «Жалынды аралға» қояды. Арапда жұмыртқаны «жас Ра» – күн құдайы Хепри жарып шығады. Енді бір нұсқаларда жерге жарық шашқан күн құдайы жұмыртқадан емес, лотос гүлінен туған деседі. Қуаныштан жылаған Раның белеске тамған көз жасы адамдарға айналады. Бұл нұсқа Мысырдың түгел аймағында тараған [3, 60]. Мысыр мифтерінің үш нұсқасында Хаостың обrazдары өзгеріске ұшыраған. Алғашында Хаостың шексіз, түпсіз мұхит түрінде болғаны үш нұсқада да дәлелденіп отыр. Гермополь қаласы тұрғындарының түсінігі бойынша әлем алғашында қиратушы мен жасампаз күштердің бірігүйен туған жұмыртқадан пайда болады. Соңғы нұсқада дүние жұмыртқа образында суреттеледі, кейбір деректерде тіпті жұмыртқа емес, лотос гүлі жаратылыстың негізі саналады.

Жоғарыда аталған мысалдарда Хаос образдарының берілу тәсілдерінің бірі болып саналған судың құрғакқа ауысу процесі нәтижесінде әлемнің алғашқы моделі жарапған.

Әлем мифологиясында дүниенің жаратылуы хаостың ретке келуімен, космосқа ауысуымен байланысты келеді. *Шумер* халықтарының «Энума Элиш» («Әуелде... Жоғарыда») деп аталағын жыры әлемнің жаратылуы туралы. Б.з.д. III мыңжылдықтың соңында Тигр мен Евфрат өзендерінің бойында өмір сүрген шумер-аккадтарға тиесілі бұл жырда Хаостан пайды болу идеясы негізгі мотив болып табылады. Космогониялық эпос-поэма саналатын «Энума элиштің» ең көне нұсқасы б.з.б. X ғасырдың басында жазылған. Жыр бойынша алғашында Хаос болған. Онда Апсу (тұщы судан тұратын), Тиамат (теніз суынан тұратын) және Мумму атты құбыжықтар өмір сүрген делінеді. Апсу – Тиаматтың жұбайы. Су образында суретtelген Хаостан бұл тіршілік иелерінің сулары араласқанда алғашқы құдайлар жаратылады. «Энума элиш» жырында ол былай беріледі:

Жоғарыда – аспан жарапмаған кезде,  
Төменде – жұмыр жер жарапмаған кезде,  
Олардың жаратушысы алғашқы Апсу,  
Бәрін жаратқан Мумму да, Тиамат та  
өз суларын біріктіріп араластырмады.  
Қамысты там сабанмен төсемеген кезде  
Сазды жер де болмады.  
Онда әлі бірде-бір құдай жаратылмады.

Олардың атаулары мен тағдырлары алдын ала анықталып қойылмады.

Міне, сонда, олардың арасында, құдайлар жарапалды [4, 7].

Жырдағы «аспан мен жер жарапмаған кез» деген тармақ олардың шын мәнісінде де болмағанын аңғартады. Әлем алғашқы екі стихиялық құш ретінде берілген хаостан тұрды. Ол құштер: арғы ана Тиамат пен «барлығын алғаш жаратушы» Апсу. Ассирия-вавилондықтар басқа да көне халықтар секілді хаосты су ретінде таныды. «Тиамат» – теңіз, ал «Апсу» – тұнек, қараңғы деген мағынаны береді. Месопотамиялықтардың айтуынша, Апсу деп жер бетіндегі шексіз тұщы мұхитты атаған. Тиамат пен Апсу «өз суын біріктіріп араластырғанда», осы сулардың түбінде Лахму және Лахаму атты құдайлар жұбы өмірге келді. Бұл алғашқы құдайлар өте ұзын бойлы және құбыжық кейпінде көрінді. Олардың некесінен құдайлар жұбы «Аспан шенбері» Аншар (ер) мен «Жер шенбері» Кишар (әйел) тарады. Екеуі аспан мен жерді бөліп тұратын сызықта тұрады.

Жырда алғашқы мифтік уақыттың сипаттары берілген. Ешқандай тіршіліктің ізі болмаған бұл сәтте ұшан-теніз Хаос жанжақты сипатталмайды. Шумерліктер дүниетанымындағы Хаос бейнесі инварианттылығымен ерекшеленеді. Мұнда алғашқы тіршіліктің жаралуына тұщы және азы сулардың қосылуы түрткі болады. Одан пайда болған құдайлар әрі қарайғы тіршілік бастамасы болып табылатын аспан мен жердің бөлінуіне ықпал етеді.

Алғашқы нұсқа бойынша Хаос алғашқы мұхитпен сипатталады. Алайда, бұл судың қашан және қалай пайда болғаны беймәлім. Шумерлердегі дүниенің жаратылу үдерісін былай түсіндіруге болады:

1. Алғашында шексіз мұхит болған. Оның пайда болуы туралы ештеңе айтылмаған. Бұл арада ол мәңгі орналасқан деген шумерлердің танымындағы тұжырым сәйкестік тудыратыны ықтимал.

2. Шексіз мұхиттан аспан мен жердің бірігуінен туған ғарыштық тау жаратылады [5, 193]. Шумер мифологиясындағы ғарыштық тау концептісі «әлемдік жұмыртқа», «космостық ағаш» ұғымдарымен тығыз байланысты. Бұлар – тіршіліктің орнауын түсіндіретін мифологиялық мотивтер.

Бірнеше мифтік сюжеттерді жинақтайды қарастырсақ, хаос шумерліктерде екі нұсқада беріледі: біріншісі – барлық кеңістіктің әлемдік мұхитпен толуы (оның қойнауын тіршілік анасы Намму мекен еткен); екіншісі – құдайлар жұбы Аң мен Кидің біртұтастығы (кейін ұлдары Энлиль ата-анасын ажыратады). Шумердің екінші бір нұсқасында Хаос Энлильдің («ниль» элементі жел, желдің соғуы деген мағыналарды білдіреді) тууымен байланысты. Энлиль космостық кеңістіктің бірінші толығуы, қозғалыстың бірінші тасымалдаушысы саналады. Жалпы алғанда, мысырлықтардың көне нұсқаларына қарағанда, шумерлердің Хаос туралы түсінігі динамикалық концепцияны нұсқайды.

Үнді мифологиясында әлемнің жаратылысы туралы бірнеше нұсқалы космогониялық мифтер ведалар, үндіеуропалықтарда қалыптасқан әлем туралы түсініктер арқылы тарағандығы белгілі. Бұларды зерделеуде және салыстыруда ортақ сипат анықталады. Ол – алғаш хаостың болғаны. Алғашқы хаостың реттілікке ұмтылуынан тіршілік әлемі орнады. Алайда, веда болсын, упанишад немесе брахман мәтіндері болсын, жаратылыс үдерісіне ерекше сипаттама береді. Әр нұсқада әртүрлі бір заттың сипатына акцент жасалады. Оған осы түсініктердің толыққанды нұсқада жетпеуі, кейір нұсқалардың үзік-үзік талдануы себеп бола алады. Барлығына ортақ сюжет болып саналатын хаос образы, әлемнің алғашқы бейнесі көбіне қара түнек, алып мұхит түрінде көрініс тапқан.

А.И.Немировскийдің «Мифы и легенды народов мира» еңбегінде алғашқы әлем күйі былай беріледі: «Алғашында Сат та, Асат та болған жоқ. Ауа кеңістігі де болмады. Сонда анда да, мұнда да жылжыған не? Шексіз, терен қандай су болды? Ол уақытта өлім де, мәңгілік те болған жоқ. Күнді түннен айыратын ештеңе де болған жоқ. Тек өзіндік заңымен ауаны қозғалтпай тыныс алған бір жансыз күш болды. Одан басқа ештеңе көрінбеді. Алғашында түнек түнекпен бүркенді. Бос кеңістіктегі қызыудың күшімен жалғыз өмір бастауы пайда болды» [6, 156]. Үнділердің танымында да алғашқы әлем қара түнекке оралған Хаостан өрбіді деген түсінік орнықкан. Күннің түннен айырмасы болмағанына қарағанда, үнділердің де түсінігі бойынша Аспан мен Жер біртұтас болып, кейін екіге бөлінген. Асат («накты емес» деген мағынаны білдіреді) – бүкіл әлем, жарық пен жылусыз дүниенің терең сферасы. Сат («накты», «мән» деген мағыналарды білдіреді) – құдайлардың мекенін қоса алғанда үш әлемнен тұратын дүние.

Үнді халқының ең көне жазба ескерткіштерінің бірі «Ригведада» дүние алғашында жоқтан пайда болды дегенге саяды. Олардың мифтік санасында дүние «ауаны қозғалтпай үнсіз дем алып тұратын түпсіз мұхитқа» сыйып кеткен деген түсінік болған. «Ригведадан» алынған үзіндіні фольклортанушы, академик С.Қасқабасов былай береді:

Жоқ нәрсе де жоқ болатын ол кезде,  
Бар нәрсе де жоқ болатын ол кезде.  
Ауа кеңістігі де, оның үстіндегі аспан да жоқ болатын.  
Не нәрсе әрі-бері қозғалды екен?  
Қай жерде? Кімнің қарауында?  
Қандай су еді бұл түпсіз терең?  
Өлім де, мәңгілік те жоқ еді ол кезде.  
Түннің де, күннің де белгісі жоқ еді.  
Әйтеуір, бір нәрсе дем алып тұратын ауаны қозғамай,  
Одан басқа еш нәрсе жоқ еді.  
Қараңғылық басқан түнек еді оу баста,  
Дүниенің бері – айқындауға келмейтін түпсіз мұхит еді [7, 294]...

Жоғарыда Е.М.Мелетинский жіктеген дүниенің пішіні бойынша «Ригведадағы» көрініс бос ортаниң – затқа, қалыпсыздың – қалыптыға айналу жайындағы суреттеуіне келеді. Өйткені, бұл суреттеулерде Хаостан басқа еш нәрсенің бейнесі көрінбейді. Хаос бейнесі су және түнек түрінде беріледі, яғни шексіз, алып мұхитпен сипатталады.

*Көне қытай мифологиясында дүниенің жаратылуы туралы мотивтер «Шуцзин», «Ицзин», «Чжуан-цзы», «Ле-цзы» сынды ежелгі тарихи және философиялық шығармаларға сүйеніледі. Мифология бойынша құнды деректердің бірнешеуі «Шань хай цзы» көне тарихи трактатынан алынған. Хаос образы бұл халықта «хунь-тунь» ұғымымен түсіндіріледі. Хунь-тунь алғашқы адамдардың эмбриондық сатыдағы «дамымаған» түрі образында суреттеледі. Кейде Хаос көзсіз, құлақсыз, мұрынсыз, ауызсыз және басқа да мүшесіз адам, тіпті аю сипаттас төбет кейпінде беріледі. Оның «ретсіздігі» адамгершілік аспектіде көрінеді: жақсыларға үріп, жамандарға жарамсақтанады. Хаостың күші әртүрлі пері тектес тіршілік иелері түрінде елестейді. Бұл ғарыштағы реттілікті қолдау, космогенез процесі деп ұғынылады.*

Кей деректер бойынша Хаос – қалыпсыз пішін, оны Инь және Янь атты екі рух мекен етті делінеді. Трансформацияға ұшырап, ер бастау саналатын Янь – аталық бастау – аспанға, ал оған кері аналық бастау болып есептелетін Инь жерге, солтүстікке, айға, өлімге және жұп сандарға айналады.

Қытай мифтеріндегі Хаостың ерекшелігі – персонификациялық характерді иеленуі. Ол жоғарыда аталған «Хунь-Тунь» деген есіммен аталды. Сонымен қатар тіршілік пайда болмай тұрған мезетте Хунь-тунь достарымен өмір сүрген деседі. Олардың бірі Шу (жылдам) – Оңтүстік теңіздің иесі, ал екіншісі Ху (Оқыс) – Солтүстік теңіздің қожайыны. Алғашында ешқандай дене мүшесі жоқ Хаосқа осы екі досы 7 мүшесін жасап береді. Хаосты толықтай тіршілік иесіне айналдыру үшін Шу мен Ху құлақ, мұрын, ауыз және көз салып бергенде, ол көз жұмады. Осы сәттен бастап Хаостың орнына Әлем және Жер пайда болады [8, 97].

Қытай мифологиясында әлемнің жаратылуы туралы бірнеше мотивтер бар, арасында ең жиі таралғаны – алып Паньгу туралы мифтер. Паньгу әлемнің бірінші негізінен жасалған жұмыртқадан пайда болады. Көп халықтарда жұмыртқа құнарлылық пен жемістіліктің символы саналады әрі ол жаратылу мен туу идеяларымен тығыз байланысты келеді. Мысалы, Оңтүстік Кореяда жұмыртқаны кішкентай сәби жарып шығып, әлемнің басқарушысына айналады. Ал үнді мифологиясында космостық жұмыртқа туралы мотив кездеседі. Адамзаттың бір жаратушыдан тарауы туралы концепцияны грек және полинезия сынды басқа да мәдениеттерден кездестіруге болады. Жапон мифтеріндегі Идзанами мен Идзанагидің бірігүі қытай халқындағы Ньюва мен ағасы Фусидың некесіне аналогия болып табылады.

Грек мифологиясында эволюциялық үдеріспен үйлесетін хаостан космосқа дейінгі үш негізгі даму кезеңі бөлінеді. Олар: хтоникалық, олимпиялық, қаһармандық. Осылардың ең алғашқысы мифологиялық таным-түсінік қалыптаса бастаған уақытпен тұстас келеді. Алғашында өмір үйлесімсіз және хаотикалық тұрғыда қабылданды. Әлемнің алғашқы негізі болып табылатын Хаос материяны рухтандыратын қасиетке ие болған. Грек мифологиясындағы түсінік бойынша Хаостың өзі материя деп саналды. Одан Кара тұн мен Эреб (қараңғылық бейнесі) тарайды. Бұл тұрғыда Хаос жасампаздық функциясымен ерекшеленеді. Демек, гректерде әлем бір-бірінен тізбектеле тараған деген түсінік болған.

Грек космогониясы реттілігімен (әлемнің жаратылуы нақты баяндалады) және инварианттының жоқтығымен ерекшеленеді. Хаос грек тілінен аударғанда «жұтқыншак», «ұнірею», «айқара ашылған кеңістік» деген мағыналарды білдіреді. Аталмыш мағыналар ежелгі гректердің түсінігі бойынша, әлемнің бос кеңістіктен пайда болғанын дәлелдейді. Гректер танымындағы қазіргі уақыттың абсолютті бастамасы саналатын Хаос бейнесі алғаш рет Гесиодтың «Теогониясында» суреттелді [8, 132-133]. Алайда, Гесиод сипаттаған Хаостың ешқандай өзіндік ерекшелігі білінбейді. Өйткені ол от пен судың әрекеттестігі де емес, су да емес, құрлық та емес, беймәлім дүние, тек қараңғы екені белгілі.

Грек мифтеріндегі Хаос образы басқа мифтердегідей алып мұхитпен емес, қараңғылық, бос кеңістік ұғымдарымен интерпретацияланады: «Алғашында тек мәңгі, шексіз, қараңғы Хаос болды. Онда өмірдің көзі бар. Барлығы да шексіз Хаостан жаралды: бүкіл әлем, өлмейтін құдайлар. Жердің құдай анасы Гея да Хаостан туды. Құшағында өсетін және өмір сүретін тіршіліктің бәріне өмір дарытатын ол кең көсіліп жатты. Ұшы-қызыры жоқ алыстағы аспан сияқты, терендігі өлшенбейтін жер астындағы алыс жерде тас түнекке толы түпсіз тұңғиық – тұнерген Тартар пайда болды. Барлығына жан бітіретін алып күш махабbat иесі – Эрос та Хаостан туды. Шексіз Хаостан мәңгілік түнек Эреб пен қараңғы тұн Нюкту тарады. Ал Тұн мен Түнектен мәңгілік жарық Эфир мен жарық күн Гемера туды. Жарық түгел әлемге жайылып, күн мен тұн бір-бірімен ауысып отыратын болды» [9, 46-47]. Гректердің мифтік дүниетанымы бойынша Хаостан алдымен Жер құдайы тарайды. Бұл мотив олардың тіршілікке өмір беруші Жер-Ананы бәрінен жоғары қойғанынан туса керек. Сондай-ақ, жоғарыдағы миф желісінен әлемнің вертикалды үш моделін байқауға болады. Қектегі тұн иесі Нюкту мен күн иесі Гемера, жер астында туған Тартар, ал аспан мен

жердің ортасындағы тіршілікті таратушы Жер-Ана Гея – барлығы да Хаостың өзинен тікелей жаратылған. Грек мифологиясының Мысыр, шумер мифтерінен ерекшеленетін – осы тұс. Мұнда аспан мен жер біртұтас болып, басқа халықтардағыдан кейін екіге ажырамаған, Хаостан үш әлемнің иелерінің жаратылғаны әңгімеленеді.

Тибет халықтарында әлемнің пайда болуы Фарыштың (Космос) жұмыртқадан қалай туганымен байланысты. Алғашқы бес стихиялық құштен (эфир (аспан), ауа, от, су, жер) үлкен жұмыртқа пайда болады. Бұл жұмыртқаның сарысынан он сегіз жаңа жұмыртқа туады. Осылардың ортасында орналасқан біреуі басқаларынан бөлектенеді. Жұмыртқаның аяғы мен қолы өсіп шығып, одан кейін бес сезімі дамып, кемелдікке жетеді. Бұл өсімтал нәрсе жас сұлу жігітке айналады. Оны Есмон патша деп атайды. Тіршілік иелері осы патшадан тарайды. Ал Полинезия халықтарында туу генеалогиясын баяндайтын Кумулипо атты діни гимн әлемнің пайда болуы туралы сюжеттен тұрады. Мұнда аспан шырақтары, өсімдіктер мен жануарлардың шығу тарихы қамтылады. Өлең келесі жолдармен басталады: «Жер бүкіл кескін-келбетін түгелдей өзгертуен сәт. Аспан жерден ажыраған кез. Айға өз жарығын беру үшін Күн шыққан мезгіл» және т.б. [10, 31-33]. Контексте айтылған Жердің кескін-келбетінің өзгеруі мифтік уақыт кезеңінде әлем образының өзгеше болғанын нұсқайды. Ал аспанның жерден ажырағаны туралы жырлануына қарағанда, алғашында аспан мен жер бұл халықтардың түсінігінде де біртұтас болып жаратылып, кейіннен тіршілік әлемдері бөлініп шыққан.

Салыстырмалы түрде алғанда, келтірілген мысалдардан ортақтық нышаны байқалады. Әлем барлығында дерлік түпсіз тұнғыбытан, шетсіз-шексіз ғаламнан, тұбі мен жағасы жоқ телегей теңізден, тұнектен яки қараңғылықтан, тіпті тұманнан пайда болған деген нұсқалар кездеседі. Бұлардың барлығы Хаостан туындаған, ал Хаос – бейберекет әлем. Мысыр, шумер, ұнді халықтарының мифтік дүниетанымында Хаос бейнесі шексіз мұхит, сумен сипатталса, қытайларда Хаос бір түрге кейіптеліп, «Хунь-тунь» атты мүшесіз адам бейнесімен көрінеді, ал грек мифтеріндегі дүниенің пайда болуы қаранғы, бос кеңістікпен суреттелетін Хаоспен түсіндіріледі. Мифтік сюжеттер арасында айырмашылықтар байқалғанмен, Хаостың алып мұхит түрінде, яғни су образында сипатталуы басым. Осыдан барып әлемнің әр түкпірінде өмір сүрген бұл халықтардың сюжетіндегі ортақтықтың сыры неде деген сұрақ туындағыды. Фольклортанушы, академик С.Қасқабасов эволюциялық дамудың ортақ іздері биогенетикалық заң арқылы да дәлелденгенін өз тұжырымдарында айғақтайды. Әлемнің пайда болуын Жер бетін

бірнеше дүркін қалың мұз басып, қайта ерігенде туған топан сүмен байланыстырытын да пікірлер кездеседі.

Мифтік сюжеттер мен мотивтердердегі ортактықтарға сүйене отырып, жаратылыс бейнесінің берілу жолдарын бірнеше топтарға жіктеуге болады. Әлемнің құраушы компоненттері мен пайда болу түрлері мынадай:

1. Космостық нысандар мен құдайлардың биологиялық турде тууы (Мысыр, шумер («Энума Элиш»), үнді («Ригведа»)).

2. Табиғи нысандардың бір субъектінің дene мүшелерінен пайда болуы («Ригведа» гимндеріндегі Пурушаның дene мүшелерінен әлем компоненттерінің пайда болуы: кіндігі – қеністікке, көзі – Күнге, т.с.с.); көне мексикалықтар (ацтектер) түсінігіндегі құдайлар әлемді екі бөлікке бөледі. Оның бір бөлігінінен жер бетін, екіншісінен – аспан әлемін тудыруы, Жер-ананың шашынан өсімдіктердің, ал аузы мен көзінен өзендер мен үңгірлердің, иығы мен мұрнынан таулар мен алқаптардың жаратылуы; Қытай мифтеріндегі Пань-гу).

3. Алғашқы адам образындағы субъектінің әлемді жаратушы құдайларды дүниеге келтіруі (Мысырда Атумның Шу мен Тефнуттың Атумның аузынан тусуі).

4. Нысады немесе субъектінің атауларын атап жаратуы (Мысырда Птахтың әлемді «тілі мен жүргімен» жаратуы, сонымен қатар Жана Зеландиядағы маори тайпасында да осындағы түсініктер болған).

5. Әлемнің жаратушы құдай немесе демиургтің қатысуымен құрылуы (ислам дінінде құдайдың әлемді 6 күнде (2 күнде көкті, 4 күнде жерді жаратуы), мұндай мотивтің аналогиялық түрлері Библияда, австралия халықтарының түсініктерінде кездеседі).

6. Жоқтан пайда болу (үнділердің «Ригведасында»).

7. Шексіз мұхиттан, қараңғы түнектен пайда болу (Мысыр мифтерінің Гелиополь және Мемфис нұсқалары, Үнді («Ригведа»), Грек мифтері).

8. Барлық халықтарда кездесетін әмбебап мотив – алғашқы сулардан пайда болу (Мысыр, үнді, грек, жапон, африка және америка халықтарының мифологиясында).

9. Әлемнің қабаттардан жаратылуы (Құран кәрімдегі 7 қабаттан тұратын көк мен жер).

10. Ғалам моделінің вертикальды үш әлем, көлденең төрт қеністікten құралуы туралы (түркі халықтары, үнді (виннебаго тайпасы).

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. 3-изд.. – М.: Восточная литература. 2000. – 407 с.
- 2 Фольклор и мифология Востока в сравнительно-типологическом освещении. – М.: Наследие, 1999. – 334 с.
- 3 Античная мифология: Энциклопедия. Лактионов. – М.: Эксмо, 2004. – 768 с.
- 4 «Энума элиш» / Пер. с аккад., сост. В.К.Афанасьевой и И.М.Дьяконова; Институт востоковедения РАН – М.: Алетейя, 2000. – 456 с.
- 5 Крамер С.Н. История начинается в Шумере. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1965. – 257 с.
- 6 Немировский А.И. Мифы и легенды народов мира. – М.: Литература, 2004. – 432 с.
- 7 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
- 8 Садовская И.Г. Мифология: учебное пособие. – М.: ИКЦ «МарТ», 2006. – 352 с.
- 9 Кун Н.А. Легенды и мифы древней Греции. – М.: Просвещение. 1975.
- 10 Элиаде М. Аспекты мифа. 5-изд., М.: Академический проект, 2014. – 235 с.

### Резюме

В статье в сравнительном аспекте рассматриваются мотивы из мифологических мировоззрений народов мира о создании вселенной из хаоса и состояния беспорядка. Анализируются общие сюжетные линии и отличия в описаниях состояния беспорядка и их упорядочения в космологических мифах. Основываясь на сходствах мифологических сюжетов и мотивов и их общих признаков, производится их распределение на соответствующие группы. Разъясняются составные компоненты вселенной и мифические сюжеты об их возникновении. По результатам исследования авторы предлагают конкретные выводы.

### Resume

The comparative aspect of the article allows considering motives from the mythological worldviews of the peoples of the world devoted to the creation of the universe from chaos and state of disorder. There is an analysis of the general plot lines and differences in descriptions of the state of disorder and their ordering in cosmological myths. Based on the similarities between mythological plots and motifs and their common features, they are classified according to appropriate groups. The authors give explanations of the components of the universe and mythical stories of their origin. According to the results of the study, the authors offer specific conclusions.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙТЫС ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЛИХАН АЛТЫНБАЕВТЫҢ АЙТЫСТАРЫ

Қ.Т. ТӨЛЕБАЕВА

филология ғылымдарының кандидаты,

доцент міндеттін атқарушы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-зан университеті

### Аннотация

Мақалада қазақ ауыз әдебиетінің аса мол дамыған бір саласы – айтыс жанры қарастырылады. Айтыстың зерттелу жайы, ғалымдардың еңбектері басты назарға алынған. Ақын Қалихан Алтынбаевтың халық поэзиясы, айтыс жанрына қосқан үлесі, айтыстарының тақырыптық ерекшелігі сөз болады. Ақынның алғашқы айтыстарына әдеби талдау жасалынып, лирик және эпик ақын ғана емес, сонымен қатар, айтыскер екені дәлелденген.

*Түйін сөздер:* әдебиет, айтыс, жанр, тақырып, текстология, ақын, дәстүр, ауыз әдебиеті, әдеби талдау, сатира.

Қазақ ауыз әдебиетінің аса мол дамыған бір саласы – айтыс. Айтыс жанрын қазақ ғылымында арнайы зерттеу Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев еңбектерінен бастау алып, одан кейінгі кезеңде Р.Бердібай, М.Дүйсенов, Қ.Сыдыков, С.Қасқабасов, М.Жармұхамедов, Е.Тұрсынов және т.б. ғалымдар еңбектерінде жалғасын табуда. Айтыстың жанрлық сипатын, көркемдік кестесін, текстология мәселеін саралай қарастырган зерттеулер қатарында М.Жармұхамедовтың докторлық, С.Дуанаеваның, Т.Әлібековтің, Л.Әbdіхалықованың, Б.Имашевтың кандидаттық диссертацияларын атап өткен орынды.

Ақындық айтыс – қазақ әдебиетінің арнаулы бір саласы. Ертеректен бері ел өмірінде болған той-думан, ас-жиындар ақындар айтысының өтпеген. Ежелден келе жатқан ақындар айтысының дәстүрі бойынша карт пен жас, ерекек пен әйел тартынбай айтыса беретін. Оған карт ақын Жанаққа жас талап Сабыrbайдың, атасындей Сүйінбайға қарсы Күнбала қыздың айтыстары дәлел бола алады.

Аттың шабысы, жігіттің шалысы ғана шешетін сындардай емес, айтыс адамнан ақындық дарынмен бірге, мол білімділікті,

тапқырлықты, төзімділікті т.б. қасиеттерді керек ететін ауыр тартыс. Сондықтан айтысқа түсем деген ақын ұзақ жылдар атақты ақындарға ілесіп ел аралайды, әртүрлі айтыстарды, әңгімелерді тыңдал үйренеді.

Ә.Қоңыратбаев айтыс жанрын түбегейлі зерттеп «Айтыс – өмірге жақын тұрған, мадағы мен сатирасы егіз поэзия, түрлі өнердің басын біріктіріп тұрған синкреттік салт өлеңдер» [1, 186 б.]- дейді.

Ақындар айтыстың барысында өз жағын мактап, қарсы жақтың мінін аша отырып, сайып келгенде, екі жақтың да жақсы-жаманын, табысы мен кемісін алқа топтың алдына жайып салады. Шыншыл ақындар халықтың райына қарай парапор болыс-билерді, бай- молдаларды, хан-терелерді де түйреп кететін. Сондықтан да «әзілің жаарасса атаңмен ойна» деп әзіл-әжуа, сын-сықақты жақсы көретін еңбекші халық ақындар айтысын ұйып тыңдал, ұқыптап жаттап алып жүретін-ді.

Халық поэзиясы, айтыс жанры кеңес дәуірінде қайта туды. Оның Жамбыл, Нұрпейіс, Нартай, Қуаныш, Доскей, Шашубай, Кенен, Қалқа, Нұрлыбек, Болман, Үдабай, Үмбетәлі, Әлібек, Нақып, Кете Жүсіп, Қанлы Жүсіп сияқты өкілдері болған. Соғыстан кейінгі кезенде олардың қатарына көптеген жас ақындар қосылды. Кеңес айтысының жақсы үлгілері әр жылдары басылып шыға бастады.

Кеңес дәуірінде туған айтыстарды бірнеше кезенге бөлеміз: 1) 1920-1940 жылдар арасындағы айтыс поэзиясы. Онда қалың малдың жойылуы, тап күресі, ірі байлардың малын конфескелеу, ауылды кеңестендіру мәселелері сөз болған; 2) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы айтыс. Мұнда майдан мен тылдың бірлігі, отаншылдық мәселелері басым айтылады; 3) 1946-1957 жылдардағы айтыс поэзиясы. Бұл кезенде туған айтыс үлгілерінде еңбек процесі, өндіріс табыстары бас тақырып болған. 1960 жылдан соғы кезендегі айтыс. Бұл мерзімде айтыс өнері жаңа мазмұнға, жаңа сипатқа ие болып, оның көптеген жас өкілдері туып, қалыптасты. 1941, 1943, 1945 жылдары Алматыда республикалық айтыстар, 1961 жылы ақындар слеті, соғыс жылдары және одан кейінгі кезендерде облыстық айтыстар өткізілді.

Айтыс өлеңдерінің ішінде ең көлемдісі, тақырыбы және мазмұны жағынан күрделісі, көркемдік деңгейі жағынан жоғарысы – ақындар айтысы.

Осы ақындар айтысының дәстүрін жалғастырушылардың алдыңғы қатарындағы халық ақындарының бірі – Қалихан Алтынбаев. Айтыс додасының ортасынан табылған

Қ.Алтынбаевтың Қ.Байқұтановпен Т.Әміреновпен, С.Мұқановпен, Ф.Шөкімұлымен, М.Баймурзинмен, Көкен Шөкеевпен тағы басқа ақындармен сайыстары айтыс өнері тарихында өлең сөзден өшпес өрнек қалдырыды.

Осы өнер жарыстарында Қ. Алтынбаев шын дарындылығымен көзге түсіп, жүрттың таңдайын қақтырып, көвшілік құрметіне бөленді. Айтыстары кезінде «Ақындар жыры» (1963), «Айтыс» З-том (1966), «Жамбыл және халық поэзиясы» (1975), «Қазактың қазіргі халық поэзиясы» (1976), «Мәңгі көктем» (1988) жинақтарына басылып шықты.

Айтыс өнерінің ерекшелігі жайында М. Жармұхамедұлы былай дейді: «Қазакта екі адамның бетпе-бет бәсекеге түсүі шешендей қара сөзбен де, белгілі бір аспапта өзара күй тартысы арқылы да, кезектесіп айтылатын суырыпсалма өлеңмен болуы да мүмкін. Мұның қай түрін алсақ та сезімтал тапқырлық пен алғырлықты, кияннан қыстыратын шеберлікті керек етеді» [2,12 б.].

Жоғарыда айтылған айтыс ақынынан талап етілетін қасиеттер Қ.Алтынбаев бойынан табылды. Осы орайда К.Туғанбаевтың «Мен өзім жақсы білетін, көзім жетіп, көңілім сезген Қалиханның бірнеше қасиетін айтуды парыз деп санаймын Ол – нағыз дарындарға тән сезімталдық қуатының молдығы, естігенін есте сақтау зейін қабілеттілігі, оқығанын көкейінде тоқығыштығы, ең сонында осы адамдық факторлардың бәрін бір мақсатқа бағындырған нық үстамдылығы» [3], - деген орынды пікірін естен шығара алмаймыз.

Тал байындағы дарынды айтыспен ашқан Қ. Алтынбаев ең алғаш 1947 жылы Қесембек Байқұтановпен сайысқа түседі. Қалихан бұдан арғы шығармашылық жолында қаншама өлендер мен дастандарды жазумен бірге, біршама айтыстарға қатысады.

1957 жылы Қазан төңкөрісінің 40 жылдық мерекесіне орай өткізілген мәжілісте Семейде Тәнірберген Әміреновпен айтысады. Бұл айтыста ақынның айтыскерлік шеберлігі жоғары бағаланып, «Айтыс» жинағының З-томында жарияланып, сонынан өзбек тілінде «Шарқ юлдызы» журналында жарық көрді.

1961 жылғы халық ақындарының республикалық мәслихатында Әбікен Сарыбаевпен жыр додасына түседі. Осы айтыста Қазакстанның халық ақыны атығын алған Қалқа Жапсарбаевпен кездеседі. Ол кісі: «Зор дауыс әншілік немесе шебер қүйшілік өз алдына, ал мына Қалиханның сөзі, төрт аяғы тең түседі. Қайткенмен Абай аулының баласы ғой» » [4], - деп Қ. Алтынбаевтың ақындық шеберлігіне жоғары баға береді.

1970 жылы В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесіне байланысты Алматыда Қазақ ССР Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен ғылыми творчестволық конференция өткізіледі. Қ.Алтынбаевтың Көкшетаулық ақын Көкен Шәкеевпен айтысы «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» атты антологиялық жинаққа енді.

Дәстүрлі ақындар айтысының бері екі ақынның бір-біріне «жол болсын» айтып, жөн сұрасуынан басталады. Оны тиімді етіп орнымен пайдалана білу ақынның айтыста шындалған шеберлігі мен тапқырлығын танытады.

Әбікенмен айтысында Қ. Алтынбаев өз елінен шыққан атақты дара тұлғаларды пір тұта отырып, Жетісу өнірінің даңқты өнер иелерін, сұлу табиғатын жырға қосады. Бұл жерден біздің байқайтынымыз ақынның өз туған жерінің тарихын ғана емес, басқа жер тарихын жетік билетіндігі.

Ат беріп ақын деген өзіме де  
Жіберді осы топқа арнап халық,  
Болғанда сіз – ақ шортан, мен балықшы,  
Ал, кеттім, Ертіс бойлай қармақ салып.

Сөз бастаған ақынның балық пен қармақты айтуы да қарсыласының жан дүниесіне әсер ету арқылы алдын орап сөзбен матаудың, бұлтартпай идірудің тәсілі. Осы ойды әсем образға бөлеп беру де үлкен шеберлікті қажет етеді.

Осы айтыстың негізгі тақырыбы – өз облыстарының табысын жырлап, кемшілігін сынау. Әбікен Сарыбаев Алматы, Жетісу өлкесінің жетістігін жырласа, Қ. Алтынбаев Семей, Ертіс бойының ұшан-теңіз байлығын мақтан етеді.

«Тоқсан ойдың түйіні тобықтай сөз»,  
Қазақтың ұстанайық осы салтын.  
Исадай шалқар емес шағын едім,  
Демеймін ұлы Ертістей ағын едім, - дейді ақын.

Қ. Алтынбаевтың қай айтысын алмайық, ақын өзінің суырыпсалма өнердің шебері екенін танытады. Ж. Жабаевтың 125 жылдық тойындағы оралдық Сағынғали Мұқановпен айтысында:

Қайдасың, Сағынғали, әріптесім.  
Даланың ағар Жайық жарып тесін.  
Тап сондай тегеуірінді күш салмаса,  
Ел сені бекер неге дәріптесін.  
Індетер сөз тұлкісін із қуалап,  
Семейдің мен қыраны мұзды балак.  
Сөгілген қолтық еті жүйрік қой деп,  
Отырмын осы топта сізді қалап.

Ұрысу, дұрыс емес, жамандасу,  
Тартысу, керек бірақ, табандасу.  
Еліне Ақ Жайықтың менен сәлем,  
Қазақтың дәстүрі ғой амандасу,- деген шумактардан-ақ әр  
сөзді өз орнында қолдана білу ақын шеберлігіне тән нәрсе екенін  
аңғаруга болады. Айтысқа өң беріп, көркемдендіріп тұрган  
салиқалы ой түйінделген осындағы жолдардан Қ.Алтынбаевтың  
сыршылдығын, байыпты байсалдығын байқаймыз.

Аман ба қора-қопсы, үй-ішіңіз,  
Құданда, апа жезде, туысыңыз.  
Екенсіз редакторға орынбасар,  
Жайлыш ма істеп жүрген жұмысыңыз?  
Үстіндегі костюмге қарағанда,  
Жобасы осал емес тұрмысыңыз,- деген ойнақы ойға құрылған  
әзіл-қалжынға толы шумактардан ақынның тапқырлығы, қысылған  
кезде қыннан қыстырып айтатын өткірлігі көрінеді.

Айтыс барысында әр ақын өз өлкесінің қол жеткізген игі  
табыстарын, үлгілі еңбек адамдарын айтыс арқауы ете отырып,  
қарсылас ақынның жеріндегі олқылықтар мен орындалмаған  
жоспарлы істерді тиек етеді. Сағынғали ақын Оралды, Ақ Жайықты  
мақтап, балығын өлеңге қосқан бір тұста Қалихан Алтынбаев:

Ұстаса қортпа мен бекірені,  
Сіздің жақ қуанғаннан секіреді.  
Біздің жақ қонағына қой соймаса,  
«Апыр-ай, аш жатты-ау!»- деп өкінеді.  
Шұбалтып су ішінен алып шығар,  
Байлығың өзің айтқан балық шығар.  
Балық пен бақа-шаян бір туысқан,

Құлағың бала жастан қанық шығар, - деген тәрізді өткір  
шумактарды бастырмалатып жеңіске ие болады. Түйдек-түйдегімен  
ағытылған сөз нөсері нысананаға дөп тиіп, әсерлі, жүйелі, уәжді  
шыққан.

Айтыс ақындық дарынмен қоса мол білімділікті,  
тапқырлықты, төзімділікті талап етеді десек, осы қасиеттердің  
барлығы Қ.Алтынбаевтың бойында кездеседі. Ақын өз өнерінің  
мәнділігін, көркемдігін, өткірлігін тереңнен іздең, халық жүргегінің  
соғуымен үйлестіреді.

Бұл Көкен мақтанады Көкшеменен,  
Көкшениң сандық-сандық текшесімен.  
Айыртау, Зерентауды қос салсан,  
Бір басар біздің Шыңғыс өкшесімен  
Немесе:

Ежелден қол дарытпай денесіне,  
Антейді тік көтерген төбесіне  
Алып қой Геркулестей біздің Семей,  
Ертерек саған әлі теңесуге.  
Сексен көл, тоқсан көлің – бәрін қоссан,  
Ертістің жұғын болмас өңешіне,-  
дейтін К.Алтынбаевтың көкшетаулық К.Шәкеевпен айтысының  
өлең шумақтарын бүкіл ел жатқа біледі.

Ежелгі айтыста ақынның сырт пішіні мен жеке басындағы  
кемшін-міндерін тілге тиек ету кездесе беретін. Ал қазіргі  
айтыстарда осының сыпайы әзіл-қалжыңға өзгерген жарасымды  
түрлерін ұшыратамыз. Мұнда кемсіту жоқ, әзілге сыйымды жеңіл  
юмор ғана бар. Айтальық, К. Алтынбаев өзі айтыска түскен Көкен  
Шәкеевті байқаусызыда қағытып:

Айтыска ағат кетсем кешіріңіз,  
Қажымұқан секілді еken кесімініз.  
Жалғыз-ақ осы жұртқа ұнамай тұр,  
Екі ұшты Көкендереген есіміңіз.  
Еркек пе, әйел ат пе Көкен деген,  
Не нәрсе әрі бері секендереген?-  
дегендегенде, К.Шәкеевте әзілге-әзілмен жауап береді:

Ал сен жас боп, мен кәрі боп қалғаным жоқ,  
Айқаймен мені ұстайтын қармағың жоқ.  
Түптеп тартып орнынан қозғалмайтын,  
Дәл өзімдей қарасам салмағың жоқ,-  
дейді. Бұл жерден «әзілің жарасса, атаңмен ойна», «сөз тапқанға  
қолқа жоқ» тәрізді нақыл сөздер айтыс негізін құрайтындығын  
көруге болады. Ұтымды жауап, жарасымды әзіл, ұшқыр ой  
акындардың айтысынан көрініп тұр.

Айтыска түсуші ақын өзін өмірдегі әр алуан асыл зат, қасиетті  
құбылыстарға балап, теңеуге алынған сол сөздерге жаңа мазмұн  
беріп отырады. Ақындық шабыт ұстінде тұған сол баламалар  
тыңдаушысын әсерлі сезімге бөлеп, әсем көріністерді тізбектеп көз  
алдыңа әкелгендей әсер қалдырады. Айтыска түскен ақынға басты  
нысана да жену мақсатындағы орамды ой, ұтымды дәлел,  
бұлтартпас шындықтан тыс тыңдаушының жүргегіне жол  
табатындағы кестелі сөз, суретті образ да қажет.

...Сол таудың көкжал арлан бөрісі бар,  
Тұңліктей алсаң соғып терісі бар  
Бірақ қашан терісін сыпыртқанша,  
Жем көрсе, жайнап кетер «перісі» бар  
Немесе:

Сол мықты байқауымша сіз болдыңыз,  
Шоң балта, шоқтығы шың-құз болдыңыз.  
Ұтымды қолданылған салыстыру, баламалар (мен қыран мұзды балақ, сен қолтық еті сөгілген жүйрік) айтыстың көркемдік деңгейі мен суырып салма өнеріндегі акын шеберлігін анғартады.

Бұқтырма тасқынынша буырқансам,  
Кай тоспа, қай бөгетің шақ келгендей.  
Алыппын сүрінсем де сыр бермейтін,  
Арқалап Толағайды ап келгендей.

Қ. Алтынбаев айтысындағы образдар жүйесі жалпы халық поэзиясына тән ерекшеліктерді бойына мол сіңрген, өзіндік сипат-белгілері де сан алуан.

Корыта келгенде, халық акыны Калихан Алтынбаев – лирик және эпик акын ғана емес, сонымен қатар, айтыскер акын. Өзіл-қалжыңға, шындыққа негізделген акынның айтыстары – айтыс өнерінің төрінен орын алары сөзсіз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Коныратбаев Э. Қазақ фольклорының тарихы, – А., 1991. – 274 б.
- 2 М.Жармұхамедұлы. Айтыс өлеңдерінің аргы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.
- 3 Туганбаев К. Жүрісінен жаңылма жүйрігім//Семей таңы, 1987, 25-желтоқсан.
- 4 Серікбаев Н., Байқадиұлы С. Көмейден өлең, кеудеден шежіре төгілген. //Семей таңы, 1997, 13-мамыр.
- 5 Ісмайлұ Е. Ақындар. Алматы: ҚМКӘБ. 1956. – 340 б.
- 6 ҚРҒА. Әдебиет және өнер институты. 280-папка. 1, 2 дәптер.

#### Резюме

В статье рассматривается жанр айтиса как один из наиболее развитых отраслей казахского фольклора. При исследовании данного жанра принимаются во внимание труды разных ученых. Также в статье раскрываются тематические особенности вклада народной поэзии Калихана в жанр айтиса. Литературный анализ первых стихотворений Калихана доказал, что он не только лирический и эпический поэт, но и настоящий акын, айтыскер. Айтисы акына по праву занимают почетное место в искусстве айтиса.

#### Resume

The author of the article considers the genre of aitys as one of the most developed branches of Kazakh folklore. When studying this genre, the works of different scientists are taken into account. Also, the author reveals the thematic features of the contribution of Kalikhan's folk poetry to the aitys genre. The literary analysis of Kalikan's first poems proved that he is not only a lyrical and epic poet, but also a real akyn, aytisker. Musical performances of this akyn rightfully occupy a place of honor in the art of aitys.

**ТҮРКІ ЭТНОГЕНЕЗІ: ҚАЗАҚАРАС, ПАЙЫМ, ҚАҒИДАТ**

**Р.Н. КЕМЕНГЕРОВ**

қазақ және орыс филологиясының аға оқытушысы

Еуразия гуманитарлық институты

**Қ.Р. КЕМЕНГЕР**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Макалада түркі этносының қалыптасуы, түркілік өркениет бастауы қарастырылады. Түркі тарихын зерттеген ғалымдардың енбекі, ғылыми пайымдаулары сараланады. Сақтар мен түркілер арасындағы материалдық, рухани байланыс зерделенеді. Түркілердің тарихын танудағы европацентристік сыңаржақ ұстанымына наладады.

*Түйін сөздер:* сақтар, скифтер, түркілер, түркі халықтары, түркілік өркениет, түркі мәдениеті, түркілік мұрагерлік.

Түркі тарихын зерттеген ғалымдар түрік этнонимі б.д. V ғасырында пайда болды дейді. Л.Н.Гумилев «Көне түріктер» атты еңбегінде түркілер жайында төмендегідей дерек келтіреді: «Бұғінгі таңда түрік тілі деп аталып келген тілдер қадым замандарда қалыптасқан; ал «түркіттер» халқы, алтай мен оның бөктерлеріне тән орманды-дала ландшафты жағдайындағы этникалық араласу нәтижесінде V ғ. аяғында пайда болған. Келгіншілердің жергілікті халықпен біртуғандай ұласып кеткені сондай, арада жұз жыл өткеннен кейін, 546 ж. олар көне түрік, немесе түркіттер деп аталатын тұтас халық болып шыға келеді» [1, 25 б.]. Осылайша, Алтай тауында түрік деген ортақ атаумен тегі, тілі, тұрмысы бір көшпелі тайпалар бірігіп болып, бір қағанға бағынып, ортақ мемлекет аясында өмір сүрген.

Түркі қағанатының салтанатты дәуірі жайлы бұлжымас дерек, анық айғақ, алдымен, тасқа қашалған руникалық жазба ескерткіштерінде бедерленген. Одан кейін ол шындық фольклорлық мұрада бейнеленді, қытай, үнді, араб, парсы, византия жазбаларында сақталды. Соларға қарап біз бүгін түркілер деп аталған тайпалар бірлігінің тарихын танимыз. Осы орайда әлемдік тарих көшінің дамуына үлкен ықпал еткен, қытай, моңғол, тұңғысманчжур, парсы, үнді, европалық халықтардың тарихи санасында

сақталып қалған түркілер тақыр жерде пайда болған халық па деген занды сұрақ туады. Бұл сұрақтың ауқымы түркілер мекен еткен аймақтай кең, мағынасы көне тарихындағы терең. Болашақта генетика ғылымының жетістігі арқылы ғалымдар түркілер деген халыққа кімдер қашаннан бері жатқандығын ажырататын болар. Бүгінгі түркілер деп жүрген қырықтан аса халықтың қайсысында түркінің, ғұнның, сақтың, тіпті шумерлердің қаны қаншалықты қалғанын генетика ғылымы дәлелдейтін де күн туар. Әзірше біз қолда бар отандық, шетелдік ғалымдардың фольклорлық, лингвистикалық, археологиялық жазба деректеріне сүйеніп, түркілер деген халықтың арғы тегін пайымдан зерделейміз.

Осы мәселеге тікелей қатысы бар шешімін күткен көп сұрақтың бірі – сақтар, немесе скифтердің этногенезі, олардың кейінгі мұрагерлері жайлы даулы мәселені көрсетеміз. Көк түріктер және казіргі түркілер мекен еткен аймақта өмір сүрген, ежелгі парсы, қытай және грек жазбаларында есімдері сақталған сақтардың тегі жайлы түркологияда тұракталған пікір әлі жоқ. Сақтар, немесе скифтер түркілердің байырғы бабасы бола ала ма? Сақтардан қалған мәдени, рухани, материалдық мұраға түркілер қатысымыз бар деп айта ала ма? Осы сауалға, негізінен, түркі халықтарының өз ішінен шыққан тарихшылар, филологтар, археологтар «ия, бола алады» деп жауап берсе, тоңмойындағы қатып қалған, «классикалық» деп түсіндірілетін европалық, қала берді, ресейлік, кеңестік түркология «жоқ, бола алмайды, олар ұнді-европалықтар, ирантектестер» деп уәж айтады. Бұл мәселенің басын ашып алмайынша, біз түркілердің тарихын, соның ішінде әдебиетін европацентристік түркология мойындаған көк түріктер мен ғұндар заманынан ғана бастауға мәжбүр болмыз.

Сақтардың тілі, сонымен бірге тегі қайдан? Шын мәнінде олар европацентристік сипатта дамыған түркология түсіндіретіндегі, ирантектес болды ма? Олардың тілі ұнді-европалық тілдер тобына жата ма? Жоқ, олар орал-алтай тілдер тобының құрамына енеді ме? Егер байырғы сақтар индоевропалықтар болса, мұндай жағдайда олардан қалған қандай да бір материалдық, рухани жәдігерліктерге бүгінгі түркілер таласа алмайды. Сақтардың әлемді таңғалдырған дәүлеті мен сәулетіне ортақтаспайды.

Сақтар туралы біршама толымды мағлұматты орыс шығыстанушысы В.В. Григорьевтің «О скифском народе саках» деген монографиясынан білуімізге болады [2]. Аталған еңбек өзінің сақтар туралы материалды мол беруімен ғана емес, жазылған уақытымен де құнды. Кітап 1871 жылы жарық көреді, сөйтіп Геродоттан кейін сақтар жайлы тарқатылған мол мәлімет берген

еңбек ретінде ерекшеленеді. В.В. Григорьев сактардың тегі мен өмір сүрген аймағын, тарихи мезгілін түрлі деректерге сүйеніп анықтағысы келеді. Солардың ішінде Геродоттан бастап антикалық заман оқымыстыларының сактар жайында қалдырган қымбат мәліметтерін пайдаланады. Петербург университетінің шығыс тілдері бөлімін бітірген ғалымның қолында көне дәуірдің материалдары бар болғанына шубә келтірмейміз, сондай-ақ, оның пікірлерімен санасатынызды білдіреміз. Мысалы, осы кітапта сактардың тұрмысы, олар қайдан келгені, мінезі жайында мынадай мәлімет бар: «Об участии саков в европейском походе Дария узнаем и от поэта Хэрила, который (перечисляя, вероятно, разные народы, переходившие с Дарием через Геллеспонт) характеризует саков таким образом:

И саки, пастыри овчии, скивского рода, но обитатели  
Богатой пшеницею Азии, высланцы тех кочевых,  
Что самые между людей справедливые» [2, 5 б.].

Көне мұра жәдігері мал шаруашылығымен айналысадын сактар – адамзат баласында ең әділетті жандар деген баға береді.

Сактар жайында құнды және жан-жакты материал беруімен ерекшеленсе де, саяси-идеологиялық тапсырма бойынша пікір қалыптастыруды мақсат еткен шығыстанушы В.В. Григорьевтің Орта Азияның байырғы тұрғындары жайындағы ойларымен келіспейтіндігімізді білдіреміз. Отарлау саясатын ақтап алуға жол ашатын ғалымның сактардың тегі жайындағы тұжырымдары біржақты, дау туғызатын қорытынды деуге негіз бар. «Ознакомившись с известиями их о древнем населении Средней Азии, и Абель-Ремюза, и Клапрот, оба из самых блестящих знаменитостей западноевропейского ориентализма в начале текущего столетия, не усомнились, как видим мы, провозгласить во всеуслышанье, что страны в бассейнах рек Аму, Сыра, Тарима и Или, вплоть до Китая на восток, заняты были до Р.Х. и даже несколько позже, населением не того племени, которое ныне в них преобладает, а разными народами великой арийской семьи, праотцами европейских германцев и славян... Славянизм саков, избранных нами центральным пунктом предложенного исследования, обнаружился при этом сам собой, без всякой предвзятой о том мысли» [2, 62 б.], - дейді В.В. Григорьев.

Ғалымның пайымдауынша, Орта Азияны б.д.д., тіпті одан кейін де индоевропалықтар, ирантектестер ғана емес, германдықтар мен славяндардың ата-бабалары мекен етіпті. Олар Амудария, Сырдария, Іле бойында, тіпті шығыста Қытайға дейін қазіргі түркілер мекен еткен жерде салтанат құрыпты. Абель-Ремюза мен

Клапрот сынды ориенталистерді тілге тиек ете отырып, В.В. Григорьев сақтар – славяндардың бабасы деген қорытындыға келеді. Және ондай шешім шығаруға ешқандай теріс ойының жоқ екендігін білдіреді. Әрине, мұндай көзқарастарды біз бүгін сақтарды тануда жеке адамның пікірі деп қана бағалаймыз. Егер В.В. Григорьев еңбегінің жазылған уақыты, жағдайы, мекенімен санасатын болсақ, оның ішіндегі тұжырымдарды ғылыми ақиқатқа сай келеді дей алмаймыз.

Сақтардың ирантектес халық болғандығын кеңестік түркология да жазды. Кеңестік дәуірде түркология ғылымы біршама табысқа жеткенімен, негізінен, идеологиялық, содан кейін, тағы да европацентристік көзқарастарға байланысты бүгінде дау тудыратын тұжырымдар жасады. Сондай көзқарастың бірі – сақтардың арғы тегі жайындағы ұстаным. Қөрнекті орыс, кеңес археологы, тарихшысы, ғылым мен өнер ұйымдастырушысы М.И. Артамоновтың зерттеулерінде де сақтардың тегі ирандықтардан таратылады. «В I тысячелетии до н.э., как и позже, население Средней Азии по хозяйству и образу жизни делилось на две части: одна занималась скотоводством и вела кочевой или полукочевой образ жизни, другая жила оседло в оазисах и вела земледельческое хозяйство на основе искусственного орошения. Со временем у оседлого населения появились не только поселки, но и города, с развитыми ремеслами и торговлей... При всем том оседлое и кочевое население Средней Азии было одинаково ираноязычным и близко родственным между собой, хотя в культуре того и другого существовали различия» [3, 67 б.], - деп жазады ғалым.

М.И. Артамоновтың осы мәліметі бойынша, б.д.д. I мыңжылдықта, одан кейін де Орта Азия халқы біртұтас ирантілдес болған. Ол халықтың бір бөлігі мал шаруашылығымен көшпелі тіршілік кешсе, енді бір бөлігі отырықшы қалаларда өмір сүрген. Екі түрлі тұрмыс арқылы қатар өмір сүрген Орта Азия халқының бірде-біреуі мың жылдан артық уақыт бойы түркілік текті тіліне, дұниетанымына жуытпаған болып шығады. Түркілер Орта Азияға кейінгі замандарда ғана келген секілді.

Амудария мен Сырдария сағасы, Алтай өнірі, Минусинск ойпаты, Батыс Сібір даласы, Орталық және Солтүстік Қазақстан, Жетісу және Еуразияның ұлан-гайыр өзге де аймағында мекен еткен даха, дая, ари, тура, массагет, сака-тиграхауда, сака-хаомаварга, сака-тиайпара-дараіа, сака-тиай-пара-сугда секілді байырғы тайпалардың қайсысында түркілердің қаны бар? Осы сауалға жауапты сақтар мұрасын терең зерттеген қөрнекті қазақ ғалымы К.Акишев та іздеп көрді. Ғалымның «Курган Иссық» атты

зерттеуінде «Этническая атрибуция» деген бөлім бар [4, 211-214 бб.]. Онда ғалым сақтар деп аталған қауымның ішінде сакатибрауда деген тайпа Жетісү өнірін мекен етті деп айтады. Алайда ғалымның еңбегінде сактардың этникалық тегіне қатысты тұщымды қорытынды пікірді кездестірмейміз. К.Акишев сактарды парсытекес деп те, түркітекес деп те нақты көрсетпейді. «Поэтому в историко-археологической литературе существуют многочисленные точки зрения, авторы которых пытаются по-своему решать вопросы этнической конкретизации и локализации древних этнонимов. В обозримом будущем трудно представить возможность положительного исхода в решении этой задачи. Но каждая новая точка зрения или новая находка и открытие вносят свою лепту в карту расселения древних племен» [4, 211 б.], - деп жазады ғалым. Көне дәүірде жасаған тайпалардың этникалық тегі жайында ғылыми ортада анық бір тұжырымды ой жоқ екен. К.Акишевтің бұл пікірді жасалғанына отыз жылдан асты. Бүгінгі таңда түркология ғылымындағы соны зерттеулерді пайдаланып, біз сактардың арғы тегіне байланысты екінші ойда қалмайтынымызды танытқымыз келеді.

Көрнекті ғалымның еңбегінде назар аударатын айрықша мәселе – Есік қорғанынан табылған сақ жазуы бар жәдігерлерді атауға болады. Түркология ғылымында бұл жазуы бар заттар Жетісүға сырттан әкелінді, яғни олар жергілікті халықтың төл мәдениетіне жатпайды деген пікір орын алғанын айтуымыз керек. Сақтар төл жазуды ойлап табатында мәдени дамудың биік сатысына көтерілмегендей. Ресми түркология осы пікірді қуаттады. Алайда К.Акишевтің дәлелдеуі бойынша, Жетісу сактарында өздерінің төл жазуы болған. Оған бірнеше айғақ келтіріледі. Біріншіден, Жетісу сактарының жазуы адамзат тарихында бұрын-сонды мәлім ешбір жазуга ұқсамайды, оның өзіндік дара сипаты бар. Мәселе оны қалай оқуда ғана. Екінші жағдай, бұл жазу ирантекес халықтардың тілінде жазылған ба, жоқ әлде түркітекес халықтың тілінде таңбаланған ба? «В настоящее время не может быть доказана языковая принадлежность семиреченских саков к пратюркскому языку, но нет также достаточно убедительных доказательств в пользу отнесения их к семье народов, говорящих на иранском языке» [4, 222 б.], - деп жазады К.Акишев. Көне жазулардың мамандары И.М. Дьяконов, В.А. Лившиц, С.Г. Кляшторныйлар ол жазуды адам баласына беймәлім бір алфавитке жатқызады. Ал қазақ оқымыстысы А. Аманжолов сақ жазулары мен кейінгі Орхон-Енисей алфавиті арасында байланыс барын байқатады [5, 64-66 бб.].

Осы жерде Орта Азия мен Қазақстанның байырғы тайпаларының тарихын танығанда европацентристік ұстанымға бой бермеген, сөйтіп бұл салада өзіндік із қалдырып, мектеп қалыптастырған аса көрнекті ғалым Әлкей Марғұланның қабыргалы еңбектерін ерекше атап көрсеткеніміз орынды. Ғалым «Эпос тудырған ортаның мәдениетке қосқан үлесі» атты еңбегінде сактар қауымын қазақтардың тарихынан боліп қарастыруға болмайтындығына тоқталады: «Сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар қазақ халқының ерте дәуірде шығу тарихымен тығыз байланысы бар, мал өсірген, егін еккен белгілі халықтар. Олардың сонын ала бергі кездің өзінде тағы сол үйсіндер, қаңлылар, оғыздар, қыпшақтар, қарлықтар, керей, наймандар, тағы басқалары ұлыс жасап, тарихқа белгілі бола бастайды. Олардың мекендерген жері сол ескі тайпалар қоныстаған мал өсірген байтақ сахараасы. Қазақстанның әр түкпірінде сак, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінің қалған мәдениет белгілері орасан көп, оның барлығын жиып айтқанда мәдениет дүниесінің бір жойқын белгісі» [6, 22 б.].

Орта Азия мен Қазақстан жерін ықылым замандарда ирандықтар мен түркітекестердің қайсысы мекендерінде деген күрделі сұраққа жауапты И.В.Пьянков есімді тарихшы «Некоторые вопросы этнической истории древней Средней Азии» деген мақаласында іздел көреді [7, 226-237 бб.]. Үлкен ғылыми ортаға есімі беймәлім зерттеушінің бұл еңбегі 1995 жылы Мәскеудегі танымал журналда жарық көреді. Яғни, ондағы ойдан біз қазіргі Ресей түркологиясының сактардың тегіне қатысты пікірін жанамалап болса да түсіне аламыз.

«Далекое прошлое Средней Азии – с того момента, когда оно начинает освещаться письменной историей, – связано преимущественно с ираноязычными народами. Тюркский этнический элемент, преобладающий ныне в Средней Азии, тоже имеет долгую историю, но ранние этапы его этногенеза, как это общепризнано, протекали вне Средней Азии. Алтайские племена впервые явственно появляются в Средней Азии в лице хуннов, хотя не исключено их появление и в более ранние времена. Бессспорно, что население древней Средней Азии в основном было ираноязычным» [7, 226 б.], - деп жазады бүгінгі Ресей зерттеушісі.

Көпшіліктің қабылдауы бойынша, Орта Азияның байырғы тұрғындары түркілдестер емес, ирантілдес тайпалар екен. Көпшілік дегені – европацентристік ұстанымдағы ғалымдар екендігі анық. Арғы шыққан отаны Алтай саналатын түркілер Орта Азияда ғұндар заманынан бері ғана пайда болған көрінеді. Әрине, бұл

пікірді де біз ғылыми концепция деп емес, жеке адамның көзқарасы ретінде қабылдаймыз.

Жоғарыда келтірілген мақаладағы ойға қырғыз ғалымы Т.М.Рысқұлов қарама-қарсы пікір білдіреді. Ол өзінің «На каком языке говорили саки?» [8, 242-247 бб.] атты еңбегінде Орта Азия аймағын ерте дәүірде мекен еткен тайпалардың этникалық құрамын анықтағанда шұғыл шешім шығаруға болмайтындығын айтады. Осы күні сақтарды өздерінің ата-бабасы қылуға әркім құштар. Алайда, мәселенің байыбына барып алмай, біреулер сақтардың атауы қазіргі немістердің саксония деген аймағымен үндес деп германдықтардың бабасы қылып, енді біреулер сақтардың Зарина есімді патшасын дәйек етіп, славяндардың атасы санап жүргендер де бар екен. Мұндай ағат шешімдер ғылымға абырой әпермейді. Және ғылым да ондай дерексіз дәйектерді кешірмейді. Т.М. Рысқұлов сақтардың тегі ирандықтар болуы ықтимал деген көпшіліктің айтып, жазып жүрген теориясын алға тартады да, ол көзқарастардың астарында ақиқат жоқ екендігін дәлелдеуге тырысады. Бірде Гередоттан, енді бірде библиядан мысал келтіре отырып, автор сақтарды түркітілдес тайпалар болды деп дәлелдейді. Гередоттан бастап көптеген ғылыми еңбектерді дәйек еткен қырғыз ғалымы сақтардың ирандықтардың бабасы бола алмайтындығын аныктайды. Келтірілген мысалдарында Т.М.Рысқұлов сақтардың түрмисы, адамдарды жерлеу рәсімі, өлген адамға қатысты көзқарасы кейінгі ғұндармен, көк түріктермен сабактас екендігін айтады.

Кейінгі уақытқа дейін Геродот еңбегін еуро-атлантикалық мәдениет өкілдері өздерінің мұддесі түрғысынан талдап, оның ішінде аталған жер-су аттарын, халықтар мен олардың арасындағы соғыстарды, қандай да бір адам баласының игілігіне жараған мәдени жаңалықтарды біржақты қарастырып келгендігі ақиқат. Егерде Геродот түркілер топырағында туып, одан кейін тарих сахнасында салтанат құрған антикалық мәдениет сынды адамзат дамуын жаңа сатыға көтерген тегеурінді күш бізде болғанда, гректердікіндегі жазба мәдениет сақталған жағдайда ежелгі дәүір әдебиетінің жылнамасын біздің қай мазмұнда жазарымыз белгісіз еді. Сондықтан осы күні түркілер, жалпы көне антикалық мәдениеттің мұрагерлері емес кез келген этнос өкілі, Грек, Рим, Византия мәдениеттерінің жетістіктерін, жазба мұраларын мейлінше мұқият, әрі сақтықпен қарап, сол зерттеулердің арасынан өзіміздің тарихымызға, ата-бабаларымызға қатысты ақиқатты аршип алушымыз қажет.

Геродоттың тоғыз кітаптан тұратын әйгілі «Тарихында» скифтер туралы деректі көп кездестіреміз [9]. Сақтардың,

Геродоттағы скифтердің этникалық құрамы, саны, мекен еткен аймағы, айналысқан кәсібі, түрмис-тіршілігі, соғысқан халықтары, кейінгі мұрагерлері жайында толық мағлұматты алу үшін аталған кітапты мұқият зерделеу керек екендігін түсінеміз. Оның ішінде көрсетілген аймақтар мен халықтар бүгінде қалай аталатынын нақты ажыратып алғандаған, біздің түсінігіміздегі және біздің аймагымызда мекен еткен сақтардың Геродот скифтерімен қаншалықты қатысы барын анықтай аламыз.

Скифтердің саны туралы Геродот әртүрлі хабар бар дейді. Бір мәлімет бойынша олардың саны өте көп, енді бір дерек скифтер – аз халық дейді [9, 208 б.]. Сақтардың парсытектес болғандығына күмән келтіретін Геродот кітабындағы мысалдың бірі – парсы патшасы Даридің сақтармен соғысқандығын суреттейтін мәлімет. «После завоевания Вавилона сам Дарий выступил в поход на скифов. Так как Азия была тогда богата воинами и огромные средства стекались в страну, то царь пожелал теперь наказать скифов за вторжение в Медию и за то, что скифы, победив своих противников-мидян, первыми нарушили мир» [9, 187 б.].

Егер скифтер парсытектес халық болса, олар, Геродот жазғандай, Дари елімен, яғни, өздерінің туысқан халқымен шайқасады. Егер скифтер түркітектес халық болғанда, олардың парсылармен соғысқандары әрі түсінікті, әрі шындыққа жанасады. Екіншіден, парсылар – ежелден, отырықшы ел ретінде түрмис кешкендері белгілі. Ал сақтардың көшпелі халық болғандығын басқа емес, Геродоттың өзі көрсетеді: «После доения молоко выливают в полые деревянные чаны. Затем, расставив вокруг чанов слепых рабов, скифы велят им взбалтывать молоко. Верхний слой отстоявшегося молока, который они снимают, ценится более высоко, а снятым молоком они менее дорожат. Вот почему ослепляют всех захваченных ими пленников. Скифы ведь не землепашцы, а кочевники... Кочевые племена скифов обитали в Азии. Когда массагеты вытеснили их оттуда военной силой, скифы перешли Аракс и прибыли в кимирийскую землю (страна, ныне населенная скифами, как говорят, издревле принадлежала кимерийцам)» [9, 187-190 бб.]. Бұл мысалдағы сақтардың көшпелі халық болғандығын бұлжымастай дәлелдейтін дерекпен қатар олардың түрмисынан, яғни жылқы сүтін азық еткендері жайлы мәліметтерден де біз аса қызық тұжырым жасаймыз. Ешқашан ирандықтар қымыз сауып, жылқы жануарының сүтін түркілер сынды кең қолданбаған. Оны парсылардың өздері де мойындайды.

Сақтардың этногенезіне байланысты Батыс пен Шығыс ғалымдары тарапынан осы уақытқа дейін көптеген зерттеулер

жазылды. Бірқатар зерттеулерде сактардың түркілерге қатысы жоқ, олар парсытекес, тіпті славян халықтарымен аталас деп көрсетілсе, енді біразында сактардың мұрагері қатарында түркі халықтарының болуы занды деп есептеледі. Осы өзекті мәселенің түйінін шешу үшін бүгінгі таңдағы тарих, филология, фольклористика, сондай-ақ, археология, антропология, генетика ғылымдарының соңғы жетістіктеріне сүйеніп, кешенді зерттеулер жүргізілуі керек деп есептейміз. Біздің пікірімізше, сактардың қанында түркілік құрам мол және олардан қалған материалдық және рухани қазынаға қазіргі түркі халықтары толық мұрагерлік етуге ғылыми негіз бар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көшпілік оқырман қауымға арналған. – Алматы. Білім, 1994. – 480 б.
- 2 Григорьев В.В. О скивском народе саках (монография, Спб, 1871). Кітапта: Евразийский народ саки. «Болашақ балапандары», 2006. – 248 с.
- 3 Артамонов М.И. Сокровища саков. Кітапта: Евразийский народ саки. «Болашақ балапандары», 2006. – 248 с.
- 4 Акишев К. Курган иссык. Кітапта: Евразийский народ саки. «Болашақ балапандары», 2006. – 248 с.
- 5 Аманжолов А.С. Руноподобная надпись из сакского захоронения близ Алма-Аты. «Вестник АН КазССР», 1971. - № 12. – С.64-66
- 6 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аныздар: ғылыми-зерттеу мақалалар... /құраст. Р.Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985.– 368 б.
- 7 Пьянков И.В. Некоторые вопросы этнической истории древней Средней Азии. Кітапта: Евразийский народ саки. «Болашақ балапандары», 2006. – 248 с.
- 8 Рыскұлов Т.М. На каком языке говорили саки? Кітапта: Евразийский народ саки. «Болашақ балапандары», 2006. – 248 с.
- 9 Геродот. История в девяти книгах. Издательство «Наука», Ленинградское отделение. – Ленинград. 1972. – 599 с.

#### Резюме

В статье исследуются материалы ученых по истории, этногенезу, культурному наследию тюрков. Рассматривается материальная, культурная связь тюрков с наследием саков. Авторы приходят к мысли, что в тюркологии до недавнего времени в этом вопросе были искажения.

#### Resume

The authors of the article explore the materials of scientists on the history, ethnogenesis, cultural heritage of the Turks. The material, cultural connection of the Turks with the heritage of the Saks are considered. The authors come to the conclusion that in Turkic studies until recently, there have been distortions in this issue.

## ТЕРМИНОСИСТЕМА И ЕЕ ЭЛЕМЕНТЫ: СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ

С.А. Мейрамова

кандидат педагогических наук, доцент  
Казахский агротехнический университет  
имени С.Сейфуллина

### Аннотация

В статье отражены состояние и проблемы терминосистемы, а также предлагаются некоторые пути ее решения. Сущность терминосистемы состоит в том, что она отражает в своей структуре входящих в нее терминов определенные связи и отношения, объективно существующие в кругу именуемых предметов и понятий. Кроме того, определено, что термин, будь то слово /простое, производное или сложное/ или словосочетание, представляет собой один знак, которому соответствует одно понятие.

*Ключевые слова:* Термин, терминосистема, лексикография, морфологические, словообразовательные, лексико-семантические системные связи.

В последние десятилетия определилась проблематика отдельных направлений терминологической науки, и в качестве самостоятельных дисциплин разрабатываются сопоставительное терминоведение, терминологическая лексикография (А.Гердт, С.В.Гринев, Ю.Н. Марчук и др.), типологическое терминоведение (В.Ю.Городецкий, С.Г.Казарина и др.).

В этой связи весьма перспективен и актуален анализ монолингвальных терминосистем в пределах нескольких смежных наук и наук разного цикла, что предполагает установление универсальных и дифференцирующих типологических категорий, выявление системного изоморфизма и алломорфизма, определение «типологических паспортов» терминосистем как краткой суммарной характеристики существующих параметров [1, с.68]. Выделение разных типов терминосистем требует всестороннего изучения их типологических черт и ограничения от других свойств, что ведет к углублению знаний о терминосистеме как лингвистической и понятийной совокупности, о термине, выступающем как связующее звено между логосом и лексисом [2, с.163-198].

Исходя из характеристики терминосистемы как целостного образования, при исследовании подъязыков смежного и разного цикла наук определяются рецессивные, доминантные и медиальные типологические черты данных подъязыков, их сходные и контрастивные свойства. В ходе исследования выявляются соотношения различных семантических и структурных типов терминов анализируемых подъязыков; устанавливаются особенности включения в общезыковые процессы однословных и многокомпонентных лексических единиц, являющихся терминами; прослеживаются процессы терминологизации, де- и ретерминологизации в подъязыках, общенародном языке и языке современной публистики.

Необходимо отметить, что этот пласт лексики весьма интересен и с лингвистической точки зрения: в семантике терминов выделяется национально-культурный компонент, подчеркивающий связь слова с культурой. Лексическое понятие, восходящее к классифицирующей и номинативной функции языка, включает семантический компонент, соответствующий кумулятивной, накопительной функции. Совокупность сем, образующих поле семемы, - это своеобразное «хранилище» знаний о содержании лексемы. В процессе анализа терминированной лексики выявляется значительный пласт слов, лексический фон которых обладает национально-культурной семантикой. Многие из них попадают в общий язык и, не отрываясь от терминологической семантики, развивают вторичные, собственно лексические значения. При очевидном различии между «общезвестными» ассоциациями и ассоциациями специалиста, основанными на знаниях, объективизированных в термине, между семантическими полями наблюдается «наложение» сем, что происходит в результате семантических модификаций в процессе де-, ре- и терминологизации. То есть при анализе, идущем от семантики, «могут быть раскрыты не только известные, но и малоизученные, комбинированные, отчасти имплицитные, «скрытые средства» [3, с.16].

Содержание понятия и фона термина существенно отличается от содержания понятия и фона общеупотребительного языка, в связи с чем необходимо говорить о лексическом и научном фоне, накладывающихся друг на друга: «Обыденное и научное понятие, сложно взаимодействуя, существуют в значении одного и того же слова» [4, с.31]. Терминированная лексика с социально-культурным компонентом семантики отражает социальный опыт носителей языка, социальный аспект семантики. В определенных условиях общения эти компоненты семантики актуализируются, становятся коммуникативно-релевантными.

Отраслевые словари - тезаурусы являются наглядным воплощением логической системности. Примером этого может служить «Тезаурус научно-технических терминов» под редакцией Ю.И.Шемакина, представляющий собой словарь понятий и классификационных / рода-видовых связей / между ними [5, с.17].

Наряду с логической системностью существует и лингвистическая системность, которая проявляется в словообразовательных, морфологических и семантических типах связей, свидетельствующих о тесной связи терминологии с общим словарным составом языка [6, с.14-33; 7, с.16-29; 8, с.21-30].

Понятие *система* определяется как связь взаимообусловленных элементов. Число обобщающих работ по исследованию системных свойств и параметров лингвистических объектов не столь велико, хотя они весьма авторитетны (М.М.Маковский, В.М.Солнцев, А.А.Уфимцева, Ю.В.Рождественский). Системность языка - его имманентное, онтологическое свойство. При этом, признавая эту объективность, языковеды стремятся выявить в изучаемом участке языка, как она проявляется.

Системность общенародной лексики проявляется в различных пластиах словарного состава языка (синонимические ряды, лексико-семантические группы слов, например, обозначение эмоций, названия профессий, а также и в наличии различных терминосистем: биологии, медицины, механики и т.д.) В целом, вся лексика является не просто системой, а системой систем [8].

Авторы многих работ по системному анализу терминологии системообразующими признаками считают морфологические, словообразовательные, лексико-семантические системные связи, существующие между терминами как элементами языковой системы [9, с.55-61; 10, с.9-17; 11, с.255-270]. Отсутствие идеальных терминосистем с абсолютным тождеством системы понятий и системы терминов не опровергает системность терминологии той или иной отрасли. [12, с.26; 13, с.144].

С точки зрения системности, терминология является наиболее изученной подсистемой языка. Отражая определенным образом объективную реальность, слова связаны между собой так же, как и взаимосвязанные и отображаемые ими явления самой действительности. Благодаря этим экстралингвистическим связям слова объединяются в группы, которые можно назвать тематическими.

В каждом из понятий отражены наиболее важные и существенные признаки реальных объектов. В гносеологическом процессе одновременно с познанием этих объектов совершается и

их обозначение, т.е. называние, или наречие, закрепление содержания понятий в виде внутренней, содержательной стороны языкового знака - термина. Однако не каждое слово является термином, и не любую совокупность специальных слов можно назвать терминосистемой.

Терминологическая система - это замкнутый контекст, границы которого обусловлены социальной организацией действительности. Именно системность превращает специальную лексику в научную терминологию. Вследствие вхождения в систему термин приобретает такие характеристики, как рациональность, внеположность модальности и экспрессии. Как утверждают такие видные специалисты терминологии, как А.А.Реформатский, Д.С.Лотте, Б.Дянков, и И.С.Квитко И.С., термин - это член какой-нибудь терминологии, в рамках которого он однозначен и вне которого слово теряет свою характеристику термина, вследствие этого, в отличие от общих слов, термин не нуждается в контексте, т.к. термин связан не с контекстом, а с терминологическим полем, которое и заменяет собой контекст. Здесь, на наш взгляд, можно сделать следующее важное замечание. Под контекстом, от которого не должно зависеть значение термина, понимается словарная среда [14] общеупотребительного языка. Например: *Проведен анализ*. В данном предложении лексема *анализ* представляет собой научное понятие, обозначающее процесс обобщения и дифференциации компонентов целого. То есть независимо от контекста, данное слово, является термином. Однако значение термина остается неясным. И лишь принадлежность к определенной терминологической системе конкретизирует, уточняет его значение: *анализ крови (медицина), анализ рынка ценных бумаг (экономика), анализ (действующих) сил - analysis of forces; анализ бесконечно малых - mathematical analysis (физика и математика)*. Таким образом, термин связан не с контекстом, а с терминологическим полем, которое и заменяет собой контекст, что подтверждает вышесказанное. Смыслоное содержание термина обусловлено тем понятием, которое данный термин выражает, его значение не должно зависеть от того предложения, в котором он употреблен, а должно определяться системой понятий и соответственно терминологией данной отрасли знания.

По мнению А.П.Шокина, терминосистема – это своеобразная языковая модель системы профессиональных понятий, концентрированное выражение накопленного в данной области знаний [15, с.106].

«Терминосистема, - отмечает Т.М.Пьянкова, - это внутренне организованная совокупность элементов-терминов, связанных

устойчивыми отношениями» [16, с.9]. Она может в свою очередь делиться на подсистемы - терминологические поля/или терминополя/, под которыми понимаются взаимосвязанные группы терминологических обозначений научных понятий в пределах более узких, ограниченных участков, входящих в общую систему понятий данной отрасли науки или техники. Поскольку система терминов и каждой отрасли науки для техники должна быть адекватным отражением соответствующей системы научно-технических понятий, одним из требований к первой является то, чтобы не только каждый из ее элементов адекватно соответствовал обозначаемому понятию, но и между обеими системами в целом - системой обозначающих /терминов/ и системой обозначаемых /понятий/ - имеется понятийное соответствие [16, с.351].

Наиболее очевидным образом системность обнаруживается при анализе терминологических семантических полей. В терминологическом поле создаются особые условия функционирования терминов, при которых термины объединяются в микрополя, относящиеся к отдельным конкретным участкам поля как целого» [17, с.105-112; 13, с.144].

Например: *метод - method (терминополе) - подоперации: метод предельного равновесия (method of limit equilibrium); метод распределения полюсов (method of pole assignment); аксиоматический метод (axiomatic method) (микрополя)*. Лексика каждого микрополя формирует свои терминологические ряды, как правило, с привлечением типологически однородных средств выражения, что выявлено в ряде специальных исследований [14, с.26; 15, с.28; 16, с.24; 17, с.189].

Отраслевые терминосистемы в большей мере ориентированы на контентные связи соответствующих понятий, отражающих структуру изучаемого объекта, чем на особенности языковой системы, хотя, безусловно, последняя особенность воплощается в них. Итак, в нашей статье под терминосистемой мы будем понимать внутренне организованную совокупность взаимообусловленных и взаимосвязанных номинативных единиц терминов, отражающих систему понятий данной области науки и техники. Можно сказать, что сущность терминосистемы состоит в том, что она отражает в своей структуре входящих в нее терминов определенные связи и отношения, объективно существующие в кругу именуемых предметов и понятий. В этом смысле она аналогична лексико-семантическому полю, но отличается от него особыми внутренними закономерностями:

а/ регулирующим и определяющим фактором здесь является система понятий;

б/ норма системности требует от языкового обозначения определенного указания на место обозначаемого объекта в материальной системе;

в/ системное наименование должно правильно отражать соотношения объектов внутри данной материальной системы.

Таким образом, системность терминологии обусловлена тенденцией научных терминов к точности, их связью с соответствующими понятиями, поэтому термины группируются в терминологии не в произвольном порядке, а в соответствии с системностью понятий данной области науки и техники, и каждый термин занимает в терминосистеме определенное место, которое зависит от места соответствующего понятия в данной системе понятий [18, с.196]. Следовательно, термин, будь то слово /простое, производное или сложное/ или словосочетание, представляет собой один знак, которому соответствует одно понятие.

Как известно, в каждом языке есть такой термин. Во французском – «пароль», в русском – «слово». И в каждом языке он и до Соссюра обозначал целое и звукосочетание, и смысл одновременно. И поэтому Сулейменов О. вопрошаєт: Надо ли было продолжать заменять «слово» термином «знак», лишая последний его природного содержания «графического изображения понятия»? *Причинность слова - образный знак*.

Это был первый и очень важный для культуры шаг - *перенос имени звукающего объекта на немой, не способный назвать себя*. Следовательно, мы можем отбить линию: 1) Начальный этап развития языка звукоподражательный. 2) Письмо позволило назвать немые объекты, внешне похожие на озвученный графический знак. Так возникла схема основной словообразовательной модели: *«знак + название + толкование знака = слово-понятие»*. Ни один язык не обошелся без этого механизма. *Все изначально знали первописьмо, иначе бы не состоялись*. [19, с.231].

Обладая сложной внутренней семантической структурой, термин является отдельной самостоятельной единицей наименования. Формальные границы отдельного термина находятся в прямой зависимости от содержательных границ терминируемого понятия. Поэтому структурные типы терминологических наименований далеко не всегда совпадают с единицами номинации в общелитературном языке [20, с. 35-36]. Следует также учитывать, что термины отличаются от слов общелитературного языка и по семиотическому составу: в терминологии, кроме общеязыковых словесных знаков, широко используются символы, выходящие за рамки вербальных средств выражения.

Символ, как и знак, обозначает что-то, манифестирует нам вещь, и смысл этой вещи переносится совсем на другой предмет. Соединение же конкретного предмета со смыслом совсем другого предмета, вещи и является собой символ или знак [21, с. 59].

Таким образом, научно-технический термин, с одной стороны, это языковой знак, служащий средством обозначения или отражения научно-технического понятия, а с другой стороны, это основной элемент терминосистемы, семантически, а зачастую и формально связанный с другими ее элементами.

Понятно, что эти свойства термина реализуются только внутри терминологического поля, за пределами которого термин теряет свои дефинитивные и системные характеристики детерминологизируется (ср. «*chain reaction* - цепная реакция» как образное выражение в общелiterатурном языке). Процессы детерминологизации (переход термина в общеупотребительную лексику «*acceptance* - приемочное испытание» - одобрение, соглашение) и терминологизация (переход общеупотребительного слова в термин, напр. «*end* – окончание» (концевая) опора) свидетельствует о взаимопроникновении терминологической и нетерминологической лексики. Наряду с терминологизацией, в основе которой лежит метафорическое использование терминов, относящихся к различным областям знаний, в частности математики, механики, астрономии и т.д.; в основном являются терминами, обозначающими абстрактные понятия, которые, сохраняя целостное значение термина, часто употребляются в переносном значении, например:

	терминологическое значение	переносное значение
attract ion	притяжение	притягательная сила
element	элемент, деталь	1. стихия; 2. pl. основания; 3. элемент (общественности)
atmos phere	атмосфера	1. окружение; 2. своеобразие, настроение

К способам создания термина относится и ретерминологизация-перенос готового термина из одной дисциплины в другую с полным или частичным переосмысливанием, ср. «*differential* – дифференциал (матем.) - *differential* – дифференциал» лингвистич.). Термины могут заимствоваться из

другого языка (сюда же относится калькирование, которое как лингвистический прием создания технической терминологии получил массовое распространение в терминологической практике разных стран). Например: - *lumen* - люмен, lm (*единица светового потока*). Но здесь необходимо отметить, что слепое калькирование без учетов законов русской семантики и русского словообразования уже привело к проникновению в инженерную практику таких неуклюжих конструкций, как «*пламенная дуга*» (англ. *flame, arc*), «*упругая память*» (англ. *Elastic memory*), «*пригласительное крыло*» (англ. *inviting blade*) [22, 30], а также создаваться из морфемного инвентаря собственного языка или из интернациональных элементов (*physics* - физика, *gas* - газ, *fraction* - фракция).

Таким образом, термин как единица языка подчиняется фонетическим и грамматическим законам данного языка. Структурно-семантические особенности термина проявляются в сфере словообразования, где происходит специализация отдельных формантов, характерных для собственно терминологических моделей (ср.-оза в химии, - ома в медицине, - ема в лингвистике). Для описания структуры термина используется понятие терминоэлемента – минимального значимого компонента термина. Один из важнейших признаков термина – и на это полезно обращать внимание студентов – это интернационализм терминов: корни их уходят в греческий и латинский языки, а так как научно-технический словарь во многих странах складывался под влиянием этих языков, то эта традиция имплицитно воздействует на современных исследователей, например, *processor, telecopie, transistor* и т.д.

#### Список литературы

- 1 Казарина С.Г. Типологические исследования в терминоведении // Филологические науки. 1998. - № 2. - 68с.
- 2 Реформатский А.А. Мысли о терминологии//Современные проблемы русской терминологии. М., 1986. - 198 с.
- 3 Бондарко А.В. Функциональная грамматика. Л., 1984. - 80с.
- 4 Митрофанова О.Д. Научный стиль речи: проблемы обучения. М., 1997. – С. 56
- 5 Шемакин Ю.И. Тезаурус в автоматизированных системах управления и обработки информации. М., 1974. - 192 с.
- 6 Александровская Л.В. Семантика термина как члена общелитературной лексики (на материале английской морской терминологии): Автoref. дис. к.ф.н. - М., 1973. - 33с.
- 7 Суслова И.М. Терминология библиотековедения как системное образование. В кн.: Терминология библиотечного дела. М., 1975. - 190с.

8 Фигон Э.Б. Системная организация терминологии как лексического пласта: Автореф. дис. к.ф.н. М., 1974. - 204с.

9 Климоуицкий Я.А. Некоторые методологические вопросы работы над терминологией науки и техники // Современные проблемы терминологии в науке и технике. М., 1969. - 59с.

10 Городецкий В.Ю. Термины с лингвистической точки зрения //Место терминологии в системе современных наук, М., 1970. – С.74

11 Юргенс И.Г О системном характере измерительной технологии// Системное описание лексики германских языков. Вып. 5. Л., 1985. - 270с.

12 Антонова М.В. Системные связи узкоспециальной терминологии (на мат-ле профпатологической лексики англ. яз). Автореф. дис. к.ф.н. Л., 1983. – С.94

13 Калиев Г., Оралбаева Н. Современный казахский язык. Алматы., 1997. - 144с.

14 Антонова М.В. Системные связи узкоспециальной терминологии (на мат-ле профпатологической лексики англ. яз). Автореф. дис. к.ф.н. Л., 1983. – С.81

15 Шокин А.П. Опыт изучения отраслевой технической терминологии. – В кн.: Термин и слово: Предметная соотнесенность и функционирование терминов. Горький: ГГУ, 1983. – С.36

16 Пьянкова Т.М. Некоторые системные расхождения между русскими и английскими терминами и их отражение в переводе: Автореф. дис. к.ф.н. М., 1974; 1973. - 35с.

17 Побережниченко Э.В. К вопросу о взаимосвязи общеупотребительной и терминологической лексики М., 1975. - 135с.

18 Бурляй С.А. О соотношении терминологии и общелитературного языка. Сб. научн. тр. МГПИИЯ. Вопросы романо-германской филологии. М., 1974.

19 Сулейменов О. «Язык письма» («1001 слово»). 1998. - 231 с.

20 Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. М.,1977 - .246с.

21 Кулагина Н.В. Символ как средство мировосприятия и миропонимания. Москва – Воронеж, 1999. - 59с.

22 Англо-русский словарь по пластмассам. М., Физматгиз, 1965. – С.91

## Түйін

Макалада термин жүйесінің қазіргі жағдайы, өзекті мәселелері мен оларды шешүшеге бағытталған кейір жолдары көрсетілген. Термин жүйесінің мәні – өзінің құрылышында оған кіретін терминдер түсініктері мен тақырыптар айналасында объективті түрде бар қарым-қатынастар мен белгілі байланыстарды көрсетеді.

## Resume

The paper presents the current state and current issues of the terminology system and some ways to solve them. The meaning of the terminology system is in its construction which reflects the relationships and definite relationships that are objectively related to the concepts and themes of the terms included therein.

## **СИСТЕМА РАБОТЫ С ТЕКСТОМ ПРИ ЯЗЫКОВОЙ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ**

**Г.Р. РАХИМЖАНОВА**

кандидат педагогических наук,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

### **Аннотация**

Автор статьи останавливается на методике работы с текстами, используемыми на занятиях по русскому языку с целью подготовки студентов к профессионально ориентированному речевому общению.

*Ключевые слова:* работа с текстом по специальности, рассмотрение содержательной стороны, исследование языковых средств.

Принцип профессиональной направленности обучения на занятиях практического курса русского языка в казахских группах реализуется в отборе текстового материала, ориентированных на специальность.

Все задачи обучения русскому языку наиболее комплексно, во взаимосвязи решаются в процессе работы над научным текстом. Научные тексты могут выступить средством формирования у студентов системы умений и навыков, необходимых для освоения профессиональных компетенций специалиста.

Текст как методическая категория выполняет специфические функции: с одной стороны, он служит образцом для конструирования учащимися самостоятельного высказывания и стимулирует желание говорить, с другой – иллюстрирует функционирование изучаемых единиц в речи.

Прежде всего, нам нужно ответить на вопрос: Что следует понимать под термином «текст»?

В методической литературе можно найти десятки разных определений. Условимся понимать термин «текст» так: «Текст – это интегративная единица, глубокое понимание которой лежит на стыке многих наук: лингвистики, языкоznания, психологии, культурологии, философии, литературоведения, истории и других [1, с. 4].

Работа с текстом может осуществляться в двух направлениях:

- 1) рассмотрение содержательной стороны, ориентированное на

максимально полное и точное понимание внутри текстовой информации и адекватное ее воспроизведение; 2) исследование языковых средств, используемых автором для выражения этого содержания.

Результативность речевой работы над содержанием текста зависит от формулировки задания. «По характеру ожидаемых речевых реакций учащихся все содержательно-речевые задания (в том числе и в вопросной форме) делятся на следующие виды:repiduktivные, направленные на частичное выборочное или полное воспроизведение содержания текста (или отдельных фактов, изложенных в нем); аналитические, которые требуют что-то объяснить, обосновать, выявить причины, цели, условия того, о чем повествуется в тексте;оценочные, побуждающие выразить свое отношение к повествуемому; творческие, в соответствии с которыми в своих самостоятельных высказываниях по поводу текста учащийся как бы расширяет и домысливает представленные в тексте ситуации» [2, с. 233].

Чтобы постичь содержание текста, студенту-филологу порой необходимы знания из области теории литературы, и из истории языка, и из этнографии.

Рассмотрим методику работы с текстом «Чокан Валиханов».

**Работа с текстом:** Прочитайте текст, обратите внимание на особенность научного наследия Ч. Валиханова, на то, чем объединены его разнообразные труды, что их связывает между собой.

### **Чокан Валиханов**

*Чокан Валиханов родился в ноябре 1835 года в поселке Кушмурун в семье известного султана Чингиса. Начальное образование он получил в частной казахской школе, где учился арабскому языку, поэзии, рисованию. Сохранились этнографические зарисовки Чокана, свидетельствующие о самобытном таланте художника. Его отец, человек высокой культуры и разностороннего образования, сыграл в формировании личности Чокана значительную роль: он с детских лет приобщал сына к чтению, привлекал его к собиранию легенд и народных преданий; в их доме бывали многие высокообразованные люди.*

*Годы наиболее интенсивного духовного становления Чокана связаны с учебой в Омском кадетском корпусе. Здесь сложился круг его общения: ориенталист Костылецкий, историк Гонсовский, исследователь истории народов Сибири и Казахстана Ядринцев, выдающийся географ Потанин, статистик Анненский, известный путешественник Семенов-Тянь-Шанский, а также ссылочный*

писатель Достоевский. Из кадетского корпуса вышел человек широкообразованный, передовых взглядов, свободно ориентирующийся в современной науке и культуре. Дальнейшая его судьба была определена семейной традицией и полученным образованием: российский офицер, разведчик, дипломат, чиновник, выполняющий различные поручения царской администрации.

После окончания Омского кадетского корпуса (1853) Ч. Валиханов был назначен адъютантом западно-сибирского генерал-губернатора. Во время службы продолжал изучать историю, географию и этнографию Средней Азии и Казахстана, стран зарубежного Востока. В 1856 участвовал в экспедиции по исследованию территории Киргизии, а также в составлении карт района Иссык-Куля, изучал флору и фауну региона. Поездка в Кашигию (1858- 59), исследование этого края принесли Ч.Валиханову славу известного ученого. В его капитальном труде «О состоянии Алтынишара ...», опубликованном в 1861 году, дан историко-географический очерк Кашигии. Этот труд был воспринят в научных кругах как важное географическое открытие. Во время пребывания в Петербурге Чокан работал в Главном штабе над подготовкой к изданию карты Азии, участвовал в трудах Русского географического общества, членом которого он был избран в 1860 г. В работах, посвященных истории и культуре Средней Азии и зарубежного Востока: «Киргизы» (так раньше называли казахов), «Следы шаманства у киргизов», «Киргизское родословие» и др. – был обобщен огромный материал по истории и этнографии казахов, их быте, обычаях, культуре.

Устному народному творчеству казахов посвящены статьи «Предания и легенды большой Киргиз-кайсацкой орды» и др. Огромный интерес фольклористов вызывает его анализ особенностей импровизаторского искусства акынов, жанры казахских песен, ритмики казахского стиха. Он полностью записал и перевел на русский язык народную эпическую поэму «Козы - Корпеш и Баян-сулу», а также часть киргизского национального героического эпоса «Манас».

По своим убеждениям он был последовательным демократом, в области философии – осознанным материалистом. В его социально-политическом и философском наследии можно выделить следующие группы проблем: философия политики и права, антиклерикализм (критика религии), философия общества, этические и эстетические проблемы.

Основные работы по этой проблематике: « О состоянии Алтынишара», «Записки о судебной реформе», «Очерки Джунгарии»,

*«Следы шаманства у киргизов», «О мусульманстве в степи», «Заметки по истории южно-сибирских племен».*

*Глубокий философ, талантливый ученый, страстный защитник обездоленных, мечтавший переделать мир на основах социальной справедливости и просвещения, он остался в памяти потомков как «промелькнувший метеор», успевший за свои неполных 30 лет так много сделать для своего народа [3, с.109].*

### **Последтекстовые задания**

Задание 1. Разделите текст на смысловые части. Определите ключевые слова каждой части. Сформулируйте тему на основе ключевых слов.

Задание 2. Определите самостоятельно, как связаны между собой предложения смысловой части: содержательно, логически, композиционно. Задание 3. Ответьте на вопросы: Какое воспитание и образование получил Чокан Валиханов в детстве? Что можно сказать о формировании личности Чокана в детские годы? Какие годы являются наиболее важными в духовном становлении личности Чокана Валиханова? Что оказало сильное влияние на духовное становление Чокана? Как проявил себя Ч.Валиханов как ученый-географ и путешественник? Какой вклад внес в исследование Средней Азии и зарубежного Востока Ч.Валиханов? Какими исследованиями в области устного народного творчества известен Чокан Валиханов? Что удалось сделать Ч.Валиханову в исследовании устного народного творчества казахов?

На основе построенной композиционной модели текста разворачивается диалог- расспрос: Мкр.1 – Образование и воспитание Чокана Валиханова в детские годы. Мкр.2 – Становление личности. Мкр.3 – Географ и путешественник. Мкр.4 – Исследователь устного народного творчества. Мкр.5 – Мировоззрение Чокана Валиханова. Мкр.6. Роль Чокана Валиханова в Казахской истории.

Конечным результатом работы над текстом должны стать последующие задания: 5. Законспектируйте текст, опираясь на вопросы, приведенные выше. 6. Подготовьтесь к устному сообщению на тему «Чокан Валиханов».

При анализе текста студенты-филологи обращают внимание на языковые особенности: встречаются эмоционально-экспрессивные элементы, например, как «промелькнувший метеор» – сравнение; оценочные слова: глубокий философ, страстный защитник обездоленных, человек широкообразованный. Приходят к выводу, что это текст научно-популярного подстиля.

Работа с текстами по специальности на занятиях по русскому языку способствует активному включению студентов в учебно-профессиональную деятельность, знакомству с лексико-грамматическим и понятийным аппаратом языка их будущей специальности. К примеру, студентам экономического факультета предлагается текст:

*Самым распространенным экономическим явлением в рыночном хозяйстве является товар. Без товара нет рынка. Товар-продукт труда, произведенный для обмена путем купли-продажи. Чтобы продукт стал товаром, он должен иметь два свойства: общественную потребительную стоимость.*

*Общественная потребительная стоимость товара заключается в том, что она удовлетворяет потребность в предметах потребления или в средствах производства не самого производителя, а других членов общества, которые не производят данный продукт.*

*Если продукт предназначается для продажи, то, естественно, его владелец подсчитывает, какие затраты труда потребовались для его производства. Обменивая свой товар, товаропроизводитель исходит из трудовой эквивалентности, из его стоимости. Следовательно, стоимость – это овеществленный в товаре общественный труд. Она не имеет ни физических, ни химических свойств, ее нельзя обнаружить лабораторными испытаниями. Проявляется она в процессе обмена. Когда одна потребительная стоимость приравнивается к другой потребительной стоимости. Приравнивание происходит в определенных пропорциях, соответствующих стоимости товара. Иначе говоря, стоимость проявляется как меновая стоимость.*

*Два свойства товара обусловлены двойственным характером труда. С одной стороны, он – конкретный труд, затрачиваемый в определенной полезной форме, характеризующийся определенными навыками, умениями, знаниями. Как таковой, он создает потребительную стоимость (пальто, хлеб и т.д.). Конкретным характером отличается один вид труда от другого. Но у всякого труда есть нечто общее, а именно: он – сгусток энергии (умственной, физической). И если отвлечься от конкретной формы труда и посмотреть на него с физиологической стороны, как на сгусток энергии, то обнаруживается абстрактный характер труда. Он создает стоимость. Абстрактный труд представляет собой общечеловеческий труд, общественный характер которого проявляется в процессе товарного обмена.*

## **Алгоритм работы с текстом по специальности:**

1. Чтение текста. Деление текста на смысловые части (абзацы) и поиск ключевых слов в каждой из них, на основе, которых будет сформулирована тема. Анализируем первое и последнее предложение абзаца, наиболее частотные слова и словосочетания и слова.

2. Формулирование темы смысловой части в номинативной форме, опираясь на ключевые слова и информацию первого и последнего предложений.

3. Формулирование вопросов к теме смысловой части.

4. Ответы на вопросы к смысловой части.

5. Формулирование темы текста (с опорой на формулировку подтем)

6. Постановка обобщающих вопросов к теме текста.

7. Формулирование проблематики текста в виде тезисов (ответы на обобщающие вопросы).

8. Описание исходного текста с помощью языковых средств для реферирования.

*В первом абзаце дается определение товара ...*

*Указывается, что продукт может стать товаром ...*

*Во втором абзаце анализируется ...*

*В третьем абзаце рассматривается ...*

*В четвертом абзаце рассматривается ...*

*В четвертом абзаце подчеркивается*

9. Описание исходного текста с помощью языковых стандартов клише для аннотирования.

*В тексте «...» речь идет ...*

*Указывается, что ...*

*Назначение текста – Статья предназначена (для кого); рекомендуется (кому) ...*

*Предназначается широкому кругу читателей ...*

*Для студентов, аспирантов ... [4, с.22].*

При анализе текста студенты формулируют темы смысловой части в номинативной форме, опираясь на ключевые слова и информацию первого и последнего предложений, например: 2. а) стоимость и меновая стоимость; б) взаимосвязь стоимости и меновой стоимости. 3. Тема высказывания третьего абзаца: «взаимосвязь стоимости и меновой стоимости». Вопросы: Как связаны между собой стоимость и меновая стоимость? Какая связь существует между стоимостью и меновой стоимостью? Как проявляется стоимость? Что такое меновая стоимость? – ряд

синонимических вопросов. Опираясь на формулировки подтем, определяют тему текста – «Товар и его свойства».

Освоение теоретического материала органически связано с выполнением различных заданий, которые направлены не столько на воспроизведение прочитанного, сколько на активизацию мыслительной творческой деятельности студентов, осознание ими изучаемых понятий и фактов. Конечным результатом работы над текстом становятся последующие задания: 8. Описание исходного текста с помощью языковых средств для реферирования. 9. Описание исходного текста с помощью языковых стандартов клише для аннотирования.

По словам Щукина А.Н., «...на практических занятиях по языку учащиеся овладевают элементами языка специальности и особенностями, присущими избранной для будущей профессиональной деятельности сфере общения» [5,с. 158].

Таким образом, применяемые для овладения языком специальности тексты научного стиля могут служить эффективным средством обучения. Необходимо правильно организовать работу с текстом, чтобы у студентов сформировать целостное понимание, осознания специфики и требований выбранной профессии.

#### Список литературы

- 1 Степанова Л.С. Система работы с текстом на уроках русского языка и литературы: Учебное пособие для учителей и студентов педвузов. – М.: Вербум-М. 2005. – 319 с.
- 2 Практическая методика обучения русскому языку в средних и старших классах /Е.А. Быстрова, К.З.Закирьянов, Н.Д.Литвинова и др.: Под ред. Е.А.Быстровой. – Л.: Просвещение. Ленингр. отд-ние, 1988. – 271 с.
- 3 Пособие по интегрированному обучению профессиональной научной речи / Е.Б. Чекина, С.Г. Бурамбаева, С.Ю. Ерискина. Алматы: Қазақ университеті, 2002.– 175с.
- 4 Бурамбаева С.Г. Формирование интеллектуальных способностей в работе с текстом по специальности // Русский язык и литература в казахской школе, 2001. - №3. – С.74
- 5 Щукин А.Н. Методика преподавания русского языка как иностранного: учеб.пособие для вузов / А.Н. Щукин. – М.: Высш. шк., 2003. – 334 с.

#### Түйін

Макала авторы студенттердің кәсіби бағдарланған сөздік қатынасқа дайындау мақсатында орыс тілі бойынша дәрістерде қолданылатын мәтіндермен жұмыс әдістемесіне токталады.

### Resume

The author of the article dwells on the method of working with the text used in the classes of the Russian language with the aim of preparing students for professionally oriented speech communication.

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ҚЫЗ-ӘЙЕЛ  
БЕЙНЕСІ**

**Г.С. САҒЫНАДИН**

қазақ әдебиеті кафедрасының PhD-докторы  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**А.Е. АЛИМБАЕВ**

PhD-докторант, аға оқытушы  
Еуразия гуманитарлық институты

**Аннотация**

Мақалада әйел бейнесінің мифологиядағы көріністері жанжақты қарастырылған. Қыз/әйел бейнесіне негізделген фольклорлық мұраларды талдауда жаңаша пайымдаулар жасалған.

*Tүйін сөздер:* фольклор, топонимикалық аңыздар, қаз/әйел, миф, мифология, культ.

Қазақ және басқа да түркі халықтарының Қыз/Әйел мұнарасына қатысты әпсаналарын талдау және олардың бір-бірімен сюжеттік байланысын қарастыру, мұндай тарихи-мекендік әпсаналарға қыз/әйел тұлғасының негіз болуының діни-мифологиялық, тарихи-мәдени астарын саралау зерттеудің басты мақсаты болып табылады.

Қазақ фольклорында аңыздық прозаға жататын, бірақ ертегілік сипаты басым шығармалар бар. Бұл жанр әпсана деп аталады. Әпсана жанры қазақ фольклорымен қатар өзге де түркі халықтарының фольклорында да орын алады. Бұл жанр түркі халықтарында «efsane», «legenda» терминдерімен белгілі. Бірқатар әпсаналар жер-су, тау-тас, елді мекен, өзен-көл жайын баяндайды. Рас, әпсанада айтылатын мекеннің тарихы өмірде дәл солай болмауы мүмкін, бірақ сол мекен тарихта болғандығы күмән туғызбайды. Міне, сол себепті ол тарихи-мекендік әпсана деп аталады. Ел аумағындағы көптеген мекен, нысан атауы қыз/әйел атымен сабактасып жатқанын байқауға болады. Сәйкесінше бұл топонимдердің шығу тегі қыз/әйел бейнесімен байланысты. Оның ерен үлгісі – көптеген түркі халықтарының фольклорында орын алған Қыз/Әйел мұнаралары туралы әпсаналар.

Қыз/әйел бейнесіне негізделген фольклорлық мұраға қазақ халқы аса бай. Соның бірі Сырдария өзенінің сол жақ бетінде ертедегі Жанкент қаласының археологиялық орнында орналасқан

Бегім ана мұнарасы тұрасында болмақ. Бегім ана – аныз деректері бойынша оғыз-қыпшақ заманындағы әрі батыр, әрі діндар болған Қарабура әулиенің қызы. Қарабураның қасиеті осы қызына дарыған екен. «Қарабураның қызы Бегім елді аузына қаратар сұлу болып өседі. Сұлулығына қызыққан талай жанның қол жетпес арманына айналады. Бірақ жар болу тек Шаншарға (Санжар сұлтан) ғана бұйырады. Қызғаныштың кесірінен ханның бір беткей әрекеті, адамзатты кешірмес күнәға әкеп соқтырады. Бегім сұлудың адалдығына күмән келтірген Шаншар хан ашу үстінде қылышпен оның оң қолы мен бұрымын кесіп тастайды. Бұл кезде әкесі Қарабура картайған кезі еді, бірақ қызының жағдайын естігеннен, жедел Жанкентке келеді. Қарабураның хан алдына келіп, істің мән жайына қанығады. Қаһарланған қарт ханға: «Қызыымда күнә болса, сенікі жөн, ал күнәсіз болса ертенге дейін қолы мен шашы орнына келсін, азабын өзің тарт!» деп теріс бұрылып кете берген. Қарабура әулиелігі тірісінде елге мәлім болған, айтқан сөзі бос кетпеген таманың аузы дуалы әулиесі еді. Қарттың налып айтқан сөзінен қала халқы қатты секем алып қалады. Енді істің артын бағудан басқа қолдарынан еш нәрсе келмеді, ел ертенғі күнді қауіппен күтті. Халық Бегім сұлудың жағдайын өз көздерімен көруге хан сарайына қарай таң ата шұбыра бастайды. Жиналған жұрт Қарабураның жаны пәк қызының шашы мен қолы өз орнында тұрғанын көреді. Жазықсыздығына ел күә болады. Сонда Санжар хан «жаздым, жаңылдым» деп, Бегімнің аяғына жығылып, кешірім сұрауға ұмтылған екен... Бірақ Бегім әп-сәтте торғайға айналып, пыр етіп ұшып кетіпті. Сонан барып Ұзынтамға қонған жерінде, құдіреттің қүшімен биік мұнара пайда болыпты.

Бегім ана мұнарасына бұл аймақтың адамдары табынатын болған. «Бегім – ана, сұлу – жан апам» деп, әруағына сыйынып, әулиедей пір тұтқан. Ертерек уақыттарда бедеу әйелдер перзент бере көр деп, мұнара басына түнейді екен» [1,12].

Бұл әпсана ислам діні билік еткен дәүірдің туындысы екені көрініп тұр. Алайда, Бегім ана мистикалық бейне ретінде суреттеліп, магиялық күші анық анғарылады. Магиялық іс-әрекеті тәнірлік, көпқұдайлық заманда ұлықтаған рух иелерін еске түсіреді. Ал мұнара әулие ананың қасиетін бойына жинап, шамандық ілімдегі анимизм белгілерін сақтағандай, яғни, елдің табынар құдіретті мекені болып дәріптеледі.

Мұны былайша түсіндіруге болады. Уақыт ағымына сәйкес тәнірлік, зороастризм, т.б. діндерді ислам діні ығыстыра бастады. Алайда анимистік, тотемдік, магиялық түсініктерді толығымен жоя

алмады. Олар ислам діні заңына сай қалпын ғана өзгертті. Мысалы, ежелгі құдайлардың жасампаз істері алланың ерекше жаратқан адамдары – әулиелер арқылы орындалатын болды. Халықтың табынып, көмек сұрайтын күш иелері әулие болып танылды. Бұл жөнінде академик С. Қасқабасов өз еңбегінде айтқан болатын: «Қоғамда бір кезде ескі шамандық, көп құдайлыш діни нанымдардың орнына бір құдайлыш дін келіп, оларды мұлде жоғалта алмады. Керісінше, солармен қатар өмір сүрге мәжбүр болды. Соның нәтижесінде ескі діни нанымдарды өз мұддесіне пайдалану мақсатында кейбір ежелгі ырым мен әдет-салттарды өзгертіп, дінге бейімдеді» [2,155]. Әпсанадағы Бегім ананың торғай болып кетуі – көне магиялық түсініктердің бірі. Мұндай жағдай, яғни, әділетсіз харам ниетті жандарға құйініш, өкініш білдіргенде аң, құсқа айналып кету – әулиелерге тән іс болып есептелген.

Сонда Бегім сұлудың әкеден дарыған әулиелік сипаты көне дәуірдегі әйел күльтінің ассимиляцияланған түрі, Құдай Ананың болмысы мен қызметін жалғастырған бейне, «пір» екені анықталып отыр. Бегім ана орнында пайда болған мұнара қыздың пәк болмысының қасиеттілігі мен сакральді табиғатының символы болып бой тұзеген.

Жалпы, мифтік кезеңде әйелдің құрметті орында болғаны рас. Жасампаздық қызметін атқарушы Құдай Ана жан-жакты қырларымен танылған. Біріншіден бүкіл ғаламды жасаушы, екіншіден, кейінрек жаратушы Ата – Құдайдың қосағы ретінде дүниені тудыруши. Бұл жағынан ол көбіне Жермен сәйкестендіріледі. Құдай – Ананың тағы бір маңызды функциясы оның мәдениетке, өнерге, құпия білімге қамқорлық жасауы. Бұған мысал, гректердегі – Афина, түркілердегі – Ұмай ана, т.б.

Қыз/әйел бейнесіне құралған әпсаналар қатарында әзіrbайжан халқының фольклорындағы «Гыз галасы» әпсанасын айтуға болады. Бұл сюжет Bakудың ең жұмбақ ескерткішіне айналған Гыз Галасы немесе Қыз мұнарасының пайда болу тарихын баяндайды. Жалпы, мұнара туралы көптеген әпсаналар бар. Соның бірі: «Иранды басқарған Нұрредин шах Bakуды өз жеріне қосып алу үшін әскерімен қала маңына тоқтайды. Bakу тұрғындары бас абыз Яғирваннан көмек күтеді. Яғирван қасиетті отқа сыйынып, одан жәрдем сұрайды. Тек сыйынудың тоқсаныншы күнінде ғана қасиетті оттан сәуле тарап, отқа құлшылық еткен бір сұлу қыз пайда болады. Яғирван айналасындағы отқа табынушы халыққа осы бір оттан жаралған қыз ғана жау қолынан құтқаратынын айтады. Яғирван қызға отты қылышты беріп, Нұрреддин шахтың шатырына апарар жолды сілтейді. Шах бір көргеннен қызға ғашық болады.

Қызда да сезім пайда болады. Шах қыздан оның келу мақсатын сұрайды. Қыз шахтан бұл елден әскерін алғып кетуді өтінеді. Алайда Нұреддин шах Бакудың оның ата-бабалары мекен еткен жер болғандықтан, Иранға қосып алуы қажет екенін айтады. Бұдан соң қыз шахтың ешбір сұрағына жауап бермей қояды... Түн болып, ел үйқыға кетеді. Шахтың ұйықтағанын күтіп, қыз оның көкірегіне отты қылыш қадайды. Шахты қансыраган күйінде тастап, кетіп қалады. Яғирван елді құттықтайды. Оттан жаралған қыз жазаны орындағанын айтып, халықтың бостандығы үшін, қасиетті наным-сенім үшін өз махаббатын құрбан етіп, енді өзі де өлуі тиіс екенін жеткізеді. Осы сөздермен отты қылышты көкірегіне салады. Осы жерде салынған ескерткіш «Қыз мұнарасы» деген атауға ие болады [3,150-154]. Бұл әпсананың бір нұсқасы ғана.

Екінші бір әпсананың сюжеті төмендегідей: «бір шах өзінің қызына ғашық болып, үйленуге бел буады. Әкесінің шешімінен шошынған қыз одан биік мұнара салып беруді талап етеді. Мұнара құрылышы аяқталғанша әке ойы өзгерер деп үміттенеді. Алайда әкесі өз ойынан қайтпайды. Сонда қыз мұнараның төбесіне шығып, теңізге секіріп өледі.

Келесі бір нұсқада сүйгеніне қоспай, кәрі байға бермекші болғанда, қызы әкесінен биік мұнара тұрғызуды өтініп, содан соң ғана тұрмысқа шығатынын айтады. Шах өтінішін орындал, қазіргі Бакудың төрінде тұрған көне мұнараны салдырыпты-мыс. Алайда, құрылышы салынып біткенше әкемнің ойы өзгерер деген қыздың үміті орындалмайды. Ғашығына қосыла алмасын білген ол осы мұнараның басына шығып, сол уақытта толқыны іргеге соғып жатқан Каспий теңізіне секіріп өлген екен» дейді [4].

Әпсаналар сюжеті әртүрлі. Бірінші сюжетте мифологиялық элементтерді айқын байқауға болады. Зороастризм дәуірі аясындағы отқа табыну көріністері орын алған. Елдің тағдыры, нақтырақ айтсақ, Баку қаласының тағдыры от құдіретімен шешім тапқанын анғарамыз. Қасиетті отқа деген құлшылық, махаббат екі жас арасындағы махаббаттан биік екенін дәріптегендей. Бірақ ғашығына деген адап сезім беріктігі қыздың өз-өзіне қол жұмсауынан дәлел табады.

Бұл әпсана от культінен хабар береді. Сәйкесінше мұнараның салыну уақыты – зороастризм дәуірі болмақ. Бұл ретте фольклорист-ғалымдардың пікірлерін келтірген абзal. Ғалым А. Ибадоглу бұл мұнараның түркі тайпаларының қасиетке отқа табынуға арнап салған орын екенін айтса [5, 29-30], ғалым А.Д. Ахундов бұл тұжырыммен келісе отырып, мұнарада арнайы газ

құбырларының жүргізілгеніне және мұнара төбесінде үнемі от жағылып тұрғанына сілтеме жасайды [6,56].

Екінші сюжетте отқа табыну көрінісі нақты көрінбесе де, сол дәуірдің, яғни зороастризм ілімі басшылық еткен заман екені аңғарылады. Оны әкенің өз қызына үйленбек ниетінен байқалады. Тарихқа ойыссак, Сасанид патшасы Иездигерд II (б.э. 439-457ж.) Ежелгі Иран жеріндегі (Әзіrbайжан жері сол құрамға кірген) зороастризм дінінің канондарына өзгерістер енгізіп, әке мен қыз, аға мен қарында, апа мен іні арасында некелік қарым-қатынастың орнауын жарлық етеді [7,71].

Үшінші сюжет мұнданай діни белгілерді қамтымайды. Қарап отырсақ, үш сюжет идеялық-тақырыптық жағынан тоғысып, мұнараның маҳабbat маздағы екенін дәріптейді және қыздың құрбан болу әрекеті ар алдындағы адалдықты айғақтап, жүректегі тазалық пен сезімге беріктік жөнін ұғындырады.

Бірақ, бұл әпсаналар тек идеялық сипат жағынан ғана емес, этимологиялық тұрғыдан да үндестік табады. Этимологиялық талдау жасау барысында Қыз мұнарасына негізделген әзіrbайжан әпсаналары сонау мифтік дүниетанымнан негіз тартқан, дәрежесі биік фольклорлық туынды екені көрінді. Сөзімізді дәлелдесек, алдымен «гала» не «қала» сөзіне мән берейік. Әзіrbайжан тілінде Қыз мұнарасы «Гыз галасы» аталатыны белгілі. Ал Гала немесе қала барлық түркі тілдес халықтарда қамал не мұнара деген ұғымды арқалайды. Алайда бұл сөз түпкі негізінде басқаша мәнде қолданылған екен. Қала – қасиетті от жанатын ритуалды орын ретінде қабылданған (Сабзали 2008).

Енді «от» ұғымын қарастырсақ. Түркі халықтарында «күн» ұғымы жерде де, көкте де қасиетті болып саналған. Жасампаздықтың бастауы ретінде күн құдіреті оның жердегі символдары – от, отбасы түсініктеріне ойысса керек. От, ошақ – отбасыны зұлымдықтан қорғап, жақсылықты жар қылатын, береке мен бірлікті сақтайтын құш болып саналған [8,35-36].

Сонымен қатар түркі халықтарында шамандар ұлықтайтын ілкі ана рухы «От ана» деп аталған. Кей халықтардың түсінігі бойынша оттың туындауы осы От анадан бастау алмақ [9,122]. Шамандар отқа табынғанда: «О, от ана!», «Отыз тісті от ана!» деген сөздерді қолданған [10,68]. Сәйкесінше, от құдайы – ана, яғни, әйел. Дәлірек айтсақ, қыз.

Түркі тілдес халықтардың наным-сенімінде от құдайы көремет сұлу қыз болып сипатталған. Алтайлықтарда от иесі «қыз-ана» аталып, әдемі ақ қыздың кейпінде болған [11,190]. Кейбір түркі елдерінің әпсаналарында қыздың Құн-отпен байланысын көреміз.

Согласно традиционным хакасским представлениям, хорошему хозяину юрты богиня огня От – ине обычно представлялась в облике полной и доброй старушки, плохому – худой и злой. Кроме того, облик её изменялся в зависимости от времени суток и даже месяца. При новолунии она бывала прекрасной девой, при ущербном месяце превращалась в глубокую старуху. Вечером она – красная дева, носящая шёлковые одежды, ранним утром – женщина в возрасте, надевающая грубые одежды.

В традиционном понимании хакасов, богиня огня – «огненная мать» давала тепло и свет, постоянно охраняла дом, очаг и семью от злых сил, приносил удачу и богатство хозяину, жила заботами главы дома. Её называли так: «хозяйка жилища», «хранительница жилища», «оберег человека», «щит пасущегося (скота) и т.д. для сохранения благополучия семьи женщины обязаны были ежедневно кормить духа огня [12,156].

Келтірілген мысалдардан от құдайы қыз бейнесінде болатынын анықтағанымыздай, қыздардың генетикалық түрде отпен, құнмен байланыс табатынын айқындаймыз. Тіпті, «қыз» және «от» ұғымдары тілдік түрғыдан да үндес. Қазақ тілімен қатар басқа да түркі халықтарының тілдерінде отқа қатысты бірнеше сөздер бар. «Қызу», «қыздыру», «қызару», т.б. Түбіріне назар салсақ, оларға «қыз» сөзі негіз екенін анғарамыз.

Жоғарыда айтылған қазақ әпсанасындағы мифтік салт-сана әзіrbайжан халқының алғашқы дүниелік көзқарасымен сабактасып отыр. Әзіrbайжанның «Гыз галасы» көпқұдайлық дәуіріндегі әйел құдіретіне құлшылық жасалатын орын болса, қазақтың «Бегім ана мұнарасы» политеизм белгілерін бойына сіңірген ислам дәуіріндегі әулие деп сенген әйел рухына сыйынатын мекен. Тарихи-қоғамдық кезеңдері әртурлі болса да, «әйел» ұғымының мәні, «қыз-мұнара» сабактастығы бір қайнар көзден туындалған отыр.

Кейбір зерттеушілер мұнараның ғибадатхана, табыну тұрағы қызметін атқарғанын жоққа шығарады. Ғалым Александрович-Насыфи мұнара сыртқы жаудан қорғану мақсатында салынған деген пікірге келеді [13,155-163].

Әзіrbайжан халқындағы отбасы-тұрмыстық әпсаналарды зерттеген ғалым М. Ахмедов: «Возможно, вначале это был храм в честь богини огня, а впоследствии в связи с изменением общественно-исторических событий, в результате вытеснения зороастризма исламом башня теряет свою первоначальную функцию, становится стратегическим сооружением оборонного значения» дейді [14,42].

Бұл пікірлердің орынды екенін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ қорғаныс мақсатында салынса да, астарында халық сенімі бой көрсетеді. Жоғарыда келтірген әпсаналарда «мұнара» қызға тән тазалықтың, пәктіктің символы іспетті. Яғни, мұнараның биіктігі қыз бойындағы ардың биіктігін көрсетсе, дәл сол мұнара қыз абырайына қорған болғандай. Мұндай әпсаналардың тузы халықтың құрылыш тәжірибесінде үлкен нағым-сенімді арқалаган. Яғни, қызға қорған болған мұнараның символдық мәні реалды өмірде де қорғаныс ретінде мықты бекініс болады деп сенген. Дәлірек айтсақ, түркі жұртының мифтік танымындағы қыздың бейкүнә тұлғасының сакральді сипаты, пәктіктің магиялық құші, қыз бойындағы тазалықтың қорғаныс болар қасиеті кез келген маңызды бастамаға бойтұмар болған. Сөзімізді дәлелдеу үшін келесі пікірлерге назар салсақ: зерттеуші Е.Пахомов үл мұнараларды «қол жетімсіз», «қол жетпеу» секілді ұғымдармен байланыстырады [15,33-38;] Ал ғалым Г. Джидди Қыз мұнараларының туындау тарихы мен этимологиясына терең үңіліп, үл мұнаралардың ең бастысы, тау беткейлерінде салынып, өзге қамалдарға қарағанда мықты, берік, қол жетімсіз болатынын айтқан [16,43-45]. Зерттеуші С.П. Толстовтың айтуы бойынша, Өзбекстан мен Түркменстан жерінде орналасқан «Гыз гала-Игид гала» (Қыз мұнарасы-Жігіт/Ер мұнарасы-авт.) кешендері үлкен стратегиялық мағынаға ие болған [17,167-168].

Мұндай ғажайып мұнаралардың тағы бірі – түрік еліндегі Стамбул ажары болған «Қыз күлесі». «Күле», яғни «мұнара» рөлі әпсанада былайша бейнеленген: өз заманының әлдебір беделді де бакуатты адамы туған қызының сүйіктісін менсінбей тенізге мұнаралы абақты салдырыпты. Өз баласын соған қамапты дейді. Бірақ, қамаудағы қызды су жыланы шағып өлтіреді-мыс [18].

Бұл мұнара жөнінде ел аузында сақталған әпсаналардың түрлі нұсқалары бар. Жоғарыда келтірген сюжеттен өзгеше нұсқасында бір байдың өз қызын сәуегей жорыған өлімнен құтқару үшін теніз ортасына мұнара салдырады екен [19,148-149]. Алайда қызын мұнара ішінде ұстаса да, су жыланынан қорғай алмапты». Мұнда мұнараның қол жетпес, қол жетімсіз, алынбас қамал болатынына сенген ел танымы жатыр. Бірақ о дүниенің өзіндік заны, ажал алдындағы әлсіздік, өмір мен өлімнің мәнгілік бинарлы оппозициялық жұп екендігі халық дүниетанымында қатаң сақталған. Құллі күш иесінен қорғану болса да, тағдырға жазылған ажалдан қорғанбақ жоқ.

Сонымен қатар үл секілді әпсаналар қатарында қырғыз халқындағы «Боран» мұнарасының салынуын баяндайтын көркем

тариҳты келтірге болады. Бұл сюжетте хан өз қызын сәуегейлер болжаған өлімнен құтқару үшін биік мұнара салдырғаны туралы сөз болады. Сол қол жетімсіз мұнарада қызын бәрінен қорғап, қатаң бақылауда ұстаса да, хан өз қолымен апарған жүзім толы себеттен қарақұрт шығып, қызды шағып өлтіреді. Міне, сол мұнара бүгінде де тұр. Жанынан өткен жұрт оның әсем көрінісі мен сол әсемдікті тудырған адамның қолөнер шеберлігіне тәнті болмақ [20, 709].

Қарап отырсақ, тұркі тілдес әрбір халықтың фольклоры сюжеттік тұрғыдан да, ондағы идеялық негіз бер көркемдік ойлау дәрежесі тарапынан да үндестік табады. Ең бастысы, фольклорлық туындыға арқау болатын халықтың мифологиялық нағым-сенімі бір арнадан бастау алады. Мәдениет пен дүниетаным тұрғысынан бір-бірімен ықпалдастығы айқын көрінеді. Мұнараның салыну негізі әр дәуірге лайық бір тарихи кезең мен қоғамдық-әлеуметтік ахуалға сәйкес баяндалса да, барлығында да идеялық-көркемдік қыры қыз/әйел/ана ұғымын ұлықтау болмақ. Бұдан түркілердің төл сенімі, ең ежелгі діндер қатарына кіретін тәнірліктің өзегі Ілкі Анаға табыну екені, дүниенің өте белсенді, қозғалмалы шығармашылық бастауының әйел болғаны дәйектелді. Ислам дәуірінде де әйел бейнесі қасиетті «пірлер» мен «әулиелер» қатарынан табыла білді. Сонымен қатар халық танымында «қыз» ұғымы тазалық идеялы, қорғаушы күш, береке басы тұрғысында бағаланып, сакральді сипаты мәдениетте, руханиятта, тұрмыс жағдайында маңызды орын алды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Тәбірізұлы С. Қара бура әулиенің қыздары. – Караганды. 1999. – Б.54
- 2 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Фылым, 1984. – Б.34
- 3 Фитуни А. Бакинская Девичья башня.- Известия Азкомтариса, – Баку. 1927, вып.III. – С.85
- 4 Сабзали Л.О чем молчит Гыз галасы. Девичья башня. 16 мамыр 2008 ж. <http://www.proza.ru>
- 5 Ибадоглу А. Девичья башня.-Элм ве хаят, 1978. - № 4. – С.74
- 6 Ахундов Д.О происхождении, назначении и датировке Бакинского башенного храма. Ученые труды АзПИ им.Ч.Ильдрыма. – Баку, 1974. - № 91 (серия X). – С.53
- 7 Ахундов Д. Архитектура древнего и раннесредневекового Азербайджана. Баку: Азербайджансское государственное издательство, 1986. – С.82
- 8 Сейидов М.К этимологии некоторых слов в сказании «Книга моего деда Горгуда». Известия АН Азерб.ССР. (серия литературы, языка и искусство,) 1976. - № 4. – С.26
- 9 Ураз М. Тюркская мифология. – Анкара, 1967. - С.81
- 10 Инан А. Шаманство в истории и в современности. – Анкара, 1954. – С.95

- 11 Сейидов М. Заметки об этимологическом анализе слова "Коркут" и основах этого образа. – Азербайджан, 1979. - № I. – С.71
- 12 Бурнаков В. Духи среднего мира в традиционном мировоззрении хакасов. Новосибирск: Изд-во Института Археологии и Этнографии СО РАН, 2006. – С.48
- 13 Александрович-Насыфи Дж. Девичья башня в Баку. Известия Азкомтариса, вып. III. Баку, 1927. – С.82
- 14 Ахмедов М. Семейно-бытовая тема в азербайджанских народных легендах. Дисс. на соискание учёной степени кандидата филологических наук. Баку, 1981. – С.174
- 15 Пахомов Е. Девичья башня и ее легенда. Известия Азерб. археол. комитета. Баку, 1925, вып.1. – С.96
- 16 Джидди Г. Девушки и Девичьи башни. Улдуз, 1968. - № 8. – С.69
- 17 Толстов С. Древний Хорезм. Москва: изд-во МГУ, 1948. – С.82
- 18 ӘубәкіР А. Тарих тұнған Түрік елі. 2 қазан 2014. <http://www.turkystan.kz/>
- 19 Sakaoğlu S. 101 Anadolu Efsanesi, Ankara: Akçağ Yayınlari, 2003.
- 20 Манас и его наследники. Киргизская литература с древнейших времен. Составитель: Колесников Евгений. – Москва: Культура Евразии, 2009. – С.82

#### Резюме

Объектом исследования являются топонимические легенды тюркских народов, связанные с Девичьими башнями. На основе фольклорных сюжетов в статье анализируется образ девушки/женщины, а также общность сюжетов и мотивов.

#### Resume

The object of the study is toponymic legends Turkic peoples related to the Maiden Tower. On the basis of folk stories in the article the image of the girl/woman, as well as common themes and motifs is analyzed.

УДК 343.43

## К ВОПРОСУ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ ПО РИМСКОМУ ПРАВУ

**А.Ш. АККУЛЕВ**

кандидат юридических наук, доцент кафедры  
юридических дисциплин,  
Евразийский гуманитарный институт

**Е.А. МАЗОВ**

заместитель директора  
Центра современного права

### **Аннотация**

Статья посвящена исследованию вопросов уголовной ответственности юридических лиц по римскому праву. На основе анализа научной литературы, точек зрения различных ученых - правоведов авторы рассматривают отдельные вопросы уголовной ответственности юридических лиц по римскому праву.

*Ключевые слова:* римское право, уголовное право, гражданское право, юридические лица.

Рассматривая вопросы римского права, следует согласиться с авторами, которые подчеркивают, что в римском праве не существовало в современном понимании - «Гражданского и Уголовного Права, этих двух главнейших отраслей Юридической жизни» [1, с.18].

Однако следует признать, что римское право выступило прародителем, оказало самое непосредственное и существенное влияние на развитие гражданского права, не оказав вместе с тем, должного влияния на развитие уголовного права, в том числе в вопросе уголовной ответственности юридических лиц.

Как отмечает Будзинский Н.: «Сочинения римскихъ философовъ и юристовъ заключаютъ въ себе только отдельные сентенции, не составляющие материала для построения систематического воззрения на уголовное право. Карательная власть

общества казалась им такъ очевидною и естественною, что они и не думали даже о необходимости изыскания ея началъ и пределовъ» [2, с.12].

По замечанию Александрова В. - «Уголовное право римского народа не может выдержать сравнения в научном достоинстве с римским гражданским правом. Тем не менее оно заключает в себе блестательные проблески римского остроумия и здравого рассудка. Уголовное право, каким оно является нам в Юстиниановом Праве, не есть законодательство одного и того же отлива. Оно заключает в себе смесь определений, скопившихся из различных периодов, а потому и проникнутых весьма часто противоположным духом. В нем нет внутреннего единства. Между бесчисленными отрывками различных времен выдвигаются особенно резко три большие массы, и именно: законодательство Суллы, Цезаря и Августа.

Нигде не положено в основание общих принципов, с целью выводить из них отдельные частности. Общие положения встречаются только случайно при определении наказаний за то или другое отдельное преступление, точно также как и порядок судопроизводства определялся особо в каждом отдельном законе, запрещавшем то или другое деяние. При таком положении дел невозможно придерживаться того взгляда, чтобы уголовное право римлян следовало какой-нибудь определенной уголовной теории. В различных местах его законов высказываются различные цели наказания, так что законодателю и в голову не приходило позаботиться об уничтожении противоречия и приискании какого-нибудь общего начала [3, с.90-91]».

В части касающейся вопроса уголовной ответственности юридических лиц, то представляется интересным высказывание Александрова В., который указывал, что - «Римской истории нередко встречаются примеры строгого обращения с городскими общинами. Самый разительный пример представляет гонение города Капуя, который во время второй Пунической войны отпал от Рима: когда он вновь был завоеван, то были умерщвлены знатнейшие граждане и отнята была у города всякая тень самоуправления. Но очевидно, это был чисто политический акт, в котором не было и тени юридической, и в котором, стало быть, и речи не могло быть об уголовной вменяемости» [4, с.107-112].

Однако, определенные рассуждения возможности привлечения к уголовной ответственности «юридических лиц» все же имеют место в римском праве, о чём указывают ряд авторов - «Так Ульпиян, задавшись вопросом можно ли предъявить *actionem de dolo* против муниципий, дает отрицательный ответ: *quid enim municipes*

dolo facere possunt? (L. 15 § 1 D. 4, 3 ср. Nov. Major, tit. VII § 11 ed. Haenel p. 320). Но совсем иной вопрос: насколько юридические лица отвечают из правонарушений своих представителей или членов. Юрист Помпоний в одном месте (L. 4 D. 43, 16) говорит, что если будет совершен деликт от имени муниципии, то последняя ответственна, насколько получила прибыль путем правонарушения своих представителей (*quid ad eum pervenit*). Очевидно, о способности юридических лиц совершать деликты тут и речи нет. Равно и в другом фрагменте (L. 9 § 1 D. 4, 2) говорится лишь о том, что несколько лиц случайно соединенные в коллегию могут подобно отдельным лицам (*personae singulares*) совершать, *delictum*, но об иске по деликту против самой коллегии тут нет и речи (Puchta. Kleine Schriften p. 606 п.)» [5, с.29-30;6, с.120].

В целом, как отмечают авторы: «Понятие юридического лица прошло длинный путь развития. Процесс его образования своими корнями уходит в римское право. Однако юридическое лицо не получило в римском праве значительного развития. Несмотря на широкое развитие внешней торговли и ростовщичества, в основе римского хозяйства, как общества рабовладельческого, лежало натуральное производство. Понятие юридического лица зародилось в отношении городских общин, муниципий, имущество которых постепенно было обособлено, выделено в самостоятельную единицу, в связи с чем муниципии стали трактоваться как субъекты права. Затем это понятие было перенесено и на некоторые другие организации» [5, с.121].

Относительно разработанности уголовного права в общем, то здесь следует подчеркнуть, что детальные исследования в области уголовного права начались только, если можно сказать, в современный период развития человечества в XVIII-XIX в.в. Как отмечает Г.С. Фельдштейн: «В общем итоге мы должны констатировать, что XVIII век в истории науки уголовного права является эпохой, когда исчезает первобытное однообразие, характеризующее более ранние моменты истории уголовно-правовой мысли. Под влиянием усложнения жизни и стремления ответить на ее запросы мы наблюдаем и более интенсивное, хотя и не особенно глубокое заимствование западных учений, придающих этому периоду типическую окраску. В общем рисуется картина значительного напряжения наличных сил, направленного не на разрешение соответственных вопросов, но на получение готовых решений. В конце XVIII века люди становятся лицом к лицу с потребностью создания научной догмы уголовного права. Для этого дела накапливается материал, группируются возможные

конструкции, годные в большей или меньшей степени дать устойчивые начала для разрешения очередной задачи. Самое осуществление этого выпадает, однако, на долю другого периода, когда появляются другие исполнители, не только пользующиеся полученным наследием, но накопляющие новые материалы и создающие новые ценности в области научного мышления [7, с. 100]».

Аналогичное мнение высказывал А.А. Пионтковский, который отмечал, что: «быстрый рост уголовно-правовой литературы начинается с XIX столетия. С начала этого столетия и до наших дней включительно напряженно работает уголовно-правовая мысль во всех направлениях. Благодаря этой работе, догматическая разработка уголовно-правовых вопросов достигает широких размеров и выливается в стройную, логически законченную систему» [8, с. 28]. Такое положение дел подчеркивает и Немировский Э.Я., который указывает, что - «Наука уголовного права достигает полного расцвета только в XIX веке» [9, с.7].

Иными словами, вопрос уголовной ответственности юридических лиц в современном понимании проблемы в римском праве, естественно, не рассматривался в силу неразработанности в нем не только общей теории уголовного права, но и полного отсутствия осознания рассматриваемой проблематики в целом.

#### Список литературы

- 1 Крылов Н. Об историческом значении римского права в области наук юридических. Речь, произнесенная в торжественном собрании императорского Московского Университета. М.: В Университетской типографии. 1838. - 67 с.
- 2 Будзинский С. Начала уголовного права. В.: 1870. [WWW-документ] // URL: <http://allpravo.ru>.
- 3 Бернер А. Ф. Учебник уголовного права: Т. 1. Часть общая. С прим., прил. и доп. по истории рус. права и законодательству положит. магистра уголов. права Н. Неклюдова; Пер. и изд. Н. Неклюдова. - Спб.: Б. и., 1865. - 916, VIII, XVIII с.
- 4 Александров В. Учение о лицах юридических, по началам науки. М.: В Университетской типографии (Катков и Ко), 1985. – 162 с.
- 5 Из курса лекций по римскому праву. Юридические лица. Условия. Д.И.Азаревич. стр.1-84 // Временник Демидовского лицея. Книга 28. Ярославль. В типографиях: Губернского Правления, Земской Управы и Г.Фальк в Ярославле. 1882. – 490 с.
- 6 Азаревич Д.И. Система Римского права. Университетский курс. Т. I. С.-ПЕТЕРБУРГ: Типография А. С. Суворина. Эртельев пер., д. 11—2. 1887. – 487 с.
- 7 Фельдштейн Г.С. Главные течения в истории науки уголовного права в России. - Ярославль, 1909. - 367 с., репринтная копия.
- 8 Пионтковский А.А. Уголовное право. Часть Общая. Казань, Изд-во Казанского ун-та, 1913. 130 с.

9 Немировский Э.Я. Учебник уголовного права. Общая часть. Издание акционерного Южно-Русского общества печатного дела. Одесса. 1919 с. 379

### Түйін

Макала заңды тұлғалардың рим құқығы бойынша қылмыстық жауапкерлік мәселелерін зерттеуге арналған. Авторлар ғылыми әдебиеттерді зерттеу, түрлі құқықтанушы ғалымдардың пікірлері негізінде заңды тұлғалардың рим құқығы бойынша қылмыстық жауапкершілігінің жекелеген мәселелерін қарастырады.

### Resume

The article is devoted to the investigation of the issues of criminal liability of legal entities under the Roman law. Based on the analysis of scientific literature, the points of view of various legal scholars the authors consider separate issues of criminal liability of legal persons under the Roman law.